

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

ӘОЖ 579.64 (043)

Қолжазба құқығында

**МӘЛІК АЖАР МӘЛІКҚЫЗЫ**

**«Тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақтарды  
биоремедиациялауда деструктор микроорганизмдерді қолдану  
технологиясын жасау»**

8D05105 – Биотехнология

Философия докторы (PhD)

дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:  
б.ғ.к., доцент Абдиева Г.Ж.

Шетелдік ғылыми кеңесші:  
профессор Темиз Артманн А.

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2024

## МАЗМҰНЫ

	<b>КІРІСПЕ</b>	5
<b>1</b>	<b>ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ</b>	11
1.1	Тұрақты органикалық қосылыстардың химиялық құрамы, хлорорганикалық пестицидтердің классификациясы	11
1.2	Қазақстан Республикасының қоршаған орта объектілерінің тұрақты органикалық қосылыстармен ластану мәселелері және қоршаған ортаға әсері	24
1.3	Тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған қоршаған ортаны биоремедиациялауда микроорганизмдер және микробтық консорциумдарды қолдану	30
<b>2</b>	<b>ЗЕРТТЕУ ОБЪЕКТІЛЕРІ, МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ</b>	45
2.1	Зерттеу объектілері	45
2.2	Зерттеу материалдары	46
2.3	Зерттеу әдістері	47
2.3.1	Тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақ үлгілерін химиялық талдау әдісі	47
2.3.2	Пестицидтермен ластанған топырақ үлгілерінің микробтық алуантүрлілігін метагеномды талдау және микробиологиялық зерттеу әдісі	49
2.3.3	Таза дақылдардың морфология – культуральдық, физиология-биохимиялық, молекулалық - генетикалық қасиеттерін зерттеу және идентификациялау әдістері	51
2.3.4	Перспективті штамдардың деструктивті белсенділігінің механизмдерін зерттеу және деструктор –штамдарға скрининг жүргізу әдісі	54
2.3.4.1	Штамм-деструкторлардың ферментативті белсенділігін анықтау әдісі	55
2.3.5	Перспективті штамм-деструкторлардың биосәйкестігін зерттеу және консорциум құру әдісі	56
2.3.5.1	Штамм-деструкторлардың хлорорганикалық пестицидтерді ыдырату дәрежесін масс-спектрометриялық детекторы бар газды – сұйық хроматография әдісімен анықтау	57
2.3.5.2	Штамм – деструкторлардың хлорорганикалық пестицидтерді ыдырату белсенділігін модельді тәжірибиелерде зерттеу әдісі	58
2.3.5.3	Штамм-деструкторлардың пестицидтер қатысында функциональдық топтарын ИҚ-Фурье спектрометрі ALPHA II әдісімен анықтау	59
2.3.6	Тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақты штамм-деструкторлар консорциумы негізінде биоремедиациялау технологиясын жасау әдісі	60
2.4	Тәжірибе нәтижелерін статистикалық өңдеу	60

<b>3</b>	<b>ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТАЛҚЫЛАУ</b>	
3.1	Тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақ үлгілеріне мониторинг	61
3.2	Пестицидтермен ластанған топырақ үлгілерінің микробтық алуантүрлілігі	68
3.3	Микроорганизмдердің морфология – культуральдық, физиология-биохимиялық қасиеттері және молекулалық - генетикалық идентификациясы	89
3.4	Перспективті штамдардың хлорорганикалық пестицидтер қатысындағы деструктивтік белсенділігі және деструктор – штамдардың скринингі	111
3.4.1	Деструктор – штамдардың ферментативті белсенділігі	116
3.5	Перспективті штамм – деструкторлардың биосәйкестігі және микробтық консорциум құру	120
3.5.1	Деструктор – штамдардың хлорорганикалық пестицидтерді ыдырату белсенділігі	123
3.5.2	Модельді тәжірибиелерде штамм – деструкторлардың хлорорганикалық пестицидтерді ыдырату белсенділігі	132
3.5.3	Деструктор-штамдардың функциональдық топтарын анықтау	141
3.6	Тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақты штамм - деструкторлар консорциумы негізінде биоремедиациялау технологиясын жасау	145
	<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b>	147
	<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b>	149
	<b>ҚОСЫМША А</b>	169
	<b>ҚОСЫМША Ә</b>	171

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

<b>ДДТ</b>	4,4'-дихлордифенилтрихлорметилметан
<b>ДДЭ</b>	дихлордифенилэтилен
<b>ГХЦГ</b>	1,2,3,4,5,6-гексахлорциклогексан
<b>ТОҚ</b>	Тұрақты органикалық қосылыстар
<b>ХОП</b>	хлорорганикалық пестицидтер
<b>ХОҚ</b>	хлорорганикалық қосылыстар
<b>2,4-Д</b>	2,4-дихлорфеноксиацет қышқылы
<b>СД50</b>	сынақ тобындағы дарақтардың 50%-ның летальді дозасы
<b>МРД</b>	максималды рұқсат етілген деңгей
<b>ШРК</b>	шекті рұқсат етілетін концентрация
<b>РТД</b>	рұқсат етілген тәуліктік доза
<b>УРТД</b>	уақытша рұқсат етілген тәуліктік доза
<b>КТБ</b>	колония түзуші бірлік
<b>ТТФ</b>	трифенилформаза
<b>ТТХ</b>	2,3,5-трифенил тетразолий хлориді

## КІРІСПЕ

### **Жұмыстың жалпы сипаттамасы**

Диссертациялық жұмыс Алматы облысы, Талғар ауданының елді-мекендерінің тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақ үлгілерінің микробтық алуантүрлілігі және деструктор-микроорганизмдердің скринингі, сонымен қатар ластанған топырақтарды биоремедиациялауда штамм-деструкторлар негізінде консорциум құрастыруға арналған.

### **Тақырыптың өзектілігі**

Қазіргі уақытта қоршаған орта объектілерінің тұрақты органикалық қосылыстармен кең ауқымды ластануы экологиялық маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Қазақстанда және ТМД-ға іргелес елдерде соңғы 30 жыл ішінде химиялық қосылыстардың әртүрлі кластарына жататын 700-ден астам пестицидтер қолданылды. 2013–2022 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтердің шамамен 1021 түрі тіркелген, жыл сайын пестицидтердің тізімі 15–20 жаңа препараттарымен толықтырылады. Ауылшаруашылығында инсектицидтер, фунгицидтер және гербицидтер ретінде көп жағдайда хлорорганикалық пестицидтер қолданылады [1-3].

Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы (БҰҰДБ)/ Ғаламдық Қоршаған Ортақ Қоры (ГҚОК) «Қазақстан Республикасына тұрақты органикалық қосылыстар туралы Стокгольм конвенциясы бойынша міндеттемелерді орындауға алғашқы көмек көрсету» жобасы аясында Қазақстанда тұрақты органикалық қосылыстарға алдын ала инвентаризация жүргізу нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының аумағында пестицидтер сақталған 727 қойма және 15 көму орындары бар [4].

Тұрақты органикалық қосылыстар қоршаған ортада ұзақ уақыт сақталатын және жартылай ыдырау механизміне байланысты, қоректік тізбек арқылы адам денсаулығына кері әсері ететін ксенобиотиктер. Қазіргі таңда 20-дан астам хлорорганикалық пестицидтер тұрақты органикалық қосылыстардың тізіміне енгізілген [5]. Пестицидтердің адам және жануарлар организміне әсерін зерттеу нәтижелері бойынша репродуктивті бұзылулар, туа біткен аномалиялық ақаулар және патологиялық өзгерістер, иммундық жүйенің дисфункциясы, неврологиялық аурулар және қатерлі ісіктер дамидының көрсетілген. Соңғы жылдары тұрақты органикалық ластағыштардың қоршаған ортада кең таралуы мен тұрақтылығы, жоғары биоаккумуляциялану потенциалы, биологиялық зиянды әсерлеріне халықаралық деңгейде назар аударылып отыр.

Қоршаған орта объектілерін тұрақты органикалық ластағыштардан тазартуда микроорганизмдердің деструктивтік қасиетіне негізделген биоремедиация әдісінің маңызы жоғары. Ластанған топырақтарды биоремедиациялауда микроорганизмдердің алуантүрлілігіне негізделген микробиологиялық деструкция экологиялық таза және экономикалық тиімді әдістердің бірі болып табылады. Деструктор – микроорганизмдердің метаболиттік механизмдері қоршаған орта факторларына жоғары бейімділуге, қолайсыз жағдайларға төзімділікке және ферментативтік белсенділігі әсерінен

тұрақты органикалық қосылыстарды салыстырмалы түрде токсинділігі төмен қосылыстарға айналдыруға қабілетті.

Сондықтан, пестицидтермен ластанған топырақтардың микробиоценозын, деструктор – микроорганизмдердің физиологиялық, биохимиялық, генетикалық аспектілерін және тұрақты органикалық қосылыстарды биотрансформациялау механизмдерін зерттеу өзекті болып табылады.

#### **Зерттеу жұмысының мақсаты:**

Тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақтардың микробтық алуантүрлілігін зерттеу, перспективті деструктор – микроорганизмдердің скринингін жүргізу және ластанған топырақтарды биоремедиациялауда деструктор – микроорганизмдердің консорциумын қолдану технологиялық сызбасын жасау.

#### **Зерттеу міндеттері:**

1. Алматы облысы, Талғар ауданының тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақтарға химиялық талдау жасау;

2. Топырақ микробиоценозын Illumina's MiSeq NGS system метагеномды талдау және микробиологиялық зерттеу, аборигенді микроорганизмдердің таза дақылдарын бөліп алу;

3. Бөлініп алынған штамдардың морфология – культуральдық, физиология-биохимиялық қасиеттерін зерттеу және молекулалық-генетикалық идентификациялау;

4. Перспективті штамдардың деструктивті белсенділігінің механизмдерін зерттеу және деструктор – штамдарға скрининг жүргізу;

5. Деструктор – штамдардың биосәйкестігі негізінде консорциум құру және хлорорганикалық пестицидтерді ыдырату дәрежесін анықтау;

6. Штамм – деструкторлардың хлорорганикалық пестицидтерді ыдырату белсенділігін модельді тәжірибиелерде зерттеу. Тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақты штамм-деструкторлар консорциумы негізінде биоремедиациялаудың технологиялық сызбасын жасау.

#### **Зерттеу объектілері**

Зерттеу жұмысының объектілері ретінде пестицидтермен ластанған Алматы облысы, Талғар ауданының Қызылқайрат, Бесқайнар, Амангелді №1, Амангелді №2, Белбұлақ, Басшы елді – мекендерінің топырақ үлгілері және осы үлгілерден бөлініп алынған микроорганизмдердің таза дақылдары қолданылды.

#### **Зерттеу әдістері**

Диссертациялық жұмыс барысында тәжірибелер зертханалық жағдайда химиялық талдаудың Agilent Technologies 6890N газды хроматографиялық әдісі, заманауи Illumina's MiSeq NGS system метагеномды талдау, дәстүрлі микробиологиялық әдістер, молекулалық – генетикалық, сканерлеуші электронды микроскопиялық (СЭМ), флуоресцентті спектроскопия, ИҚ-Фурье спектрометрі ALPHA II әдістерін қолдана отырып жүргізілді.

#### **Зерттеудің ғылыми жаңалығы**

Алғаш рет Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Талғар ауданының Қызылқайрат, Бесқайнар, Амангелді №1, Амангелді №2, Белбұлақ елді – мекендерінің тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақ

үлгілерінің микробтық алуантүрлілігін микробиологиялық дәстүрлі және заманауи MiSeq NGS Illumina метагеномды талдау нәтижесінде, үлгілерде *Proteobacteria*, *Actinobacteria*, *Bacteroidetes*, *Acidobacteria*, *Planctomycetes*, *Chloroflexi*, *Gemmatimonadates*, *Saccharibacteria*, *Firmicutes*, *Verrucomicrobia* бактерия филумдары (типтері) басым екендігі және *Bacillus*, *Pseudomonas* туысының өкілдері 68-80% кездесетіндігі анықталды.

Зерттеу жұмысында тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақ үлгілерінен 40 штамм бөлініп алынып, олардың морфология – культуральдық, физиология-биохимиялық және деструктивті қасиеттері зерттеліп, белсенді 10 штамм іріктеліп алынды. *Pseudomonas plecoglossicida* K2, *Bacillus aryabhatai* K3, *Solibacillus isronensis* KS1, *Pseudomonas sp.* KS2, *Bacillus pumilus* B1, *Bacillus amyloliquefaciens* B2, *Bacillus subtilis* AK5, *Pseudomonas koreensis* AK1, *Bacillus megaterium* ASI, *Bacillus paramycoides* SAI деструктор-штамдары түрге дейін идентификацияланып, оларға филогенетикалық талдау жасалынды.

Перспективті штамдардың деструктивті белсенділігінің механизмдері олардың ферментативтік қасиетіне негізделеді және деструктор – штамдардың хлорорганикалық пестицидтерді ыдыратуға қабілетті протеаза, лакказа, каталаза, целлюлаза, дегидрогеназа ферменттерін түзетіндігіні дәлелденді.

Тұрақты органикалық қосылыстарды ыдыратудың тиімділігін жоғарылату мақсатында перспективті штамдар негізінде консорциумдар құрастырылды. Хлорорганикалық пестицидтерді *Pseudomonas plecoglossicida* K2 + *Bacillus aryabhatai* K3 консорциумы 69%, ал *Bacillus pumilus* B1 + *Bacillus amyloliquefaciens* B2 консорциумы 78% ыдыратындығы анықталды. Зерттеу нәтижелерінде перспективті штамдар тұрақты органикалық қосылыстарды алициклді қосылыстар циклоалкандарға (-CH<sub>2</sub>), ароматты гетероциклді қосылыстарға (C=C, COO-) және алифатты қосылыстардың ішінде алкан тобының бөлігі алкил топтарына дейін (-CH<sub>3</sub> және -CH<sub>2</sub>) ыдыратуға қабілетті екені байқалды.

Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер бойынша тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақтарды биоремедиациялауда деструктор - штамдарға негізделген консорциумдарды қолдану технологиясының сызба нұсқасы ұсынылды.

#### **Жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығы**

Деструктивті қасиеттері бойынша іріктеліп алынған деструктор – штамдар *Pseudomonas plecoglossicida* K2 (OK217230), *Bacillus aryabhatai* K3 (MW866565), *Solibacillus isronensis* KS1 (OK236011), *Pseudomonas sp.* KS2 (OL348382), *Bacillus pumilus* B1 (OL348383), *Bacillus amyloliquefaciens* B2 (OL348394), *Bacillus subtilis* AK5 (MW866566), *Pseudomonas koreensis* AK1 (OL348403), *Bacillus megaterium* ASI (OL348404), *Bacillus paramycoides* SAI (OL348439) түрге дейін идентификацияланды, Genbank Ұлттық биотехнологиялық ақпарат орталығы (NCBI) дерекқорында тіркелді. Зерттеу жұмыстарына қолдану үшін идентификацияланған жаңа штамдар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің қолданбалы микробиология зертханасының коллекциясына енгізілді.

Жұмыста алынған деструктор-штамдар негізіндегі консорциумдардың деструктивтік белсенділіктері модельді тәжірбиелерде зерттелініп, консорциум штамдары *Pseudomonas plecoglossicida* K2 + *Bacillus aryabhatai* K3 83%, *Bacillus pumilus* B1 + *Bacillus amyloliquefaciens* B2 хлорорганикалық пестицидтерді 86% ыдырататындығы анықталды. Пестицидтермен ластанған топырақтарда бидай тұқымдарының өну белсенділігі моно штамдарда *Bacillus aryabhatai* K3 бар нұсқаларда жалпы 67-83% - ға, ал *Pseudomonas plecoglossicida* K2 + *Bacillus aryabhatai* K3 консорциум штамдары бар нұсқаларда 82 – 88%, *Bacillus pumilus* B1 + *Bacillus amyloliquefaciens* B2 консорциум нұсқаларында 87 – 94%- ға артқаны байқалады.

Тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақ үлгілерінен перспективті деструктор – микрооогаанизмдер іріктеліп алынып, деструктивті қасиеттері зерттелді және «Пестицидтерді микробиологиялық деструкциялау тәсілі», (№ 34115, 09.01.2020 ж.), «Органохлорлы пестицидтерді микробиологиялық жою тәсілі» (№ 7731, 13.01.2023ж.) патенттері алынды. Тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақтарды биоремедиациялауда деструктор - штамдар негізінде консорциумдар ұсынылды.

Зерттеу жұмысында алынған нәтижелерді жоғарғы оқу орындарында студенттер мен магистранттарға, докторанттарға теориялық және практикалық курстарда оқу материал ретінде пайдалануға болады.

#### **Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар**

1. Алматы облысы, Талғар ауданының тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақ үлгілерінде 4,4-ДДЭ, 4,4-ДДТ, α-ГХЦГ, β-ГХЦГ және γ-ГХЦГ хлорорганикалық пестицидтердің мөлшері жоғары болды. Хлорорганикалық пестицидтердің концентрациясы сәйкесінше зерттеуге алынған топырақ үлгілерінде Қызылқайрат - 121,054, Бесқайнар - 47,334, Амангелді №1 - 5382, Амангелді №2 - 1032, Белбұлақ - 1025, Басшы – 146 мкг/кг<sup>-1</sup> мөлшерінде болды.

2. Тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақ үлгілерінде *Proteobacteria*, *Actinobacteria*, *Bacteroidetes*, *Acidobacteria*, *Planctomycetes*, *Chloroflexi*, *Gemmatimonadates*, *Saccharibacteria*, *Firmicutes*, *Verrucomicrobia* бактерия филумдары (тип) басым болды және *Bacillus*, *Pseudomonas* туысының өкілдері 68-80% кездесті.

3. Белсенді деструктор-штамдар *Pseudomonas plecoglossicida* K2 (OK217230), *Bacillus aryabhatai* K3 (MW866565), *Solibacillus isronensis* KS1 (OK236011), *Pseudomonas sp.* KS2 (OL348382), *Bacillus pumilus* B1 (OL348383), *Bacillus amyloliquefaciens* B2 (OL348394), *Bacillus subtilis* AK5 (MW866566), *Pseudomonas koreensis* AK1 (OL348403), *Bacillus megaterium* AS1 (OL348404), *Bacillus paramycoides* SA1 (OL348439) түрге дейін идентификацияланды және NCBI дерекқорына тіркелді.

4. Перспективті штамдардың хлорорганикалық пестицидтерді ыдырату белсенділігін протеаза, лакказа, каталаза, целлюлаза, дегидрогеназа ферменттері қамтамасыз етеді.

5. Деструктор – штамдардың биосәйкестігі негізінде 2 консорциум құрастырылды. *Pseudomonas plecoglossicida* K2 + *Bacillus aryabhatai* K3

консорциумы хлорорганикалық пестицидтерді 84% және *Bacillus pumilus B1* + *Bacillus amyloliquefaciens B2* консорциумы 86% биодеградациялады.

### **Жұмыстың ғылыми зерттеу бағдарламасымен байланыстылығы**

Диссертациялық жұмыс ИРН BR05236379 Жалпы генетика және цитология институты бағдарламасы барысында «Қолданылмайтын және тыйым салынған пестицидтердің Алматы облысы тұрғындарының генетикалық жағдайы мен денсаулығына әсерін кешенді бағалау: пестицидтер көмілген жерлерге іргелес аумақтың микробтық алуантүрлілігін анықтау, скрининг жүргізу, деструктор - микроорганизмдерді бөліп алу» жобасының аясында жасалды.

### **Қорғауға ұсынылатын ғылыми жұмыс нәтижелерінің жасақталуына қосқан диссертанттың жеке үлесі**

Зерттеу жұмысының нәтижелері, әдеби деректерге шолу, жұмыстың мақсат-міндеттерін анықтау, тәжірибелік зерттеулерді жүргізу және алынған нәтижелерді талдау, статистикалық өңдеу автордың жеке қатысуымен орындалды.

**Диссертациялық жұмыстың апробациясы:** Диссертация жұмысының негізгі қағидалары және зерттеу нәтижелері төмендегідей халықаралық ғылыми конференциялар мен симпозиумдарда баяндалды және талқыланды:

1. The 2<sup>nd</sup> International Conference on Renewable Energy and Environment Engineering (30<sup>th</sup> October 2019);

2. The international scientific conference of young scientists «Fundamental research and innovations in molecular biology, biotechnology, biochemistry» dedicated to the 80th anniversary of academician Murat Aitkhozhin (28-29<sup>th</sup> November 2019);

3. VII Халықаралық Фараби оқулары, «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конференция (Алматы, 6-9 сәуір 2020 ж.);

4. Annali d'Italia Scientific Journal of Italy, 2020;

5. II Международное книжное издание стран Содружества Независимых Государств «Лучшие молодые ученые – 2020» (Астана, Казахстан, 28 сентябрь 2020);

6. VIII Халықаралық Фараби оқулары, «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конференция (Алматы, 6-8 сәуір 2021 ж.);

7. The International scientific and practical conference "Modern problems of biotechnology: from the laboratory researches to production", (4-5 June, 2021, Almaty, Kazakhstan);

8. IX Халықаралық Фараби оқулары, «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конференция (Алматы, 6-8 сәуір 2022 ж.);

9. X Халықаралық Фараби оқулары, «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конференция (Алматы, 6-8 сәуір 2023 ж.);

**Басылымдар.** Диссертациялық жұмыста алынған материалдар баспадан шыққан 27 ғылыми еңбектерде жарияланды, соның ішінде резенцияланатын шетелдік ғылыми басылымдарда – 2 мақала; *Web of Science* және *Scopus* деректер қорларында индекстелетін, нөлдік емес импакт-факторы бар Q2 квартильге енгізілген халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы – 1 мақала;

*Web of Science және Scopus* деректер қорларында индекстелген CiteScore бойынша пайыздық көрсеткіші кемінде 25 болатын халықаралық ғылыми конференцияда – 1 мақала; Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған республикалық ғылыми басылымдарда – 4 мақала; Халықаралық конференциялар материалдарында – 13 тезис жарияланды. Диссертациялық жұмыс нәтижелері бойынша өнертабысқа ресми сараптамадан өткен, Қазақстан Республикасының 2 патенті және 2 авторлық куәлігі алынды.

**Диссертацияның құрылымы.** Диссертация 172 беттен, белгілеулер мен қысқартулар, кіріспе, әдебиеттерге шолу, зерттеу объектілері, материалдары мен әдістері, зерттеу нәтижелері мен талқылау, қорытынды бөлімдерінен, 268 пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, 9 кестеден, 53 суреттен тұрады.

# 1 ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ

## 1.1 Тұрақты органикалық қосылыстардың химиялық құрамы, хлорорганикалық пестицидтердің классификациясы

Тұрақты органикалық қосылыстар – қоршаған ортадағы ыдырау процестеріне төзімді улы органикалық қосылыстар болып табылады. Тұрақты органикалық қосылыстар әртүрлі физика-химиялық қасиеттері мен токсиндік әсері бар химиялық қосылыстардың үлкен тобын қамтиды [6].

Тұрақты органикалық қосылыстардың қолданылуы және өндірісін тоқтату, жою мақсатында Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған Орта Жөніндегі Бағдарламасы (ЮНЕП) Тұрақты органикалық қосылыстар туралы әлемдік келісім шартқа сәйкес, Стокгольм конвенциясын ратификациялау туралы заң 2004 жылы мамыр айынан бастап, 150 мемлекеттен аса елдерде ұсынылды [7].

Қазақстан Республикасында Тұрақты органикалық қосылыстарды пайдалану туралы заң, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесіне сәйкес 2007 жылғы 7 маусымдағы N 259 Заңы бойынша бекітілді [8].

Бастапқы тұрақты органикалық қосылыстар Стокгольм конвенциясында 2001 жылдан белгілі, соның ішінде жиі қолданылатын өндірістік пестицидтер қатарына: альдрин, хлордан, ДДТ, дильдрин, эндрин, гептахлор, гексахлорбензол, мирекс, токсафен, полихлорлы дифенилдер (ПХБ), полихлорлы дибензо-п-диоксиндер (ПХДД) және полихлорлы дибензофурандар (ПХДФ) жатады. 2009 жылдан бастап Стокгольм конвенциясына жаңа 13 тұрақты органикалық ластағыштардың тізімі қосылып жаңартылды: хлордекон, альфа-гексахлорциклогексан, бета-гексахлорциклогексан, гексабромдифенил, гексабромдифенил және гептабромдифенил эфирлері, ліндан, пентахлорбензол, перфтороктанды сульфон қышқылы және оның тұздары, перфтороктанды сульфонилфторид, және тетрабромдифенил, пентабромдифенил эфирлері [9-11].

Химиялық құрамы бойынша пестицидтердің құрамы 4 топқа жіктеледі. Оларға хлорорганикалық қосылыстар, фосфорорганикалық қосылыстар, карбаматтар, және пиретриндер мен пиретроидтар жатады (Сурет 1) [12].



Сурет 1. Тұрақты органикалық қосылыстардың химиялық құрамы бойынша классификациясы, (Carla Maria Raffa and Fulvia Chiampo. Bioremediation of Agricultural Soils Polluted with Pesticides // 2021 Bioengineering (Basel))

Хлорорганикалық пестицидтер химиялық құрылымы бойынша хлор атомымен ковалентті байланысқан көмірсутек тізбектерінен тұратын органикалық қосылыстар болып табылады. Ауыл шаруашылығында жәндіктердің көптеген түрлерімен күресу үшін инсектицидтер ретінде қолданылады. 1 – суретте көрсетілгендей ең көп таралған хлорорганикалық қосылыстарға: дихлордифенилтрихлорэтан (ДДТ), дихлордифенилдихлорэтан (ДДД), дикофол, диэдрин, линдан, алдрин, хлордан, эндосульфан, изодрин, изобензан, токсафен және хлоропропилат жатады [13].

Органофосфаттар немесе фосфорорганикалық қосылыстар синтетикалық пестицидтер болып табылады, олардың құрамына фосфор қышқылының күрделі эфирлері немесе тиофосфор қышқылының күрделі эфирлері кіреді. Гексаэтилтетрафосфат (ГТФ) ең алға ауылшаруашылық инсектицидтер ретінде пайдаланылған фосфорорганикалық пестицидтер класы болып табылады.













Карбаматтар - карбамин қышқылынан алынған қосылыстар, химиялық құрылымы күрделі эфир тобымен байланысқан амин тобымен сипатталады. Әдетте  $R_1$  және  $R_2$  органикалық радикалдар немесе сутегі топтарынан тұрады. Егер  $R_2$  сутегі тобынан тұратын болса,  $R_1$  функционалдық тобын ескере отырып, қолдану мақсатын түсінуге болады [14]. Мысалы: инсектицидтер ретінде,

R<sub>1</sub> метил тобы болғанда, гербицидтер, R<sub>1</sub> хош иісті топ болған кезде, R<sub>1</sub> бензимидазол бөлігі болған кезде фунгицидтер ретінде қолданылады.

Пиретриндер және пиретроидтер. Пиретриндер - табиғи инсектицидтер, олардың белсенді түрі *Tanacetum cinerariaefolium* (*Chrysanthemum cinerariaefolium* немесе *Pyrethrum cinerariaefolium*) деп аталатын гүлдерінен алынады. Химиялық құрылымы бойынша белсенді компоненттері 2,2-диметил-3-(2-метил-л-пропенил)-1-циклопропанкарбон қышқылының (хризантемин қышқылы) және 3-(2-метоксикарбонил-1-пропенил)-2,2- күрделі эфирлері болып табылатын диметил-л-циклопропанкарбон қышқылынан (пиретр қышқылы) тұрады.

Қазіргі таңда Стокгольм конвенциясына 20 тұрақты органикалық ластағыштардың тізімі көрсетілген (сурет 2). Басқа да белсенді тұрақты органикалық қосылыстардың тізіміне қысқа тізбекті хлорланған парафиндер, хлорирнафталин, гексахлорбутadiен және пентахлорфенол кіреді. Сонымен қатар, тұрақты органикалық қосылыстарға қоршаған ортада кең таралған және жоғары токсинді полициклді ароматты көмірсулар (РАНs) және бромдалған антипирендер, металорганикалық қосылыстар жатады [15 – 17].

### 2001 ж. қосылған ТОҚ, (лас дюжина)

			
Альдрин	Хлордан	Дидьдрин	Эндрин
			
Гептахлор	Гексахлорбензол	Мирекс	Токсафен
			
Полихлорланған дифенилдер, ПХД	ДДТ	Диоксин	Полихлорланған дибензофуран

## 2009 ж. қосылған ТОҚ

α-ГХЦГ	β-ГХЦГ	γ-ГХЦГ	Хлордекон
Гексабромбифенил	Гексабромбифенил эфир Неха-BDEs	Линдан	Пентахлорбензол
Тетрабромдифенил эфир	Перфтороктансульфонатты қышқыл	Перфтороктансульфонилфторид	

## 2011 ж. қосылған ТОҚ

## 2013 ж. қосылған ТОҚ

Эндосульфан	Гексабромциклододекан

Сурет 2. Стокгольм конвенциясында көрсетілген тұрақты органикалық қосылыстар (ТОЛ), (Eddy Y. Zeng, Persistent Organic Pollutants (POPs): Analytical Techniques, Environmental Fate and Biological Effects//2015 Elsevier B.V.)

Көптеген тұрақты органикалық қосылыстар жасанды қосылыстар және пестицидтер, өндірістік химикаттар болып табылады. Стокгольм конвенциясының тізіміне кіретін тұрақты органикалық қосылыстар «лас дюжина» деген атауға ие, оларға альдрин, хлордан, ДДТ, дильдрин, эндрин, гексахлорбензол, мирекс және токсафен – хлорорганикалық пестицидтер (ХОП),

полихлорлы дифенилдер (ПХД) – өндірістік химикаттар, толық емес жану кезінде түзілетін қосалқы өнімдер ішінде полихлорлы дибензо-пара-диоксиндер (ПХДД) және полихлорлы дибензолфурандар (ПХДФ) жатады. Тұрақты органикалық қосылыстардың галогенирленген алифатты және ароматты сақиналары (F, Cl және Br) негізгі қасиеті болып табылады (сурет 2). Химиялық құрамы бұндай Тұрақты органикалық қосылыстар суда нашар ериді, майларда жоғары ерігіштік қасиетке ие, химиялық, биологиялық және фотолитикалық ыдырауға жоғары төзімділік көрсетеді [18].

Альдрин-термит, шегіртке, ұзын түкті және басқа да жәндіктермен күресу үшін арналған, құстар, балық және адамдар үшін улы болып табылады. Мысалы, альдринмен өңделген күріш Техастағы Мексика шығанағының жағалауындағы суда жүзетін құстар мен торғайлардың қырылуының себебі болған [19]. Құстар мен жануарлардың улануы осы күрішпен қоректену нәтижесінде пайда болды. Ересек адам үшін альдриннің өлім дозасы шамамен 5 грамм. Әдетте, альдрин адам ағзасына сүт және ет өнімдері арқылы енуі мүмкін.

Хлордан – термиттермен күресу үшін және бірқатар ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру кезінде кең ауқымды әсер ететін инсектицид ретінде кеңінен қолданылды. Ұзақ уақыт бойы топырақта қалады, жартылай ыдырау кезеңі бір жылды құрайды. Хлорданның летальды дозасы балықтар мен құстардың өлімге алып келеді. Хлордан адам ағзасының иммундық жүйесіне зиянды және канцерогенді әсер етеді [20].

ДДТ (Дихлордифенил-трихлорэтан) – хлорорганикалық пестицид, әртүрлі елдерде әртүрлі атаулармен белгілі. Мысалы ДДТ, гезарол, гуезарол, неоцид, дикофан және т.б. Негізінен шыбындар, масалар мен шегірткелерге қарсы қолданылған. ДДТ 1940-1970 жылдары кеңінен таралды және жәндіктер зиянкестерімен күресудің ең танымал және кеңінен қолданылатын химиялық құралы болды. Жыл сайын үш онжылдық ішінде ДДТ-ны үнемі өсіп келе жатқан масштабта қолдану оның сыртқы ортада, топырақта, суда, өсімдіктер мен жануарлар организмдерінде, соның ішінде адам ағзасында айтарлықтай жиналуына әкелді. Қазіргі уақытта ДДТ-ды пайдалануға тыйым салынған [21-26].

Кейбір белсенді-эколог зерттеуші ғалымдардың айтуы бойынша, әсіресе, құстардың көбеюіне әсер етіп, пестицидтер олардың жұмыртқаларының қабығында жиналады. Осындай себептерге қарамастан, КСРО-да және басқа да көптеген елдерде шектеулі қолданылып келді, бірақ қазіргі таңда қолдануға тыйым салынған. Кең таралған тұрмыстық атауы ДДТ - "дуст". Безгектің тасымалдаушыларымен (The use of DDT in malaria vector control) күресу үшін ДДТ қолдану бойынша ДДҰ ресми ұстанымы: Безгектің алдын алу мақсатында ДДТ қолдану ұсынылады.

ДДТ-ны қолдану әлемнің көптеген елдерінде айтарлықтай шектелген немесе тыйым салынған, бірақ көптеген аймақтарда күнделікті тәжірибеде қала береді. Бүгінгі таңда әлемде басқа улы пестицидтер өндіріледі және қолданылады [27]. Пестицидтердің өндірісі мен қолданылуы экологтар үшін ғана емес, жалпы денсаулық сақтау жүйесі үшін де маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін жұмысшылар әртүрлі

ауруларға, атап айтқанда пестицидтермен уланудың салыстырмалы түрде жоғары қаупіне ұшырайды. Ауылшаруашылық жұмысшыларында пестицидтер денеде ұзақ уақыт жиналуына байланысты өткір улану немесе созылмалы инфекциялық ауруларды тудыруы мүмкін [28-31].

Гексахлоран (ГХЦГ) – 1,2,3,4,5,6-гексахлорциклогексанның сегіз стереоизомерінен тұратын хлорорганикалық пестицид. Ауылшаруашылығында инсектицид түрінде қоладынылған, қазіргі таңда пайдалануға тыйым салынған [10]. Жылы қанды жануарлар үшін токсинді, бірақ канцерогендік әсері жоқ. Хлорорганикалық пестицидтердің ішінде гексахлоранның үш изомері ауылшаруашылығында кеңінен қолданылған:  $\alpha$ -гексахлорциклогексан,  $\beta$ -гексахлорциклогексан,  $\gamma$ -гексахлорциклогексан. Таза гексахлоран-қатты, ақ, ұнтақ зат, іс жүзінде иіссіз, тазартылмаған — техникалық ГХЦГ-да пентахлорциклогексен мен тетрахлорциклогексадиеннің қоспаларына байланысты тұрақты жағымсыз көгеру иісі, сарғыш-сұр түсті болады. Суда нашар ериді, органикалық полярлы емес еріткіштерде жақсы ериді-керосин (1:7), ацетон (1: 2), диэтил эфирі, бензол, липофильді қосылыс минералды майлармен, май қышқылдарымен және липидтермен жақсы әрекеттеседі. ГХЦГ термиялық тұрғыдан тұрақты, бірақ жоғары температурада ол ақ, қою түтін шығарады, бұл оны аэрозоль түрінде қолдануға мүмкіндік береді. Ультракүлгін сәулелердің әсерінен әлсіз өзгеріске ұшырайды, бірақ салыстырмалы түрде жоғары құбылмалылықтың арқасында су буларымен сублимацияланады немесе буланады, сондықтан оның сақталуы температураға байланысты [32]. ГХЦГ әртүрлі тотықтырғыштар мен концентрацияланған қышқылдардың азот, күкірт, тұз, температура) әсеріне өте төзімді. Бұл қасиет өсімдіктерде инсектицид қалдықтарын анықтауда қолданылады, ол үшін өсімдік сынамасы күкірт қышқылымен өңделіп, ГХЦГ су буымен сублимацияланады [33]. Сілтілердің немесе жоғары температураның әсерінен барлық ГХЦГ изомерлері HCl бөлінуімен және трихлорбензол түзілуімен ыдырайды. Ылғалды топырақта  $\gamma$ -изомер ыдырап, пентахлорциклогексен түзеді, жылы қанды жануарлар үшін  $\gamma$ -изомерге қарағанда 1000 есе аз уытты болып келеді [34 – 37].

Дильдрин-негізінен ауыл шаруашылығы алқаптарының топырағында мекендейтін жәндіктермен, термиттермен күресу үшін қолданылды. Дильдриннің топырақтағы жартылай ыдырау кезеңі шамамен бес жыл. Альдрин пестицидінің тотығу-тотықсыздану әсерінен дильдринге тез өзгереді, сондықтан қоршаған ортадағы дильдриннің мөлшері және оны пайдалану көрсеткіштері жоғары. Дильдрин балықтар мен басқа да су жануарлары үшін жоғары улы, атап айтқанда, бақалар, тіпті кішкентай дозасы эмбрион омыртқасының деформациясын тудыруы мүмкін. Дильдриннің қалдықтары ауада, суда, топырақта, балық, құстар мен сүтқоректілердің, сонымен қатар адам организмінде табылған. Дильдриннің адам ағзасына түсуінің негізгі көзі тағам болып табылады. Дильдрин АҚШ-та пастерленген сүт құрамында анықталу жиілігі бойынша екінші орында болып табылады [38].

Эндрин-бұл инсектицид бірқатар ауыл шаруашылығы дақылдарын, атап айтқанда мақта мен дәнді дақылдарды өсіру кезінде және кеміргіштермен күресу үшін қолданылады. Эндрин жануарлардың зат алмасу процесіне әсер етеді, май

тіндерінде пестицидтердің жоғары концентрациясы жинақталады. Жартылай ыдырау кезеңі ұзақ -12 жылға дейін созылады. Адам организміне көбінесе тағам өнімдері арқылы түседі [39].

Гептахлор-бастапқыда термиттермен күресу үшін пайдаланылған. Кейіннен мақта зиянкестерімен, шегірткемен, ауыл шаруашылығы дақылдарының басқа да зиянкестерімен және безгек масалармен күресу үшін кеңінен қолданылды. Гептахлор құстардың кейбір түрлерінің, соның ішінде канадалық казарканың және Колумбия өзенінің (АҚШ) бассейніндегі құстарының таралуының қысқаруына себеп болған. Жүргізілген зертханалық сынақтар бойынша үлкен мөлшердегі гептахлор-күзен, егеуқұйрық және қояндардың тіршілігін жою қауіптілігін көрсетті. Гептахлордың шағын дозасының өзі жануарларда мінез-құлқында өзгерістер туғызады және репродуктивті қабілетін төмендетеді. Гептахлор канцерогенді заттарға жатады. Адам ағзасына түсудің негізгі жолы-тамақ. Бұл зат АҚШ пен Австралияда ірі қара малдың қанынан табылды [37-40].

Гексахлорбензол (ГХБ)1945 жылы ГХБ алғаш рет астық өңдеу және азық-түлік дақылдарының саңырауқұлақ ауруларымен күресу үшін пайдаланылды. Ол бидай бастарымен күресу үшін кеңінен қолданылды. ГХБ белгілі бір өнеркәсіптік химиялық заттарды өндірудің жанама өнімі және кейбір пестицидтердің құрамындағы қоспа болып табылады [40].

1954 жылдан 1959 жылға дейін ГХБ өңделген астықты Түркияның шығысында пайдалану бірқатар симптомдардың пайда болуына, оның ішінде тері қабатының жарық сезгіш зақымдануына, шаншуына және сарқылуына әкелді. Бірнеше мың зардап шеккендердің метаболизм процесінің бұзылуы — гексахлорбензолды порфириясы (адам организмінде ТОҚ жинақталуы салдарынан гемоглобин метаболизмінің аралық өнімдерінің бұзылуы) дамыды, 14% жағдай өліммен аяқталды. ГХБ эмбриондарға плацента және жаңа туған нәрестелерге емшек сүтімен беріледі. Үлкен мөлшерде жануарлардың кейбір түрлерін өлімге ұшыратады, аз мөлшерде репродуктивті қабілетін төмендетеді. ГХБ барлық азық-түлік өнімдерінде анықталған, мысалы Испаниядағы барлық ет үлгілерінен табылған. Бағалау бойынша, Үндістандағы ГХБ тәуліктік тұтыну адам салмағының килограммына 0,13 мкг құрайды [41].

Мирекс 1970 жылдары АҚШ, Бельгия, Франция, Германия, Ұлыбритания және Нидерланды елдерінде кеңінен қолданылды. Мирекстің техникалық маркаларының құрамында (пайызбен), 1% мирекс және 2,58% хлордекон бар (қалған қоспадардың саны көрсетілмеген). Мирекс тұрақты пестицидтердің бірі болып саналады, оның топырақтағы жартылай ыдырау кезеңі 10 жылды құрайды. Мирекстің салыстырмалы ұшқыш коэффициенті ұзақ қашықтыққа тасымалдауға мүмкіндік береді. Герметикалық қаптамада өзінің қасиеттерін шексіз уақытқа дейін сақтайды. КСРО/РФ-да мирекс іс жүзінде қолданылмады және 1965-1999 жылдардағы улы химикаттар туралы анықтамалар мен ғылыми мақалаларда көрсетілмеген. Мирекстің токсинділігі: сүтқоректілер үшін орташа: егеуқұйрықтар үшін  $LD_{50} = 235$  мг / кг, ал қояндардағы тері арқылы токсинділігі 80 мг/кг құрайды. Мирекс адамда эндокриндік аурулардың туындауына және канцерогендік аурулардың қаупін тудыруы мүмкін [42].

Токсафен – мақта, дәнді дақылдар, жемістер, жаңғақтар мен көкөністерді өсіруде, сондай-ақ үй жануарларында кенелермен күресу үшін қолданылатын инсектицид. 1975 жылы АҚШ-та ең көп қолданылатын пестицидтер болды. Жартылай ыдырау кезеңі-12 жылды құрайды. Адам ағзасына токсафен негізінен тағаммен түседі. Токсафен уыттылығы адам ағзасына тікелей әсер еткенде жоғары болмаса да, зертханалық жануарларға сынақ нәтижелері бойынша адам организмі үшін канцерогендер тобына жатқызылды. Токсофен балықтар үшін жоғары токсинді. Токсафеннің әсерінен форель балығының 90 күннен кейін салмағы 46% - ға қысқарған және уылдырығының тірішілікке қабілеттілігі төмендеген [43].

Полихлорбифенилдер (ПХБ). ПХБ өнеркәсіпте жылу тасығыштар ретінде, бояуда, көшірме қағазда және пластмассада қосымша ретінде, сондай-ақ электр трансформаторлары мен конденсаторларда пайдаланылады. ПХБ-ның 13209 түрі диоксиндер сияқты токсинді. ПХБ тұрақтылығы хлорлау дәрежесіне байланысты, жартылай ыдырау кезеңі 10 күннен бір жарым жылға дейін болуы мүмкін. ПХБ балықтар үшін токсинді: үлкен мөлшерде өлімге алып келеді, шағын балықтарда уылдырықтың бұзылуына әсерін тигізеді. Зерттеулерлерге сәйкес жабайы жануарлардың кейбір түрлерінің репродуктивтік және иммундық жүйелерінің бұзылуына алып келгені анықталған [43,44].

ПХБ ластанған тамақ өнімдерімен адам ағзасына түседі. 1968 жылы Жапонияда және 1979 жылы Тайванда ПХБ ластанған күріш майын тұтыну тырнақ пластиналары мен шырышты қабықтардың пигменттелуін, көз қабақтарының қалыңдығын, шаршағандықты, жүрек айнуы мен құсу сияқты аурулардың себебі болды. Тайванда ПХБ әсеріне ұшыраған әйелдер жеті жыл бойы дамуы мен мінез-құлқы бұзылған балаларды дүниеге әкелді [45]. Сондай-ақ, Мичиган көлінен жұқтырылған балықтарды көп тұтынған аналардан туған балалардың қысқа мерзімді есте сақтауының бұзылуы анықталды. ПХБ адамның иммундық жүйесінің жұмысын бұзады және адам организмі үшін тұрақты канцерогендерге жатады.

Полихлорланған дибензодиоксиндер (ПХДД, диоксиндер) химиялық заттардың толық жанбау нәтижесінде, сондай-ақ пестицидтер мен құрамында хлоры бар басқа да заттарды өндіру кезінде пайда болады. ПХДД қосылыстары негізінен медициналық, коммуналдық-тұрмыстық және қауіпті қалдықтарды жағу нәтижесінде, сондай-ақ автомобильдерден бөлінетін газдар, шымтезек, көмір және ағаш жануы кезінде пайда болады. Диоксиндердің 75 түрінің 7 түрі өте қауіпті. Олардың бірі бірінші қолданғаннан кейін 10-12 жыл өткен соңда топырақта табылған. Диоксиндер адам денсаулығына зиянды әсер етеді, иммунитетті төмендетеді, ферментацияны бұзады және терінің зақымдануына әкеледі (хлоракне), адам үшін канцерогендердің тобына жатады. Зертханалық жануарларға сынаулар басқа да бірқатар зиянды әсерлерді, оның ішінде туа біткен кемістіктер мен өлі туулар санының ұлғаюына алып келетіні анықталды. Балықтардың тіршілік етуіне әсер етіп, тез өлімге әкеледі. Адам ағзасына түсудің негізгі көзі етті тағамдар болып табылады.

Полихлорланған дибензофуранды (ПХДФ, фурандар) қосылыстар диоксиндер сияқты процестердің нәтижесінде, сондай-ақ ПХБ өндірісі кезінде пайда болады. ПХДФ қоқыс жағатын қондырғылар мен автокөлік қалдықтарынан

табылған. Фуранның құрылымы мен уытты әсері бойынша диоксиндерге ұқсас. Әртүрлі уланулардың 135 түрі бар. Фурандар ұзақ уақыт бойы қоршаған ортада сақталады және тұрақты адам канцерогендеріне жатады. Адам ағзасына түсудің негізгі көзі етті тағамдар болып табылады [46].

ТОЛ-дың ластану көздері агрохимикаттар мен өнеркәсіптік химикаттарды тиісінше пайдаланбау және жою, жоғары температуралар мен жану процестері, сондай-ақ өнеркәсіптік процестердің немесе жанудың жағымсыз жанама өнімдері [47].

Соңғы онжылдықта тұрақты органикалық қосылыстардың басым тізімі жаңартылып, оған 2017 жылы Стокгольм конвенциясында аталған полибромирленген дифенилдік эфирлер және гексабромциклодекандар, бромдалған антипирендер сияқты қосылыстарды қосу үшін жаңартылды. Жақында танылған галогенденген қосылыстардың тағы бір тобы перфторирленген алкильді заттар болып табылады, олардың ішінде перфтороктанды сульфонат (ПФОС), оның тұздары мен перфтороктанды сульфонилфториді де 2017 жылы Стокгольм тізіміне енгізілді. Жаңа тізімдегі басқа қосылыстар эндосульфан, линдан, пентахлорбензол, хлордекон және гексабромциклодекандарды (ГБЦД) камтиды [48].

Соңғы уақытқа дейін ең көп қолданылатын пестицидтер қатарына хлорорганикалық пестицидтерді (ХОП) жатқызамыз. Бұл қосылыстардың өткір токсинділігі әртүрлі, олардың ерекшелігі қоршаған орта объектілеріндегі жоғары төзімділігі және тірі организмдердің май тіндерінде жинақталу үрдісі болып табылады. Пестицидтердің қауіптілігін бағалаудың және оларды жіктеудің жүйелі тәсіліне арналған жұмыстарда ХОП-дің тұрақтылығы мен биоаккумуляциясының критерийлері ең жоғары балға ие [49].

Бірқатар елдерде тұрақты ХОП-ді қолдануға тыйым салынады және ауыл шаруашылығында тұрақты ХОП-ді қолданудың орнына қауіпсіз органофосфор пестицидтеріне және синтетикалық пиретроидтарға ауысуы жалғасуда. Бірақ қоршаған ортаға енгізілген ХОП-дің мөлшері өте жоғары, сондықтан олардың қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиянды әсерін ескермеуге болмайды.

ХОП және синтетикалық пиретроидтер қоршаған ортаны және ауылшаруашылық өнімдерін басым ластаушылардың бірі болғандықтан, судағы және тамақ өнімдеріндегі ХОП-дің қалдық мөлшерінің пайда болуы оларды қатаң бақылау қажеттілігі туралы үлкен алаңдаушылық тудырды. Ең көп таралған ХОП-дің қатарына гексахлорциклогексанның альфа және гамма изомерлері (ГХЦГ), 4,4'-дихлордифенилтрихлорметилметан (ДДТ), альдрин, гептахлор және 2,4-дихлорфеноксиацет қышқылы (2,4-Д) жатады. Ең танымал синтетикалық пиретроидтер - декис және сумицидин болып табылады [49-51].

Қоршаған ортаны ХОП-мен ластау проблемасы биосфераның тұрақты хлорорганикалық қосылыстармен (ХОҚ), атап айтқанда, қоршаған ортада өзін-өзі ұстайтын диоксиндер мен полихлорланған бифенилдер сияқты қосылыстармен улануының жалпы проблемасының бөлігі болып табылады. Қоршаған орта объектілерінде мұндай ХОҚ-дың болуы көбінесе ДДТ және басқа ХОП-дің үлкен шоғырлануымен байланысты болады. Сонымен қатар,

диоксиндердің қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына зиянды әсері ХОП-дің әсерінен асып кетуі мүмкін.

Осылайша, азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдерінің ХОП-мен және синтетикалық пиретроидтармен ластануын анықтау әлеуметтік-гигиеналық мониторинг жүйесіндегі маңызды міндет болып табылады. Соңғы жылдардағы зерттеулер қазіргі кездегі химиялық токсиканттардың ішінде халықтың денсаулығы мен қоршаған орта үшін басты қауіп ДДТ емес, ауыр металдар мен жоғары уытты ХОҚ (диоксиндер мен полихлорланған бифенилдер) екенін дәлелдегенімен, ХОП құрамын тамақ, ауыз су және емшек сүтінен бақылау мәселесі өзекті болып табылады. Қазіргі жағдайда пестицидтердің жаңа буынының өндірісі – синтетикалық пиретроидтер, олар әлдеқайда аз токсинді, зиянсыз өнімдерге тез ыдырайды және селективті әсерге ие – ХОП-ге тиімді балама болып табылады [52,53].

Тұрақты органикалық қосылыстардан қорғаныс шараларын енгізудің І кезеңінде пестицидтерді қолданудың негізгі мақсаты зиянды заттарды жою болып табылады және жоғары тұтыну нормалары бар бейорганикалық қосылыстар қолданылады.

II кезеңде белсенділігі мен селективтілігі жоғары органикалық препараттардың пайда болуына, дақылдарды өсірудің қарқынды технологияларын енгізуге байланысты қорғаныс шараларының стратегиясы өзгерді. Пестицидтерді қолдану мақсаты зиянкестерді жою емес, олардың санын, зияндылық дәрежесін экономикалық шегіне дейін азайту болып табылады.

Қазіргі уақытта III кезеңде агроценоздарды реттеу міндеті пестицидтердің зиянды объектілерге тікелей әсерін ғана емес, сонымен қатар олардың агроценоздардың барлық компоненттеріне жанама әсерін, сондай-ақ ұзақ мерзімді салдарын ескере отырып қойылған. Препараттар ассортиментінде тек зиянкестермен күресу мақсатында пестицидтер ғана емес, сонымен қатар реттеуші әсер ететін феромондар, ювеноидтар және т. б. хлорорганикалық пестицидтер қолданылады.

Өсімдіктерді қорғаудағы келесі кезең гендік инженерияның дамуымен және зиянкестер мен аурулар кешеніне төзімді өсімдіктердің генетикалық түрлендірілген сорттарын өсірумен байланысты болады. Соның нәтижесінде пестицидтерді қолдануды азайтуға немесе оларды қолданудан мүлдем бас тартуға мүмкіндік береді [54].

Пестицидтерді дозасы бойынша бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады:

1) шектік мөлшерге дейінгі доза - организмде өзгерістер тудырмайтын заттың ең көп мөлшері;

2) шекті доза - жануар улануының сыртқы белгілері болмаған кезде неғұрлым сезімтал биохимиялық және физиологиялық тесттермен анықталатын, ағзада өзгерістер тудыратын заттың ең аз мөлшері;

3) сублетальды доза – организмнің тіршілік әрекетінің елеулі бұзылуын тудыратын, бірақ оның өліміне алып келмейтін пестицидтің дозасы;

4) летальды доза - тәжірибелік объектінің өліміне әкелетін пестицидтің дозасы;

5) орташа уытты доза – тәжірибелік объектілердің жартысының өліміне әкелетін доза (СД<sub>50</sub>) [55].

Пестицидтердің ингаляциялық токсигенділігі бойынша жіктеуді будың қаныққан концентрациясын ескере отырып жүргізеді:

- 1) өте қауіпті зат (қаныққан концентрация токсинділігі өте жоғары);
- 2) қауіпті зат (қаныққан концентрация шекті мәннен жоғары);
- 3) қауіптілігі төмен зат (қаныққан концентрация шекті мәннен аз).

Сонымен қатар бұл негізгі критерийлерден басқа пестицидтердің патологиялық әсерлері зерттеледі:

1) тератогенділік – химиялық агенттердің әсерінен эмбриональды дамудың бұзылуы және морфологиялық өзгерістер мен жетіспеушіліктердің дамуы;

2) репродуктивтік токсигенділік- адамның репродуктивтік функциясына әсері;

3) эмбриоуыттылық - эмбрион дамуының бұзылуы;

4) мутагенділік - мутациялардың пайда болуы;

5) канцерогендік – қатерлі ісіктердің пайда болуы;

6) аллергиялық – организмнің химиялық заттардың әсеріне сезімталдығының артуы [56].

Пестицидтің қауіптілік тобын шекті көрсеткішін ескере отырып, толық токсикологиялық бағалау негізінде анықтайды. Қауіптілік тобы препаратты таңдау, жұмыс ауысымының ұзақтығын белгілеу, жеке қорғаныс құралдарын таңдау кезінде ескеріледі.

Қауіптілігі 1-топтағы пестицидтерді ауыл шаруашылығында қолдану ұсынылмайды, оларды тек мамандар ерекше жағдайларда ғана пайдалана алады, бұл қауіпті пестицидтерді бөлшек саудаларда сатуға тыйым салынады. Қажет болған жағдайда 2-топтағы пестицидтерді мамандар немесе олардың бақылауымен арнайы кәсіптік даярлығы бар адамдар ғана қолданады, бөлшек саудаларда сатуға тек кәсіптік даярлығы бар адамдарға ғана рұқсат етіледі. 3-және 4-топтағы пестицидтер белгіленген регламенттерге сәйкес пайдаланылады. Бұл ретте мамандандырылмаған сауда орындарында қауіптілігі 3-топтағы пестицидтерді сатуға тыйым салынады.

Сол себептен пестицидтерді қолданудың ерекше тәртібін білдіретін ережелер жиынтығы, ғылыми негізделген ұсыныстар мен қатаң міндетті шектеуде тағайындалған. Оларды ғылыми-зерттеу институттары әзірлейді, мемлекеттік химиялық комиссия белгілі бір мерзімге рұқсат береді және денсаулық сақтау министрлігімен келісіледі. Пестицидтерді қолдану регламенттері тізімдерде әрбір жылға жарияланады, онда препараттардың түр – түрі, өңделетін дақылдар мен зиянды объектілер, шығыс нормалары, өңдеу мерзімдері мен тәсілдері, өңдеу еселігі, өнімді жинау алдындағы соңғы өңдеу мерзімі бойынша күту кезеңі, алынған өнімді пайдалануға шектеулер, қолмен және механикаландырылған жұмыстар үшін өңделген аймақтарға шығу мерзімі көрсетіледі.

Адамдардың пестицидтермен улануына жол бермеу үшін Денсаулық сақтау министрлігі оларды пайдаланудың гигиеналық нормативтерін әзірледі:

1) МРД – максималды рұқсат етілген деңгей. Өсімдік шаруашылығы өнімінде пестицидтің қалдық мөлшерінің рұқсат етілген ең жоғары деңгейі, өлше бірлігі (мг/кг);

2) ШРК - ауадағы, судағы, топырақтағы шекті рұқсат етілетін концентрация. ШРК бойынша жіктелуі:

– атмосфералық ауадағы әсердің шамамен қауіпсіз деңгейі (мг/м<sup>3</sup>);

– су қоймалары суындағы шамамен рұқсат етілген деңгей (мг/л);

- топырақтағы шамамен рұқсат етілген концентрация (мг/кг).

3) РТД – пестицидтің ағзаға түсуінің рұқсат етілген тәуліктік дозасы (мг/кг дене салмағына);

4) УРТД – уақытша рұқсат етілген тәуліктік доза.

Қауіпсіздік нұсқаулары келесі бөлімдерді қамтуы керек:

1. Жалпы қауіпсіздік талаптары.

2. Тасымалдау және сақтау ережелері.

3. Пестицидтерді қолдану тәртібі.

4. Уланудан қорғау, оның ішінде: жеке қорғаныс құралдары, қауіпсіздік белгілері, арнайы киімдерді, ыдыстарды залалсыздандыру, алғашқы көмек көрсету шаралары.

Жаңа пестицидтерді синтездеу шығындары жыл сайын артып келеді, өйткені дәрі-дәрмектерге санитарлық-гигиеналық және экологиялық-токсикологиялық көрсеткіштер тұрғысынан қатаң талаптар қойылады. АҚШ–та пестицидтерге жұмсалатын жалпы шығындардың 21%-ын қосылыстарды синтездеу және скрининг жөніндегі жұмыстарға, 6%-ын токсикологиялық бағалауға, 20%-ын далалық зерттеулерге, 16%-ын метаболизмді, экотоксикологияны зерттеуге және қалдықтарды талдауға, қалған 37%-ын препараттық нысандарды өңдеуге, өнеркәсіптік технологияларды жасауға және тіркеуге арналған шығындарды құрайды [57]. Жаңа пестицидтерді жасау әртүрлі жолдармен жүзеге асырылады:

1) барлық синтезделетін қосылыстардың биологиялық белсенділікке эмпирикалық синтезі және стандартты скринингі;

2) құрылымы жағынан биологиялық белсенді заттарға жақын қосылыстардың синтезі;

3) табиғи өнімдерді модельдеу (мысалы, синтетикалық пиретроидтер);

4) әсер етудің ықтимал тетігін ескере отырып, биохимиялық құрастыру.

Әлемдегі пестицидтердің ең ірі өндірушісі - Солтүстік Америка, бірақ соған қарамастан, Азия-Тынық мұхиты аймағында орташа жылдық өсу қарқыны ең маңызды болды деп болжануда [58]. Мысалы, 2014-2020 жылдардан бастап пестицидтердің орташа жылдық өсу қарқыны 7,9% құрады. Өсімдіктерді қорғауда жетекші позициялар келесі өндірушілерге тиесілі: неміс BAYER, швейцариялық SYNGENTA және DUPONT, қытайлық HONBOR, IPROCHEM, даниялық CHEMINOVA, австриялық DOW AGROSCIENCES, израильдік GOLTIX және басқа да компаниялар [59].

Пестицидтер қолдану объектілері бойынша, әсер ету сипаты бойынша, сондай-ақ химиялық құрылымы бойынша жіктеледі.

Пестицидтерді қолдану объектілері бойынша классификациясы пестицидтерді олармен күресу үшін пайдаланылатын объектіні ескере отырып, бірнеше топтарға бөледі:

1) жәндіктер санын реттеу үшін инсектицидтер, кенелерге – акарицидтер, нематодтарға - нематодицидтер, зиянды кеміргіштерге - родентицидтер, моллюскаларға - моллюскицидтер;

2) саңырауқұлақ ауруларының дамуын басу үшін - фунгицидтер, бактериялық аурулар үшін - бактерицидтер;

3) арам шөпті өсімдіктерді жою үшін – гербицидтер, ағаш-бұта өсімдіктерін жою үшін – арборицидтер тағайындалған.

Сонымен қатар пестицидтердің осы топтарының арасында арнайы кіші топтарға бөлуге болады, мысалы:

- афицидтер - теңқанаттылар отрядына жататын жәндіктермен күресу үшін;  
- вермицидтер - құрттармен күресу үшін;  
- овицидтер - зиянды жәндіктер мен кенелердің жұмыртқаларын жоюға арналған;

- ларвицидтер - жәндіктердің личинкаларын жою үшін арналған.

Пестицидтердің әсер ету сипаты бойынша жіктелуі. Мысалы контактілі, жүйелік және фумигациялық пестицидтер бар.

1. Контактілі пестицидтер өсімдікке тікелей қолданылатын жерде ғана әсер етеді.

2. Жүйелік пестицидтер, керісінше, өсімдік құрамына еніп, онда ұзақ уақыт сақталады және өсімдік арқылы зиянды ағзаны басады (фунгицидтер, акарицидтер, инсектицидтер) немесе бүкіл өсімдікті (гербицидтер) толығымен жояды. Мұндай пестицидтер әсіресе өсімдік ішінде дамиды қоздырғыштарға және күшті тамыр жүйесі бар арамшөптерге қарсы тиімді.

3. Фумигациялық әсер ететін пестицидтер (фумиганттар) – газ немесе бу түрінде тыныс алу жолдары арқылы зиянды организмге енетін химиялық заттар.

Сонымен қатар, өсімдікке әсер ету сипаты мен қолдану бағыты бойынша пестицидтердің жіктелуі:

1) дефолианттар - өсімдіктердің пісіп жетілуін жеделдету және жинау жұмыстарын механикаландыруды жеңілдету мақсатында өсімдіктерден жапырақтарды жинау алдында алып тастауға арналған химиялық заттар;

2) десиканттар - өсімдіктерді жинау алдында кептіруге арналған химиялық заттар;

Модельдік тәжірибелерде жаздық бидай көшеттеріне деструктор штамдарының дақылдық сұйықтығын қосып, пестицидтермен ластанған топырақтың фитотоксинділігі зерттелді. Тұқымдар пестицидтермен ластанған топырақтың зерттелген үлгілерінде және пестицидсіз бақылау топырақтарында Петри табақшаларында өніп шықты. Микроорганизмдердің штамм-деструкторларының суспензиясының түрлік арақатынасы әртүрлі қатынаста өзгерді: монокультура, екі түр, үш түр және бақылау (штамм-деструкторларды енгізусіз). Алдымен деструктивті – микроорганизмдер элективті қоректік ортада өсіру арқылы биомасса жинақтап алынады. Келесі кезең-микроорганизмдердің оқшауланған қауымдастығының пестицидтерге бейімделуі. Бейімделу минералды ортада аэрация жағдайында жүргізілді. Көміртектің жалғыз көзі ретінде хлорорганикалық пестицидтердің 6 түрі (ДДТ, ДДД, ДДЭ, αГХЦГ, βГХЦГ, μГХЦГ) енгізілді. Пестицидтер гетеротрофты микроорганизмдермен олардың тіршілік әрекеті процесінде ыдырайтыны белгілі. Деструктивті – микроорганизмдерге энергия көзі, органикалық және минералды қосылыстар түріндегі қоректену көздері, сондай-ақ ортаның тиісті оптимальды физика-химиялық жағдайлары (қышқылды топырақ және бейтарап орта (рН 6-7), ылғалдылық 50-70%, температура диапазоны 20-30°С, аэробты жағдай) қажет. Пестицидтермен ластанған топырақтағы бидай өскіндерінің морфометриялық көрсеткіштері бағаланды.

*Тұрақты органикалық қосылыстарды ыдыратуға қабілетті деструктор – микроорганизмдерді флуоресцентті спектрофотометриялық талдау әдісі.*

Микроорганизмдердің дегидрогеназа белсенділігін анықтау үшін ТТХ ерітіндісімен модификацияланған әдістеме пайдаланылды [249]. ТҚҚ - ға қатысты микроорганизмдер штамдарының деструктивті белсенділігі FP-8500 флуоресцентті спектрометрінде (Jasco, Japan) спектрофотометриялық талдау әдісімен анықталды.

Аэробты жағдайда ксенобиотиктердің биодеградациясының бірінші кезеңі әртүрлі оксидоредуктазалармен катализденетін тотығу метаболизмінің реакциялары болғандықтан, деструктор – микроорганизмдердің дегидрогеназа ферментін анықтау дақылдың деструктивті белсенділігін көрсетеді. Микроорганизмдердің дегидрогеназа белсенділігін анықтау үшін синтетикалық М9 қоректік ортасына қосылатын 2,3,5-трифенилтетразолий хлоридінің (ТТХ) 5% сулы ерітіндісі қолданылады. Микроорганизмдердің индикаторды жою қабілеті колониялардың және олардың айналасындағы ортаның қызыл түске боялуымен дәлелденеді, бұл қалпына келтірілген трифенилформазанның (ТФФ) түзілуін көрсетеді. Осы негізде деструктивті штамдар таңдалады. Талдау FP-8500 флуоресцентті спектрометрде (Jasco, Жапония) 20°C температурада 10 мг/л концентрацияда фосфат буферінде ерітілген үлгілердің қоздырғыш-эмиссиялық сипаттамаларын өлшеу үшін жүргізіледі. Сканерлеу 5 нм қадаммен 250-ден 600 нм-ге дейінгі диапазондағы қозу толқын ұзындығында (Em) және 5 нм қадаммен 260-тан 650 нм-ге дейінгі сәулелену толқын ұзындығында (Ex) жүргізіледі.

### **2.3.5.3 Штамм-деструкторлардың пестицидтер қатысында функциональдық топтарын ИҚ-Фурье спектрометрі ALPNA II әдісімен анықтау**

ALPNA II әртүрлі үлгілермен жұмыс істеуге ыңғайлы болу үшін жасалған, сондықтан оны әртүрлі қолданбалар үшін пайдалану ыңғайлы. ALPNA II-нің маңызды қосымшаларының бірі-әр түрлі салалардағы сапаны бақылау. Мұнда ИҚ-Фурье талдау негізінен өнімнің сапасын тексеру және белгісіз үлгілерді анықтау үшін қолданылады.

Сұйық кюветтердің және әртүрлі NSAID модульдерінің болуы әртүрлі үлгілердің сапасын бақылау үшін оңтайлы жағдайларды таңдауға мүмкіндік береді. ИҚ-Фурье ALPNA II спектрометрі (Bruker, Германия) негізінде шараптың сапалық параметрлерін сандық талдау және дизельдегі FAME анықтау үшін дайын калибрлері бар мамандандырылған анализаторлар жасалды [250].

ИҚ-Фурье ALPNA II спектрометрі-спектрдің орта инфрақызыл аймағындағы ғылыми зерттеулер үшін, сондай-ақ әртүрлі өлшемдер үшін қолданылатын құрылғы. Ол отын, фармацевтика, сондай-ақ парфюмерия, мұнай-химия және басқа салаларда сапаны тексеру және сандық талдау жүргізу үшін таңдалады.

Фурье спектрометриясының классикалық оптикалық спектроскопия әдістерінен басты айырмашылығы-дисперсті элементтің болмауы. Спектр екі дәйекті процестен алынады. Бірінші кезеңде сәулелену интерферограммасы жазылады, содан кейін - Фурье түрлендіруінің көмегімен спектр есептелді.

Фурье спектрометрі бүкіл зерттелетін спектрді бір уақытта тіркей алады, бұл оны спектрлік аспаптардың басқа түрлерінен ерекшелендіреді. Аспаптағы интерференциялық сәулелердің айырмашылығы зерттелетін спектрді құрайтын монохроматикалық сәулеленуді модуляциялайды, оның жиілігі белгілі бір толқын ұзындығына сәйкес келеді. Сәулелену қабылдағышы сигналды жиілікке сәйкес энергияның таралу функциясының Фурье түрлендіруі және осылайша талданатын сәулелену спектрі ретінде тіркейді. Кері Фурье түрлендіруін орындау үшін заманауи есептеу техникасы қолданылды.

### **2.3.6 Тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақты штамм-деструкторлар консорциумы негізінде биоремедиациялау технологиясын жасау әдісі**

Тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақ үлгілерінен бөлініп алынған аборигенді штамм деструкторлар негізінде консорциум құрастыру және перспективті консорциумдар негізінде биопрепараттарды алу хлороорганикалық ластағыштармен ластанған топырақтарды биоремедиациялауда ұсынылды.

### **2.4 Тәжірибе нәтижелерін статистикалық өңдеу**

Ыдырау дәрежесі тұрақты органикалық қосылыстардың қалдықтары арасындағы айырмашылық бойынша бағаланды және 3 егілмеген (бақылау) үлгілері ( %) (Triola et al., 2017) үшін орташа және стандартты ауытқулар MS Excel 2019-да қайталау деректерді талдау құралы арқылы есептелді. Орташа мәндер қолданумен салыстырылды MStat 6.1 (Мичиган) көмегімен  $p < 0.05$ -те көрсетілген маңыздылығы бар ең аз маңызды айырмашылық (LSD) сынақтары (Мемлекеттік университет, Шығыс Лансинг, Мичиган, АҚШ).

Метагеномикалық талдау жүргізу барысында алынған геном мәліметтерін өңдеуде қолданылған компьютерлік бағдарламалардағы статистикалық талдау R Version 3.1.3 пакеттер жиынтығының көмегімен жүргізілді. Тетрануклеотидтік жиіліктер үшін алынған z-баллдарының корреляциялық коэффициенттерін салыстыру `gry2` және `gplots` жылу картасын қолдану арқылы құрастырылды. `ggplot2` пакетін пайдалану және пішінін өзгерту көмегімен графиктер құрастырылды. Кластерлік талдау APE пакеті негізінде Пирсон және вард-дистанция көмегімен талданды [251].

### 3 ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТАЛҚЫЛАУ

#### 3.1 Тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақ үлгілеріне мониторинг


Тұрақты органикалық қосылыстар – улы, жартылай ұшқыш және әртүрлі қосылыстар түрінде қоршаған ортадағы өзгерістерге ұшырауға бейім, қозғалмалы химиялық заттар. Тұрақты органикалық қосылыстар ауада үлкен қашықтықта шаң бөлшектерінде, абиотикалық матрицаларда және тірі организмдерде биоаккумуляция арқылы жиналуы мүмкін. Табиғи немесе антропогендік әсерден органикалық қосылыстар класы физикалық – химиялық қасиеттері қоршаған ортада өте ұзақ сақталады, себебі тұрақты органикалық қосылыстар фотолизге, химиялық ыдырауға және кейбір жағдайларда биологиялық ыдырау процесіне тұрақты. Бұл санатқа хлорорганикалық пестицидтер (ОСРС), полихлорланған дифенилдер (ПХД) және бірнеше полициклді хош иісті көмірсутектер кіреді. Хлорорганикалық пестицидтер (ОСРС) – құрамында органикалық қосылыстар байланысты хлор атомдары жоғары липофильділікке және жоғары нейротоксінділікке ие.

Зерттелген топырақ үлгілері 24 хлорорганикалық пестицидтер бойынша талданды (Кесте1). Қазіргі таңда зерттеулерде кеңінен қарастырылатын белгілі ТОҚ бар: 4,4-ДДЕ, 4,4-ДДТ,  $\alpha$ -ГХЦГ,  $\beta$ - ГХЦГ және  $\gamma$ - ГХЦГ (Кесте 1).


Кесте 1. Топырақ үлгілеріндегі тұрақты органикалық қосылыстардың концентрациясы, мкг кг<sup>-1</sup>.

ТОҚ	ШМК <sup>а</sup>	Басшы	Амангелді 1	Амангелді 2	Белбулак	Бесқайнар	Қызылқайрат
4,4-ДДЕ	100	6,6 ± 1.3	1 163 ± 407	445 ± 88,5	577 ± 33,9	34 215 ± 1 305	778 ± 292
4,4-ДДТ	100	75,2 ± 9.1	1 237 ± 0	< LOD	20,6 ± 7,5	6 274 ± 179	10 023 ± 2 471
$\alpha$ -ГХЦГ	100	5,2 ± 1.7	7,3 ± 0.1	< LOD	< LOD	7,3 ± 2,3	89,2 ± 0.0
$\beta$ -ГХЦГ	100	38,8 ± 4.7	54,1 ± 15.5	109 ± 11,8	3,1 ± 1,0	252 ± 49,3	488 ± 152
$\gamma$ -ГХЦГ	100	< LOD	19,3 ± 0	< LOD	< LOD	13,4 ± 3,4	25,5 ± 16,4
$\Sigma$	-	126	2 481	554	601	40 762	11 404


Ескерту: Анықтау шегі (LOD) = 0,1 мкг кг<sup>-1</sup>; а-Қазақстан Республикасы үшін шекті мөлшер концентрацияның (ШПК) мәндері (МНРК және МЕРРК, 2004);




(a)




(b)




(c)



(d)



(e)



(f)

Сурет 5 – Топырақ үлгілерінің хлорорганикалық пестицидтердің концентрациясының хроматограмасы: а) Басшы; б) Амангелді №1; с) Амангелді №2; д) Белбұлақ; е) Бесқайнар; ф) Қызылқайрат

Топырақ үлгілеріндегі хлорорганикалық пестицидтердің жалпы концентрациясының мөлшері: Қызылқайрат-121,054 мкг кг<sup>-1</sup>, Бесқайнар-47,334 мкг кг<sup>-1</sup>, Амангелді 1-5382 мкг кг<sup>-1</sup>, Амангелді 2-1032 мкг кг<sup>-1</sup>, Белбұлақ-1025

мкг кг<sup>-1</sup>, ал Басшы-146 мкг кг<sup>-1</sup> құрады (Кесте 2, сурет 5). Бесқайнар және Қызылқайрат топырағы тұрақты органикалық қосылыстармен жоғары ластану көрсеткішіне ие болды.

Басшы бақылау топырағында тұрақты органикалық қосылыстардың қалдықтары табылды, және алдрин мөлшері ШМК-нан 2,9 есе асып кетті (Кесте 2). Амангелді 1 және Амангелді 2 ластанған топырақ үлгілерінде: барлық тұрақты органикалық қосылыстардың түрлері анықталды және ШМК-нан гептахлор 1,3 есе, 2,4-ДДД 1,5 есе, 4,4-ДДД 11,6 есе, 4,4-ДДЕ 12,4 есе, 4,4-ДДТ мен алдрин 2,2 есе, дильдрин және эндрин 44,2 есе жоғары екендігі анықталды. Амангелді - 2 топырағының құрамында алты тұрақты органикалық қосылыстардың түрі кездесті, ШМК-нан 4,4-ДДЕ 4,5 есе, дильдрин 26,2 есе, эндрин 182 есе және β-ГХЦГ 1,1 есеге көп кездесетіндігі анықталды (Кесте 2).

Кесте 2. Топырақ үлгілеріндегі тұрақты органикалық қосылыстардың концентрациясы (мкг кг<sup>-1</sup>)

Хлорорганикалық пестицидтер	ШМК РК <sub>а</sub>	Басшы	Амангелді 1	Амангелді 2	Белбұлақ	Бесқайнар	Қызылқайрат
2.4-ДДД*	100	< ШМК	128 ± 28.4	33 ± 11.2	176 ± 71.0	848 ± 32.2	14,072 ± 5,239
4.4-ДДД*	100	3.9 ± 1.3	147 ± 50.4	86.4 ± 65.3	200 ± 25.8	825 ± 32.9	11,434 ± 7,302
4.4-ДДЕ*	100	6.6 ± 1.3	1,163 ± 407	445 ± 88.5	577 ± 33.9	34,215 ± 1,305	778 ± 292
4.4-ДДТ*	100	75.2 ± 9.1	1,237 ± 0	< ШМК	20.6 ± 7.5	6,274 ± 179	10,023 ± 2,471
Альдрин*	2.5	7.2 ± 2.0	5.6 ± 1.9	< ШМК	< ШМК	64.0 ± 25.3	230 ± 59.1
Хлордан*	100	< ШМК	30.1 ± 16.5	< ШМК	4.1 ± 0.3	< ШМК	48.1 ± 27.6
Хлорбензилат	20	< ШМК	278 ± 200	< ШМК	8.5 ± 2.5	4,067 ± 165	32,061 ± 12,669
Дибутил хлорендат	-	< ШМК	182 ± 96.4	99.7 ± 64.8	< ШМК	< ШМК	2,135 ± 478
Дильдрин*	0.5	8.7 ± 2.9	22.1 ± 6.9	13.1 ± 8.2	22.0 ± 9.3	194 ± 13.1	133 ± 51.1
Эндосульфан α	100	< ШМК	83.2 ± 0	< ШМК	< ШМК	15.0 ± 0.0 <sup>с</sup>	5.5 ± 0.0
Эндосульфан β	100	< ШМК	< ШМК	< ШМК	< ШМК	233 ± 0.0 <sup>с</sup>	253 ± 163
Эндосульфан сульфат	-	< ШМК	332 ± 259	25.9 ± 10.5	< ШМК	< ШМК	119 ± 76.5
Эндрин*	1	< ШМК	1,289 ± 981	182 ± 0	11.9 ± 2.0	181 ± 17.0	44,085 ± 17,335
Эндрин альдегид	-	< ШМК	62.4 ± 9.6	5.2 ± 0	< ШМК	< ШМК	1,087 ± 198
Гексахлорбензол*	500	< ШМК	21.3 ± 13	< ШМК	< ШМК	< ШМК	4.7 ± 1.9
Гептахлор*	50	< ШМК	< ШМК	< ШМК	< ШМК	39.5 ± 25.5	215 ± 0.0
Гептахлор эпоксид	50	< ШМК	190 ± 174	< ШМК	1.8 ± 0.5	< ШМК	3,029 ± 1,192
Гексабромбензол	30	< ШМК	39.8 ± 0	< ШМК	< ШМК	< ШМК	201 ± 130
Кельан (Dicofol)*	100	< ШМК	5.8 ± 2.6	< ШМК	< ШМК	14.7 ± 5.2	34.4 ± 0.0
Метаксихлор	1600	< ШМК	11.1 ± 0	< ШМК	< ШМК	91.5 ± 16.2	436 ± 281
α-ГХЦГ*	100	5.2 ± 1.7	7.3 ± 0.1	< ШМК	< ШМК	7.3 ± 2.3	89.2 ± 0.0
β-ГХЦГ*	100	38.8 ± 4.7	54.1 ± 15.5	109 ± 11.8	3.1 ± 1.0	252 ± 49.3	488 ± 152
γ-ГХЦГ*	100	< ШМК	19.3 ± 0	< ШМК	< ШМК	13.4 ± 3.4	25.5 ± 16.4
δ-ГХЦГ	100	< ШМК	73.6 ± 0	33.0 ± 11.2	< ШМК	< ШМК	67.4 ± 13.7
Σ	-	146	5,382	1,032	1,025	47,334	121,054

Ескерту: Анықтау шегі (LOD) = 0,1 мкг кг<sup>-1</sup>; а-Қазақстан Республикасы үшін шекті мөлшер концентрацияның (ШМК) мәндері (МНРК және МЕРК, 2004); \* - ТОҚ,

Қызылқайрат топырақ үлгілері тұрақты органикалық қосылыстармен басқа топырақ үлгілеріне қарағанда жоғары ластанған және құрамында он төрт тұрақты органикалық қосылыстар анықталды. 2,4-ДДД 7,8 есе, 4,4-ДДД 100 есе, 4,4-ДДЕ 92,0 есе, 4,4-ДДТ 266 есе, алдрин 44 есе, дильдрин 4,3 есе, эндрин 4,9 есе, гептахлор 141 және  $\beta$ -ГХЦГ 114 есе ШМК -нан жоғары екендігі анықталды (Кесте 2). Бесқайнар топырақ үлгілерінде 13 тұрақты органикалық қосылыстардың концентрациясы анықталды, ШМК-нан 2,4- ДДД 342 есе, 4,4-ДДД 62,7 есе, 4,4-ДДЕ 25,6 есе, 4,4-ДДТ 388 есе, алдрин 181 есе, дильдрин 2,5 есе, эндрин 8,5 есе және  $\beta$ -ГХЦГ 8,3 есе асып түсті. Белбұлақ топырақ үлгілерінде, тұрақты органикалық қосылыстардың 8 түрі анықталды, және ШМК-нан 2,4-ДДД 1,8 есе, 4,4-ДДД 2,0 есе, 4,4-ДДЕ 5,8 есе, дильдрин 44,0 есе және эндрин 11,9 есе жоғары екені анықталды. Осылайша, зерттелген барлық топырақ үлгілерінде тұрақты органикалық қосыластардың 4,4-ДДД, 4,4-ДДЕ, дилдрин және  $\beta$ -ГХЦГ, 4,4-ДДТ түрлерінің басым екендігі анықталды.

Сонымен зерттеу нәтижелері бойынша зерттеуге алынған топырақ үлгілері Қызылқайрат, Бесқайнар топырақ үлгілері пестицидтермен жоғары дәрежеде ластанғаны, Амангелді №1, Амангелді №2, Белбұлақ топырақ үлгілері Басшы бақылау үлгісімен салыстырғанда тұрақты органикалық қосылыстармен орташа дәрежеде ластанғаны анықталды.

### 3.2 Пестицидтермен ластанған топырақ үлгілерінің микробтық алуантүрлілігі

Топырақтың құнарлығы және сапалығының негізгі көрсеткіштерінің бірі оның микробтық алуантүрлілігі және микробтық белсенділігі болып табылады. Топырақтың микробиоценозы оның құнарлылығын, микроорганизмдердің тіршілік әрекетіне байланысты биохимиялық процестердің жиынтық нәтижесін сипаттайды. Топырақ микроорганизмдері кешендерінің сапалық және сандық құрамы топырақ жағдайының маңызды диагностикалық көрсеткіші болып табылады, бұл микробтық қауымдастықтардың жекелеген өкілдерінің экологиялық жағдайлардың өзгеруіне жоғары сезімталдығымен байланысты [252].

Топырақтың құнарлылығы оның құрамындағы органикалық заттардың синтезі мен деградациясының, азотты бекітудің, гумификацияның, биогендік элементтердің айналымының және т.б. маңызды функцияларын жүзеге асыратын микроорганизмдердің белгілі бір топтарының болуына байланысты. Топыраққа пестицидтер сияқты бөгде қосылыстар енгізілсе, салдарынан жергілікті микробтық кешендердің деградациясына әкелуі мүмкін. Екінші жағынан, бұл пестицидтердің трансформациясы мен биодеградациясында жетекші рөл атқаратын микроорганизмдер, тіршілік әрекеті процесінде көміртегі, азот, фосфор және энергия көздері ретінде қолданады. Топырақ пен суда микроорганизмдердің немесе олардың ферменттерінің қатысуымен пестицидтердің гидролизі, тотығуы және тотықсыздану процестері жүреді [253].

Зерттеу жұмысында хлорорганикалық пестицидтермен ластанған топырақ үлгілерінің сынамалары 7 нүктеден (Алматы облысының Талғар ауданы) Қызылқайрат, Белбұлақ, Амангелді №1, Амангелді №2, Бесқайнар, Басшы (бақылау) алынды.

Соңғы жылдары экологиялық тепе-теңдікті сақтауда микроорганизмдердің орасан зор рөлі анықталды. Микроорганизмдердің көптеген формалары ксенобиотиктерді метаболизм үдересінде пайдалану қабілетіне ие, яғни оларды клетканың құрылымдық және энергетикалық метаболизмінде қолданады. Ферменттік жүйелер арқылы жүзеге асырылатын токсиканттардың микробтық деградациясы органикалық токсиканттарды жоюдың белсенді тәсілі болып табылады. Экологиялық маңызды биологиялық агенттердің, соның ішінде микроорганизмдердің номенклатурасы жүйелі түрде кеңейіп келеді. Осыған байланысты, жұмыста Алматы облысының хлорорганикалық пестицидтермен ластанған топырақ үлгілерінің микробтық алуантүрлілігіне метагеномды талдау жүргізілді.

Зертханалық жағдайда микроорганизмдердің дақылдауға келетін бөлігін ғана зерттеуге болады, ал топырақтағы барлық микроорганизмдердің ДНҚ-на негізделген әдістер топырақ құрамының құрылымдық және алуантүрлілік ерекшеліктерін зерттеуде қолданылады. Қоршаған ортадан тікелей алынған генетикалық материалды (ДНҚ немесе РНҚ) зерттеу метагеномика деп аталады. Метагеномика микробиология, экология саласындағы іргелі ғылым салаларында қолданылатын негізгі жаңа заманауи әдіс болып табылады. Гендердің ДНҚ

тізбегін салыстыру арқылы анықталады. Бактерияларды анықтауға арналған алтын стандарт және архей түрлері-бұл бактериялық қауымдастықтардың құрылымын түсіндіру үшін кеңінен қолданылатын 16s РНҚ (рибосомалық РНҚ) суббірлігін кодтайтын генге негізделген.

Топырақ метагеномикасының негізгі мәселесі топырақтан нуклеин қышқылдарын бөліп алу. Бактериялар экстракцияның тиімділігі клетка қабырғасының құрылымына, бактерия түріне, өсу формаларына байланысты. Әр түрлі топырақтарда нуклеин қышқылдарымен бірге алынатын гуминдер әртүрлі мөлшерде кездеседі. Осыған байланысты ДНҚ әдістерінің әртүрлі секрециялары кейінгі зерттеулерден алынған нәтижелерге әсер етеді. Топырақ бактерияларынан нуклеин қышқылдарын бөліп алу және топырақ матрицасынан нуклеин қышқылдарын тазарту ең күрделі процесс болып табылады. ПТР (полимеразды тізбекті реакция), негізінде зерттелетін гендер пробиркада экспоненциалды түрде көбейеді.

Топырақ бактерияларының көпшілігін ДНҚ молекулалары негізінде ғана зерттеуге болатындықтан, бірнеше метагеномды зерттеуге арналған ДНҚ-мақсатты әдістер микробтық экологияның негізгі сұрақтарына жауап береді. Бактериялардың құрамы қауымдастық 16s рРНҚ гендерін клондау арқылы немесе бірнеше жыл бұрын жасалған келесі ұрпақ секвенирлеу әдістерін (NGS) қолдану арқылы анықталады. Микробтар қауымдастығындағы 16s рРНҚ гендерді бөлу арқылы уақыттың әртүрлі нүктелерінде қауымдастық кескіндерін жасауға және математикалық әдістерді қолдану арқылы уақыт өзгерістерін есептеуге негізделген. Микробтық қауымдастық функциясы катаболитикалық гендерді анықтау және сандық анықтау әдістерін қолдану, мысалы, сандық ПТР әдістері немесе флуоресцентті *in situ* будандастыру әдістері (FISH) негізінде жүзеге асырылады. Экологиялық транскриптомика, қоршаған ортадағы мРНҚ молекулаларының ген экспрессиясын сандық бағалау катаболикалық гендердің белсенділігін өлшеуге мүмкіндік береді.


Ең күшті метагеномдық құралдар көбінесе ДНҚ әдістерінің комбинациясы және химиялық немесе микроскопиялық әдістер болып табылады. Мысалы, тұрақты изотоптарды (SIP) зерттеуде маркер ретінде радионуклидтер немесе тұрақты изотоптар арқылы бактериялар пайдаланатын молекулалар ағынын ДНҚ құрылымды блоктары үшін қоректік заттар ретінде өлшеуге болады. Сондай-ақ, метаболиттік зерттеулер үшін флуоресцентті *in situ* будандастыру әдістері радионуклидтермен біріктіріледі.

Ғылыми зерттеу жұмысында Illumina NGS технология платформасы негізінде алынған тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақ үлгілерінің микробтық алуантүрлілігі зерттелді.

Тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақ үлгілерінде кездесетін ферментативті белсенділігі жоғары, әртүрлі хлорорганикалық ластағыштарды түрлендіруге қабілетті микроорганизмдерді зерттеу қызығушылық тудыруда. Бұл микробтар қауымдастығының өкілдері зертханалық жағдайда жасанды қоректік орталарда оқшаулануы мүмкін. Әр түрлі ортада өмір сүретін прокариоттар қауымдастығының 90-99%-ын өсуге

бейім емес, бұл олардың биогеохимиялық және экологиялық функцияларын стандартты микробиологиялық әдістермен нақты зерттеуге болмайтынын білдіреді [254]. Молекулалық биологиялық әдістер микроорганизмдердің дақылданбаған көпшілігін анықтау мен бағалау үшін тиімді, бұл микроорганизмдердің қасиеттерін таза дақылда оқшауламай зерттеуге мүмкіндік береді. Олардың ішінде метагеномиканы, белгілі бір биологиялық жүйеден оқшауланған барлық генетикалық материалды талдауда пайдалануға болады. Метагеномдық тәсіл генетикалық ақпараттың үлкен көлемін талдауға мүмкіндік беретін ДНҚ нуклеотидтер тізбегін «оқуға» арналған жоғары өткізу қабілеттілігін, заманауи технологияларды дамытудың арқасында мүмкін береді. Метагеномдық зерттеулерде құрылымы прокариотты организмдердің қазіргі филогенетикалық классификациясына негізделген 16S рДНҚ генінің талдауы ең танымал болып табылады. Соңғы онжылдықтарда топырақтағы микробтардың құрылымы мен алуантүрлілігі және олардың қоршаған орта факторларымен байланысы метагеномика әдістерімен белсенді түрде зерттелді.

Тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақ үлгілеріндегі микроорганизм реттіліктерінің саны кең шектерде өзгергендіктен, сонымен қатар алуантүрліліктің әртүрлі индекстерін есептеу үшін, әр таңдаманың реттіліктің кездейсоқ үлгілері үшін есептелген индикаторлардың орташа мәндерін қолдандық (Rarefaction талдау).




Сурет 6 - «Rarefaction» тесті: а. өсу қисығы, б. сан қисығы

6 – суретте көрсетілгендей үлгілер үшін жүргізілген реттілікті талдау нәтижелері секвенирленген реттіліктің көлемі ұлғаюымен ОТБ жинақталуының әр түрлі бағытты динамикасын көрсетті (сурет 6, өсу қисығы). Графиктегі қисықтардың көлбеулік бұрышы биоалуантүрліліктің қосымша индикаторы болып табылады – көлбеулік бұрышы неғұрлым үлкен болса, микрофлора соғұрлым алуан түрлі болады. Ал сан қисығы (сурет 6, сан қисығы) микробтық


қауымдастықтың түрлік құрамының динамикасын салыстырмалы қарқындылығын көрсетеді.

Тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақ үлгілерінің микробиоценозының таксономиялық құрылымын талдау. Домен деңгейіндегі микрофлораның таксономиялық құрылымын талдау қауымдастықтың көпшілігі бактериялар екенін көрсетті. Топырақ үлгілерін метагеномды зерттеу нәтижелері бойынша (RKP1 – Қызылқайрат, RKP2 – Бесқайнар, RKP3 – Амангелді №1, RKP4– Амангелді №2, RKP5 – Белбулақ) бактериялардың 10 таксономиялық топтары *Proteobacteria* 36%, *Actinobacteria* 16%, *Bacteroidetes* 13%, *Acidobacteria*, *Planctomycetes*, *Chloroflexi*, *Gemmatimonadates*, *Saccharibacteria*, *Firmicutes*, *Verrucomicrobia* және тағы басқалары басым болатындығы анықталды. (Сурет 7). Топырақтың микробтық қауымдастығының иерархиялық кластерлік талдауы MG-Rast бағдарламасы көмегімен жүргізілді. Дендрограмма құру үшін Пирсон корреляциясы және таксондар арасындағы арақашықтықтары қолданылды.



Сурет 7 – Топырақтың микробтық қауымдастығының иерархиялық кластерлік талдауы (RKP1 – Қызылқайрат, RKP2 – Бесқайнар, RKP3 – Амангелді №1, RKP4 – Амангелді №2, RKP5 – Белбулақ)


Белгіленген жүйелі позициясы бар бактериялардан басқа, 7 – суретте көрсетілгендей барлық үлгілерде фил деңгейінде анықталмайтын тізбектердің көп түрлері болатындығы анықталды. Тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған аймақта *Proteobacteria*, *Actinobacteria*, *Bacteroidetes* туыстарының басым болуымен сипатталады, ал *Verrucomicrobia* өкілдерінің саны салыстырмалы түрде аз болатындығы анықталды.



Сурет 8 – Тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақ үлгілерінің микробтық қауымдастығының пайыздық көрсеткіштері (RKP1 – Қызылқайрат, RKP2 – Бесқайнар, RKP3 – Амангелді №1, RKP4 – Амангелді №2, RKP5 – Белбұлақ)

Тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақ үлгілерінің микробтық қауымдастығын заманауи метагеномикалық әдіс негізінде зерттеу барысында, тек тип деңгейінде ғана емес, сонымен қатар класс, қатар, тұқымдас деңгейінде де анықталды. RKP1 – Қызылқайрат, RKP2 – Бесқайнар, RKP3 – Амангелді №1, RKP4 – Амангелді №2, RKP5 – Белбұлақ топырақ үлгілерінде Bacteria патшалығы микробиоценоздың 13% құрайды, соның ішінде

*Proteobacteria* 9%, *Bacteroides* 2,5 % және *Actinobacteria* 1,5 % екендігі анықталды.




Сурет 9 – Филогенетикалық ағаш түрлерінің тұқымдасы-көлденең түрлердің жүйелі байланысы

Әр түрлі топырақ үлгілерінің микроорганизмдерінің ұқсастығын зерттеу үшін кластерлік талдау қолданылады. Экологиялық микробиологияда UPGMA (орташа арифметикалық өлшенбеген жұптық топ әдісі) кластерлік әдіс қолданылады, бұл әдіс сынақ үлгілерінің өзара байланысын визуализациялау үшін пайдаланылды. Қашықтық матрицалары Unifrac талдаулары арқылы анықталды (сурет 7). Сондай-ақ әр үлгідегі тип деңгейі бойынша 10 негізгі бактериялық топ салыстырылды (сурет 9). Жалпы алғанда, топырақ үлгілер арасында ең кең таралған 10 бактерия тобы анықталды, солардың ішінде *Proteobacteria*, *Bacteroides* және *Actinobacteria* фил өкілдері басым болды. Үлгілердегі топтардың ең көп бөлігі *Proteobacteria* өкілдерінің болуына байланысты, 16s рДНҚ бактериялық гендерінің жалпы тізбегінің 0% - дан 45,5%


-ға дейін өзгергені байқалды. Ал *Tenericutes* мөлшері 65,4% көрсетті, *Bacteroides* салыстырмалы көрсеткіші 33-55,0% құрады, *Firmicutes* салыстырмалы саны шамамен 3,2-45% құрады, *Nitrospirae phylum*, *P. hlrflexi*, *Gemmatim aetes*, *Acidobacteria* және *Fusobacteria* барлық топырақ үлгілерінде аз мөлшерде кездесті.

Тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақ үлгілерінің микробтық қауымдастығының Крона графигі Krona Tools бағдарламасы көмегімен жүзеге асырылды [255].



Сурет 10 – Қызылқайрат топырақ үлгісінде анықталған таксондардың салыстырмалы санының Крона графигі


10 –суретте, Қызылқайрат топырақ үлгілерінде *Proteobacteria*, *Actinobacteria* және *Bacteroides* туыстарының басым екендігі көрсетілген. Үлгілердегі түрлердің ең көп саны *Proteobacteria*-ның салыстырмалы мөлшері 16s рДНҚ бактериялық гендерінің жалпы тізбегінің 36% өзгертті. *Proteobacteria* тобының басым бөлігін *Alphaproteobacteria* 39%, *Gammaproteobacteria* 27%, *Betaproteobacteria* 18%, *Deltaproteobacteria* 16% құрайтындығы анықталды. *Actinobacteria* екінші кең таралған түрі болды, салыстырмалы 16% құрады. Үшінші түрі *Bacteroides* салыстырмалы құрамы 12% кездесетіндігі анықталды.



Сурет 11 – Амангелді № 1 топырақ үлгісінде анықталған таксондардың салыстырмалы санының Крона графигі

Зерттеу нәтижесінде 11 – суретте көрсетілгендей тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған Амангелді №1 пестицидтермен ластанған топырақ үлгілерінде ең көп кездесетін туыс *Proteobacteria* болып табылады, 16s рДНҚ бактериялық гендерінің жалпы тізбегінің 46% көрсетті. *Bacteroides* 21%, *Actinobacteria* 9% екендігі анықталды. Осылайша, топырақ үлгілеріндегі хлорорганикалық заттар ретінде пестицидтердің болуы аммонификациялаушы бактериялардың көбеюін ынталандырды. Зеңдердің азаюы ластанған топырақта олардың өсуін тежейтін хлорорганикалық пестицидтерінің болуына байланысты болуы мүмкін. Ластанған топырақ үлгілеріндегі микроорганизмдердің санын талдау гетеротрофты бактериялардың басым екенін көрсетті, сондықтан осы топта деструктор – микроорганизмдерді іздеу және идентификациялау жүргізілді.

Әрі қарай микробиологиялық зерттеулердің маңызды шарты микроорганизмдердің басым популяцияларының штамдарын идентификациялау және олардың деструктивті қасиеттерін зерттеу үшін таза дақылдарды бөліп алу. Амангелді №2 топырақ үлгілерінің жалпы микрофлорасын зерттеу нәтижелері 12-суретте көрсетілген.




Сурет 12 – Амангелді № 2 топырақ үлгілерінен анықталған таксондардың салыстырмалы санының Крона графигі.

Метагеномды талдау нәтижелері бойынша Амангелді №2 топырақ үлгілерінде микроорганизмдердің келесі физиологиялық топтары анықталған: *Protobacteria* 39%, *Alfaprotobacteria* 47%, *Beta protobacteria* 15%, *Gammaprotobacteria* 22%, *Deltaprotobacteria* 16% құрады.

*Alfaprotobacteria* филдары *Sphingomonadaceae* тұқымдастарының 53%, *Erythrobacteraceae* 11% құрайды. *Beta protobacteria* 37% *Nitrosomonadaceae* 37%, *Comamonadaceae* 46% тұрады. *Gammaprotobacteria* *Xanthomonadaceae* 83%, *Moraxellaceae* 32% құрайды. *Deltaprotobacteria* *Sandaracinaceae* 5%, *Desulfobulbaceae* 20%, *Bacteriovoracaceae* 28% құрайды.


Амангелді № 2 топырақ үлгілерінде *Protobacteria* филумы *Gammaprotobacteria* тобы *Pseudomonadales* қатарына жататын,

*Pseudomonadaceae* тұқымдасының *Pseudomonas* туысының өкілдері 68% кездесетіндігі анықталды.



Сурет 13 – Амангелді № 2 топырақ үлгілерінен анықталған *Pseudomonas* туысының бактерияларының үлесін көрсететін веб-бейнелеу Крона таксономиясы

13 – суретте көрсетілгендей *Pseudomonas* туысының бактерияларының үлесін көрсететін веб-бейнелеу Крона таксономиясы көрсетілген. Амангелді №2 топырақ үлгілерінің микробтық алуантүрлілігінің құрамында *Pseudomonadaceae* тұқымдасының грамтеріс бактериялары басым, жалпы саны 68% құрады, олардың ішінде *Pseudomonas* туысының бактериялары көптеп кездеседі. Бұл көрсеткіштер топырақ микрофлорасының құрамында хлорорганикалық пестицидтердің деструкторлары *Pseudomonadaceae* тұқымдасының бактериялары басым екенін көрсетеді.




Сурет 14 – Белбұлақ топырақ үлгілерінен анықталған таксондардың салыстырмалы санының Крона графигі

14 – суретте көрсетілгендей, *Illumina* заманауи секвенирлеу метагеномды талдауы бойынша Белбұлақ топырақ үлгілерінің жалпы микробтық алуантүрлілігін зерттеу жүргізілді.

Пестицидтермен ластанған топырақ үлгілерін зерттеу метагеномды талдау барысында микроорганизмдердің келесі физиологиялық топтары анықталды: *Protobacteria* 46%, *Alfaprotobacteria* 45%, *Beta protobacteria* 14%, *Gammaprotobacteria* 27%, *Deltaprotobacteria* 13% болатындығы көрсетілді.

*Alfaprotobacteria* физиологиялық тобы *Sphingomonadaceae* 44% және *Erythrobacteraceae* 33% тұқымдасынан тұрады. *Beta protobacteria* филасы *Nitrosomonadaceae* 22%, сонымен қатар *Comamonadaceae* тұқымдасының 75% құрайды. *Gammaprotobacteria* филасы *Xanthomonadaceae* 65%, *Moraxellaceae* 20% тұқымдасынан тұрады. *Deltaprotobacteria* *Sandaracinaceae* 13%,


*Desulfobulbaceae* 5%, *Bacteriovoracaceae* 18% тұқымдасынан тұратындығы анықталды.



Сурет 15 – Белбұлақ топырақ үлгілерінен анықталған *Pseudomonas* туысының бактерияларының үлесін көрсететін веб-бейнелеу Крона таксономиясы

15-суретте *Pseudomonas* туысының бактерияларының үлесін көрсететін веб-бейнелеу Крона таксономиясы ұсынылған. Белбұлақ топырақ үлгілерінің микробтық алуантүрлілігінің құрамында *Pseudomonadaceae* тұқымдасының грамтеріс бактериялары басым екені көрсетілген. Бұл көрсеткіштер топырақ микрофлорасының құрамында хлорорганикалық пестицидтердің деструкторлары *Pseudomonas* туысының бактериялары 80% болатыны көрсетілді. Экологиялық қауіпсіз биотыңайтқыштарды алуда және жаңа биопрепараттарды құрастыруда *Pseudomonas* туысының көптеген өкілдері өсуді ынталандырушы және биологиялық бақылауды қамтасыз етуде маңызды рөл атқарады. Қоршаған ортадан тұрақты органикалық қосылыстарды жою және ыдырату мақсатында, құрамында катаболитикалық гендері, плазида және геномдары P450 экспрессиялауға қабілетті *Rhodococcus*, *Gordonia*, *Mycobacterium* және *Pseudomonas* сияқты бірнеше микроорганизмдердің түрлерін Chakraborty және Das атты ғалымдар ұсынған болатын [256]. Тұрақты органикалық қосылыстардың кең спектрін ыдыратуда гемтиолат -


ақуыздарының түрлерін синтездейтін P450 цитохром монооксигеназаның да үлесі зор болып табылады.



Сурет 16 – Бесқайнар топырақ үлгілерінен анықталған таксондардың салыстырмалы санының Крона графигі


16 – суретте көрсетілгендей, *Illumina* заманауи секвенирлеу метагеномды талдауы бойынша Бесқайнар топырақ үлгілерінің жалпы микробтық алуантүрлілігін зерттеу жүргізілді. Пестицидтермен ластанған топырақ үлгілерін зерттеу метагеномды талдау барысында микроорганизмдердің келесі физиологиялық топтары анықталды: *Protobacteria* 40%, *Alfaprotobacteria* 48%, *Beta protobacteria* 9%, *Gammaprotobacteria* 26%, *Deltaprotobacteria* 16%. *Alfaprotobacteria* тобы *Sphingomonadaceae* 43%, *Erythrobacteraceae* 10%, *Beta protobacteria Nitrosomonadaceae* 19%, *Comamonadaceae* 67%, *Gammaprotobacteria Xanthomonadaceae* 56%, *Moraxellaceae* 20%,

*Deltaprotobacteria Sandaracinaceae* 9%, *Desulfobulbaceae* 21%,  
*Bacteriovoracaceae* 36% тұқымдастарынан тұратыны анықталды.



Сурет 17 – Бесқайнар топырақ үлгілерінен анықталған *Bacillus* туысының бактерияларының үлесін көрсететін веб-бейнелеу Крона таксономиясы

17 – суретте көрсетілгендей *Bacillus* туысының бактерияларының үлесін көрсететін веб-бейнелеу Крона таксономиясының визуализациясы көрсетілген. Топырақ үлгілерінің микробтық алуантүрлілігін зерттеу барысында грам-оң спора түзетін бактериялары *Bacillaceae* тұқымдасының 79% басым екені анықталды. Бесқайнар топырақ үлгілерінің микробиотасында *Bacillus* туысының бактериялардың саны 18% құрады.



Сурет 18 – Басшы (бақылау) топырақ үлгілерінен анықталған таксондардың салыстырмалы санының Крона графигі

18 – суретте көрсетілгендей *Illumina* заманауи секвенирлеу метагеномды талдауы бойынша Бесқайнар топырақ үлгілерінің жалпы микробтық алуантүрлілігін зерттеу жүргізілді.

Пестицидтермен ластанған топырақ үлгілерін зерттеу метагеномды талдау барысында микроорганизмдердің келесі физиологиялық топтары анықталды: *Proteobacteria*, *Tenericutes*, *Actinobacteria*, *Firmicutes*, *Bacteroidetes*, *Nitrospirae* және *Acidobacteria*.

Микробтық кешендердің қоршаған ортаны ластайтын факторлармен өзара әрекеттесуін зерттеудің маңызы олардың практикалық құндылығы болып табылады. Қоршаған ортаны қайта қалпына келтірудің әдісі ретінде - микроорганизмдердің биотехнологиялық потенциалын пайдалану тиімді болып табылады [257]. Соңғы жылдары ғылыми зерттеулерде қоршаған ортаны биомониторинг және биоремедиациялау мақсатында пайдалануға болатын объектілер ретінде топырақ микроорганизмдерінің әртүрлі систематикалық топтарына деген қызығушылық өте жоғары. Микроорганизмдерді биоремедиацияда пайдалану физиологиялық-биохимиялық және экологиялық, молекулалық – генетикалық ерекшеліктеріне байланысты. Топырақтың кез-

келген түрінде микроорганизм популяцияларының саны 1 г-да миллиондаған-миллиардтаған клеткалар кездеседі. Микроорганизмдердің көбею процесіндегі жоғары жылдамдылық белсендігі, стресстік әсерлерге жауап беру жылдамдығы қысқа уақыт ішінде қоршаған ортаға енетін белгілі метоболиттік өнімдерінің ықтимал қауіптілік деңгейін анықтауға мүмкіндік беретіні негізгі қабілеттері болып табылады.

Микробтық қауымдастықтар мен қоршаған орта объектілерінің ластаушы факторлармен өзара әрекеттесуін зерттеу практикалық мәселелерді шешетін өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Сонымен зерттеу нәтижелеріне сәйкес тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақ үлгілерінің ішінде Қызылқайрат және Бесқайнар топырақ үлгілерінде *Pseudomonas* және *Bacillus* туысының өкілдері басым екені көрсетілген. Бұл деструктор – штамдардың ферментативті белсенділігіне байланысты және ластанған топырақтарды биоремедиациялауда ұсынуға болады.


Тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақ үлгілерінің микробтық алуантүрлілігі

Топырақ микроорганизмдері көптеген биогеохимиялық процестерге жауапты органикалық заттардың минералдануы, элементтер айналымы, фосфордың өзгеруі, ақуыз және нуклеин қышқыл синтезі сияқты процестерге қатысады. Ауылшаруашылық биоалуантүрлілікке жергілікті бактериялар, саңырауқұлақтар, өсімдіктер және жануарлар кіреді. Топырақтың микробтық алуантүрлілігін бағалау тек қана сандық және сапалық сипаттамалары ғана емес, сонымен қатар экожүйедегі қызметі мен рөлі және тірі организмдерге әсері кіреді. Топырақтың биологиялық белсенділігі топырақ алуантүрлілігінің, микроорганизмдердің құрамы мен ферментативті белсенділігіне тікелей байланысты. Микроорганизмдер топырақтағы барлық процестердің 80-90% қатысады. Олар өсімдіктердің өнуі тұқым үшін қолайлы жағдай жасайды және тамырдың дамуы биомасса шығымына оң әсер етеді. Өсімдік тамырлары топырақтағы микробтық алуантүрлілікке әсер ететін әртүрлі химиялық қосылыстарды бөліп шығарады. Өсімдіктердің ризосферасы бактериялар мен микоризды саңырауқұлақтардың тіршілік ету ортасы болып табылады, өйткені олар тамыр секрециясын қорек көзі ретінде пайдаланады. Сонымен қатар, микроорганизмдер антибиотиктерді, сондай-ақ өсімдіктердің өсуін ынталандыратын заттарды (мысалы, этилен, ауксиндер және цитокиндер) және қоректік заттардың биожетімділігін арттыра алатын фосфатты қосылыстарды түзуге бейім болып келеді. *Pseudomonas* туысының өкілдері әртүрлі биологиялық белсенді қосылыстар түзе алады мысалы, антибиотиктер, литикалық ферменттер, этилен, ауксиндер және гиббереллиндер. *Pseudomonas sp.* штамы Fe үшін сидерофора түзу арқылы қоректік орта үшін патогенді микроорганизмдермен бәсекелеседі.

Жоғарыда айтылған процесстерді ескере отырып, тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақтардың жалпы микрофлорасын зерттеу жүргізілді.

Зерттеу жұмысында тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақ үлгілері келесі нүктелерден алынды: Алматы облысы Талғар ауданының Амангелді №1, Амангелді №2, Белбұлақ, Қызылқайрат, Бесқайнар. Бақылау ретінде Басшы топырақ үлгілері болды.


Тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақтардың микробтық алуантүрлілігін зерттеу 19 – суретте келтірілген.



Сурет 19 – Тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақ үлгілерінің микробтық алуантүрлілігі

19 – суретте көрсетілгендей, тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақтардың микробтық алуантүрлілігін зерттеуде микроорганизмдердің келесі топтары анықталды: гетеротрофты бактериялар –  $3,2-7,2 \times 10^7$  КТБ  $г^{-1}$ , аммонификациялаушы бактериялар –  $2,1-4,7 \times 10^7$  КТБ  $г^{-1}$ , зең саңырауқұлақтар –  $1,3-9,5 \times 10^7$  КТБ  $г^{-1}$ , ал целлюлоза ыдыратушы аэробты бактериялар –  $1,7-7,1 \times 10^7$  КТБ  $г^{-1}$ . Басшы бақылау топырақ үлгісінде зең саңырауқұлақтарымен, целлюлоза ыдыратушы аэробты бактериялар және ашытқы саңырауқұлақтары басым. Амангелді №2 және Белбұлақ топырақ үлгілерінде микробтық алуантүрлілігіне байланысты микроорганизмдердің бірдей топтары анықталған. Амангелді №2 топырақ үлгілері көбінесе зең саңырауқұлақтардан, целлюлоза ыдыратушы аэробты бактериялардан және азотфиксациялаушы бактериялардан, Белбұлақ топырақ үлгілерінің микробтық алуантүрлілігі – целлюлоза ыдыратушы аэробты бактериялардан, ашытқы саңырауқұлақтарынан және гетеротрофты бактериялардан тұратындығы анықталған. Амангелді №1 топырақ үлгілерінде азотфиксациялаушы бактериялар және гетеротрофты бактериялар, зең саңырауқұлақтары бірдей

мөлшерде кездесті. Бесқайнар топырақ үлгілерінде гетеротрофты бактериялар мен зең саңырауқұлақтары, аммонификациялаушы бактериялар басым болды. Тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған басқа топырақ үлгілеріне қарағанда Қызылқайрат топырақ үлгілері салыстырмалы түрде пестицидтермен жоғары ластанған, гетеротрофты бактериялар мен зең саңырауқұлақтары, азотфиксациялаушы бактериялар кездесетіні анықталған. Бақылау үлгісінде мезофильді аэробты және факультативті-анаэробты микроорганизмдердің жалпы саны  $4,3 \times 10^7$  КТБ  $г^{-1}$  құрады. Сонымен, ластанған топырақ үлгілерінде азотфиксациялаушы бактериялардың басым болуына байланысты целлюлолитикалық бактериялар мен ашытқы саңырауқұлақтарының аз кездесуімен сипатталады (20-сурет).



Сурет 20 – Пестицидтермен ластанған топырақ үлгілерінің микробтық алуантүрлілігі, %

20 – суретте көрсетілгендей Басшы, Қызылқайрат және Амангелді №2 топырақ үлгілерінде зең саңырауқұлақтары 19-29% құрады, азотфиксациялаушы бактериялар Амангелді №1, Амангелді №2 және Қызылқайрат топырақ үлгілерінде 22-29%, аммонификациялаушы бактериялар Бесқайнар және Амангелді №2 топырақ үлгілерінде 19-27% құрайтындығы көрсетілген.

Ластанған топырақ үлгілерінің микробтық алуантүрлілігін зерттеу нәтижесінде келесі физиологиялық топтар бойынша басым болды: аммонификациялаушы,  $N_2$ -фиксациялаушы, гетеротрофты бактериялар мен зең саңырауқұлақтары. Бұл физиологиялық топтар топырақтың өзін-өзі тазарту қабілетін қамтамасыз етіп, топырақ түзу процестеріне тікелей қатысады.

Тұрақты органикалық қосылыстардың сорбция/десорбциясынан кейін органикалық ластаушы заттар әдетте клетка мембранасына тасымалданады және микроорганизм клеткасына сінеді. Тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақ үлгілеріндегі сорбция және тасымалдау маңызды процестер болып табылады, тұрақты органикалық қосылыстар және микробтардың биожегімділігін жақсарту бейімделу механизмдері бұл процесте шешуші рөл атқарады.


Экожүйенің барлық биотикалық компоненттерінің ішінде микробтар қауымдастығы экожүйелердің ауылшаруашылық дамуы кезінде болатын экологиялық жағдайдың өзгеруіне және антропогендік әсердің басқа түрлерінің, соның ішінде ластаушы заттардың болуына өте сезімтал. Әр түрлі микроорганизмдердің бір-бірімен және өсімдікпен, сондай-ақ агробиоценоздың басқа компоненттерімен қарым-қатынасының күрделілігі мен әртүрлілігі топырақтың фито-санитарлық жағдайын және оның тұрақтылығын тұтастай жүйе ретінде анықтайды [258].

Топыраққа енетін пестицидтер микроорганизмдер қауымдастығына тікелей немесе жанама әсер етеді. Қазіргі таңда микробиологиялық мониторинг қоршаған ортаның сапасын бақылаудың басым бағыттарына жатады. Қазіргі уақытта микроорганизм қауымдастықтарының құрылымдық қайта құруларын зерттеуге және микроорганизмдердің әртүрлі топтарын есепке алуға негізделген поллютанттардың әсерін бағалау әдістері жақсы әзірленген [259].

Экологиялық тұрғыдан алғанда, топырақ күрделі гетерогенді жүйе болып табылады. Топырақ жағдайлары микрофлораның алуантүрлілігіне және қызметіне әсер етеді, сонымен қатар пестицидтің токсинді әсерінің көріну дәрежесін анықтайды.

Пестицидтермен ластанған топырақ үлгілерінің микробтық алуантүрлілігі зерттелді. Топырақ үлгілерінің микрофлорасының сандық және сапалық құрамының деректері алынды.

Жұмыстың келесі кезеңдерінде Амангелді №1 және Амангелді № 2 топырақ үлгілеріндегі микрофлораның сапалық және сандық құрамы зерттелді, нәтижелері 21 – суретте көрсетілген.



Сурет 21 – Амангелді №1 және Амангелді №2 топырақ үлгілері микрофлорасының сандық және сапалық құрамы

Топырақ үлгілеріндегі микрофлораның сапалық және сандық құрамын зерттеу нәтижесінде Амангелді №1 топырақ үлгілерінің микрофлорасында зең саңырауқұлақтары (31%), аммонификациялаушы бактериялар (26%), аэробты целлюлоза ыдыратушы бактериялар (20%), гетеротрофты бактериялар (14%), ашытқылар (9%) кездесті. Амангелді № 2 топырақ үлгілерінде гетеротрофты бактериялар (34%), азотфиксациялаушы бактериялар (24%), аммонификациялаушы бактериялар (12%), аэробты целлюлоза ыдыратушы бактериялар (11%), зең саңырауқұлақтары (20%) болатыны анықталды.

22 – суретте Қызылқайрат топырақ үлгілеріндегі микрофлораның сапалық және сандық құрамы көрсетілген.



Сурет 22 – Қызылқайрат топырақ үлгілері микрофлорасының сандық және сапалық құрамы


Топырақтың микробиологиялық құрамын зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Қызылқайрат микрофлорасында гетеротрофты бактериялардың саны 34%, аммонификациялаушы бактериялар - 23%, ашытқы – 21%, аэробты целлюлоза ыдыратушы бактериялар - 16%, азотфиксациялаушы бактериялар-3%, зең саңырауқұлақтары-микроорганизмдердің жалпы санының 3% құрайды. Қызылқайрат топырақ микрофлорасында гетеротрофты және аммонификациялаушы бактериялар басым.

23, 24 – суретте Бесқайнар және Белбұлақ топырақ үлгілеріндегі микрофлораның сапалық және сандық құрамын зерттеу нәтижелері келтірілген.



Сурет 23 –Бесқайнар топырақ үлгілері микрофлорасының сандық және сапалық құрамы

Бесқайнар топырақ үлгілерін зерттеу нәтижесінде гетеротрофты бактериялардың саны 26%, зең саңырауқұлақтары - 24%, аммонификациялаушы бактериялар - 20%, ашытқылар - 12%, аэробты целлюлоза ыдыратушы бактериялар-11% құрады. Бесқайнар топырағының микробиоценозында сапрофитті микроорганизмдердің топтары, соның ішінде аммонификациялаушы және гетеротрофты бактериялар, зең саңырауқұлақтары басым екені анықталды.



Сурет 24 –Белбұлақ топырақ үлгілері микрофлорасының сандық және сапалық құрамы

24 – суретте Белбұлақ топырақ үлгілерінің микрофлорасында аммонификациялаушы бактериялар (35%), ашытқылар (27%), гетеротрофтардың (18%) саны басым екендігі, сондай-ақ аэробты целлюлоза ыдыратушы бактериялар (9%), азотфиксациялаушы бактериялар (7%) және зең саңырауқұлақтар (4%) екені анықталды.

Тұрақты органикалық ластағыштармен ластанған топырақ үлгілерінің микробиологиялық құрамын талдау ластанған топырақта гетеротрофты және аммонификациялаушы бактериялардың көбеюін және зеңдер мен аэробты целлюлозалитикалық бактериялардың азаюын көрсетті.

### 3.3 Микроорганизмдердің морфология – культуральдық, физиология-биохимиялық қасиеттері және молекулалық - генетикалық идентификациясы



Пестицидтерді қолдану ауылшаруашылық өндірісін интенсификациялаудың негізгі жолдарының бірі болып отыр. Алайда, қоршаған ортаға қолданылатын бөгде химиялық заттар болғандықтан, олар табиғат пен адамға қауіп төндіруі мүмкін. Хош иісті қатардың хлор туындылары ерекше қауіп төндіреді. Ксенобиотикалық молекулаларды қауіпсіз формаларға айналдыруға қабілетті деструктивті микроорганизмдерді қолдануға негізделген биосфераға жағымсыз әсерлердің алдын алудың биотехнологиялық тәсілі ең заманауи әдістердің бірі болып табылады және қайталама ластану өнімдерінің пайда болуын болдырмайды. Қоршаған ортадағы айналымдағы ксенобиотиктердің деградациясындағы үлкен рөл топырақ бактерияларына тиесілі. Сондықтан ксенобиотиктердің микробиологиялық деструкциясын





зерттеудің қазіргі кезеңі деструктор штамдарының физиологиялық, биохимиялық және генетикалық ерекшеліктерін зерттеуге деген қызығушылықпен сипатталады [260].





Осыған байланысты, зерттеу жұмысында біз тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақ үлгілерінен (Қызылқайрат, Бесқайнар, Амангелді №1, Амангелді №2, Белбұлақ) және бақылау (Басшы) перспективті штамдарды анықтаймыз. Жұмыс барысында тұрақты органикалық қосылыстарды ыдыратуға қабілетті деструктор – микроорганизмдердің скринингін жүргізу үшін, ластанған топырақ үлгілерінен барлығы 40 таза дақылдар бөлініп алынды.





Деструктивті микроорганизм дақылдарының морфологиялық-культуральдық және физиологиялық-биохимиялық қасиеттері зерттелді. 1-кестеде деструктор – микроорганизмдердің морфологиялық-культуральдық қасиеттері көрсетілген.






Кесте 3. Деструктор – микроорганизмдердің морфология-культуральдық қасиеттері


№	Деструктор-микроорганизмдер	Клетка морфологиясы 600X	Морфология-культуральдық қасиеттердің сипаттамалары
1	2	3	4
1	<i>Pseudomonas plecoglossicida</i> K2		Грам теріс, таяқша тәрізді, қозғалмалы бактерия, 0,5-1,0 x 1,5 – 5,0 мкм болатын екі полярлы жіпшесі бар және тік таяқшалы формалы. Тығыз қоректік ортада олар жұқа жылтыр жабынды, тұтас, тегіс жиегі бар дөңес колонияларды құрайды. Колонияларда беткі қабықшалар түзбейді.
2	<i>Bacillus aryabhatai</i> K3		Грам оң, түзу таяқшалар, дөңгелек ұштары бар, өлшемі 0,5-2,5 x 1,2-10 мкм, жұп болып орналасқан. Үлкен, тегіс, дөңес, ақ колонияларды құрайды.

3	<i>Pseudomonas koreensis</i> AK1		<p>Грамм теріс таяқшалар, қозғалмалы, клетка мөлшері 0,5 – 1,0 x 1,5-4,0 мкм.</p> <p>Тығыз қоректік ортада олар жұқа, жылтыр жабынды, тұтас, тегіс жиектері бар дөңес колонияларды құрайды.</p>
4	<i>Bacillus amyloliquefaciens</i> AK3		<p>Грамм оң қозғалмалы таяқшалар, перитрихтер, мөлшері 0,5-0,7x2,5-3,0 мкм, тізбектер түзбейді.</p> <p>Тығыз қоректік ортада диаметрі 3-5 мм болатын кішкентай, тегіс, дөңес ақ күңгірт колониялар пайда болады.</p>
5	<i>Bacillus pumilus</i> AK4		<p>Орталық немесе парацентрально орналасқан эллипсоидты споралары бар грамм оң аэробты таяқшалар, клетка мөлшері 0,7-0,8 x 2-3 мкм.</p> <p>Тығыз қоректік ортада үлкен колониялар құрайды, шеттері біркелкі емес.</p>
6	<i>Bacillus subtilis</i> AK5		<p>Грамм оң, спора түзетін аэробты, таяқша тәрізді, клетка мөлшері 2-5 × 0,4-0,6 мкм. Споралар сопақша, клетка өлшемінен аспайды, орталықта орналасқан.</p> <p>Тығыз өсетін ортада колониялар құрғақ, ұсақ мыжылған. Колонияның шеті толқынды.</p>

7	<i>Bacillus amyloliquefaciens</i> SK2		Грам оң, спора түзетін аэробты, таяқша тәрізді, клетка мөлшері 0,5-1,5 мкм. Споралар сопақша, клетка өлшемінен аспайды, жалғыз немесе жұппен орналасады, кейде тізбектер түзеді. Тығыз қоректік ортада ақшыл түсті колониялар пайда болады. Пигмент түзбейді.
8	<i>Rhodotorula glutinis</i> B5		Бір клеткалы пигмент түзуге қабілетті ашытқы. Қызғылт түсті тегіс колониялармен түзеді. Клетка мөлшері 3,8-5 мкм. Көбею көпполярлы бүршіктену есебінен жүреді.
9	<i>Bacillus thuringiensis</i> SA'2		Грам оң, спора түзетін анаэробты, таяқша тәрізді бактериялар, клетка мөлшері 0,4-0,6x1,5-5 мкм. Қозғалғыш, субгерминалда орналасқан ыстыққа төзімді спора түзеді. Тығыз қоректік ортада колониялар құрғақ, ұсақ мыжылған.
10	<i>Bacillus subtilis</i> SA'3		Грам оң, спора түзетін аэробты, таяқша тәрізді, клетка мөлшері 2-5 × 0,4-0,6 мкм. Споралар сопақша, клетка өлшемінен аспайды, орталықта орналасқан. Тығыз өсетін ортада колониялар құрғақ, ұсақ. Колонияның шеті толқынды.

11	<i>Solibacillus isronensis</i> KS1		<p>Грам оң, спора түзетін таяқшалар, клетка мөлшері 0,5-1,0 x 1,5 - 5,0 мкм. Қозғалғыш, субтерминалда орналасқан ыстыққа төзімді термофильді спора түзеді. Тығыз қоректік ортада колониялар құрғақ, ұсақ мыжылған.</p>
12	<i>Pseudomonas sp.</i> KC2		<p>Грам-теріс, таяқша тәрізді, клетка мөлшері 0,5-1,0 x 1,5 - 3,0 мкм. Тығыз қоректік орталарда жұқа жылтыр жабын, қатты, біркелкі шеттері бар дөңес колониялар құрайды.</p>
13	<i>Bacillus pumilus</i> B1		<p>Орталық немесе парацентралды орналасқан эллипсоидты споралары бар грам оң аэробты таяқшалар, клетка мөлшері 0,8-0,9 x 1-2 мкм. Тығыз қоректік ортада үлкен колониялар құрайды.</p>
14	<i>Bacillus amyloliquefaciens</i> B2		<p>Грам оң, спора түзетін аэробты, таяқша тәрізді, клетка мөлшері 0,6-1,7 мкм. Споралар сопақша, клетка өлшемінен аспайды, жалғыз немесе жұппен орналасады, кейде тізбектер түзеді.</p>

15	<i>Bacillus subtilis</i> B3		Грам оң, спора түзетін аэробты, таяқша тәрізді, клетка мөлшері 2-4 × 0,3-0,7 мкм. Споралар сопақша, клетка өлшемінен аспайды, орталықта орналасқан.
16	<i>Bacillus pumilus</i> SB1		Грам теріс түзу таяқшалар, ұзындығы 1,1-1,3 мкм, перитрихильды флагелла есебінен қозғалады. Тығыз қоректік ортада тұтас, тегіс жиегі бар шырышты, дөңес колониялар түзіледі.
17	<i>Bacillus paramycooides</i> SA1		Грам оң, таяқшалар, клетка мөлшері 0,8-1,2 x 1,8 - 3,5 мкм. Спора түзу қабілеті жоқ. Тығыз қоректік ортада колониялар құрғақ, ұсақ мыжылған.
18	<i>Bacillus megaterium</i> AS1		Грам оң, спора түзетін таяқшалар, клетка мөлшері 0,5-1,5x2,0-3,8 мкм. Споралары сопақша, клетка өлшемінен аспайды, жеке немесе жұп болып орналасады, кейде тізбектер түзеді. Тығыз қоректік ортада ақ түсті колониялар түзеді. Қоректік ортаға пигмент түзбейді.
19	<i>Cutaneotrichosporon moniliiforme</i> (синоним <i>Trichosporon moniliiforme</i> ) BR4		Перитрихильды флагелла есебінен қозғалатын грам теріс таяқшалар. Ұзындығы 1,1-1,3 мкм және ені 0,5-0,6 мкм. Тығыз қоректік ортада қызғылт-күлгін түсті колониялар түзіледі, тегіс жиегі бар.

20	<i>Alkanindiges illinoisensis</i> BP7		Грамотеріс алканды бұзатын бактериялар. Аэробты, спора түзбейді, мөлшері 0,9-1,6 мкм және ұзындығы 1,5-2,5 мкм болатын ұсақ таяқшалар стационарлық өсу фазасында сфералық болады. Тығыз қоректік ортада тұтас, тегіс жиегі бар дөңес колониялар түзіледі.
----	---------------------------------------	---	---

Морфологиялық – культуральдық белгілері бойынша K2 штамы - грам – теріс қысқа, спора түзбейтін, қозғалмалы таяқшалар, ал K3 штамы – грам – оң ірі, спора түзетін, қозғалмалы таяқшалар, AK3 – грам – оң, спора түзетін, қозғалмалы кокктар, AK5-грам оң, спора түзетін, қозғалмалы таяқшалар, AK4-грам-оң, спора түзбейтін, қозғалмалы таяқшалар, AS1-грам-оң, спора түзуші, жылжымалы таяқшалар, BR1-грам-оң, спора түзетін, қозғалмалы, ұсақ таяқшалар, BR3-грам-оң, спора түзетін, жылжымалы кокктар, BR7 – грам-позитивті, спора түзетін, қозғалмалы кокктар.

4 – кестеде негізгі диагностикалық белгілері бойынша бөлініп алынған штамдардың сипаттамасы берілген.

Кесте 4 – Бөлініп алынған таза дақылдардың негізгі морфологиялық, тинкториалдық және биохимиялық қасиеттері

№ п/п	Дақыл	Клетка формасы	Грамм әдісі бойынша бояу	Қозғалғыштығы	Спорасы	Желатин гидролизі	Крахмал гидролизі	Казеин гидролизі	Каталаза белсенділігі	Молекулалық азотты қолдануы	42°C температура өсуі	Молекулалық оттегіге қатысы
1	K2	п	-	+	-	+++	++	++	+	+	+++	аэробты
2	K3	п	+	+	+	++	++	+	+	-	+++	аэробты
3	K1	п	+	+	+	++	+++	+++	+	-	+++	аэробты
4	K4	к	-	+	-	+	+	++	+	-	-	аэробты
5	KS1	п	+	+	+	++	+	++	++	-	++	аэробты
6	B1	к	+	+	-	+++	++	+++	+	+	++	аэробты
7	B2	п	+	+	+	++	+++	++	+	+	+++	микро-аэрофильді
8	B3	п	+	+	+	++	+++	+	++	+	++	аэробты
9	B4	п	+	-	-	++	++	++	++	-	++	аэробты
10	SK1	к	+	+	-	+++	+++	+	+++	+	+++	микро-аэрофильді
11	SK2	п	+	-	+	+++	++	++	+++	+	++	микро-аэрофильді
12	SB1	п	+	-	+	++	+	++	++	+	+++	аэробты
13	SB2	п	+	+	+	+++	+	+++	++	+	++	аэробты
14	AK1	к	+	+	-	+++	++	+++	+	+	++	микро-аэрофильді

15	AK2	к	+	+	-	+	+	-	+	+	++	аэробты
16	AK3	к	+	+	+	+++	+++	++	+++	+	+++	аэробты
17	AK4	п	+	+	-	++	+++	+	+++	+	+++	аэробты
18	AK5	п	+	+	+	+++	+++	-	++	-	++	аэробты
19	AK6	п	+	+	+	++	+++	+	++	-	+	аэробты
20	AC1	п	+	+	+	+++	++	+	+++	+	++	аэробты
21	AC2	к	-	-	-	+	+	++	+	+	++	аэробты
22	AC3	к	+	-	-	+++	+	+	+++	+	++	аэробты
23	AC4	к	+	+	-	+	+	+++	+	-	++	аэробты
24	AC5	к	+	+	-	++	+	+	+	+	++	микро-аэрофильді
25	AC6	п	+	+	+	++	++	+++	+	+	+++	микро-аэрофильді
26	AC7	к	+	+	-	++	+++	+++	+++	-	+++	аэробты
27	AC8	к	-	+	-	+	+	++	+	-	-	аэробты
28	CA1	п	+	+	+	++	++	++	++	-	++	аэробты
29	CA2	п	+	-	+	+++	++	+	++	-	+++	аэробты
30	CA'1	п	+	+	+	++	++	+++	++	-	+++	аэробты
31	CA'2	к	-	-	-	++	+++	+++	+++	-	++	микро-аэрофильді
32	CA'3	к	-	-	-	++	++	+	++	-	++	микро-аэрофильді
33	CA'4	п	+	+	+	+++	++	++	+++	-	+++	аэробты
34	BR1	п	+	+	+	++	++	++	+	+	+++	микро-аэрофильді
35	BR2	п	+	+	+	++	++	+	+	+	+++	аэробты
36	BR3	к	+	+	+	+++	+++	+++	+	+	+++	аэробты
37	BR4	п	+	+	+	+++	+	++	++	-	++	аэробты
38	BR5	о	+	+	-	-	-	-	+	+	++	анаэробты
39	BR6	о	-	+	-	-	-	-	+	+	++	анаэробты
40	BR7	к	+	+	+	++	+++	+	++	+	++	аэробты

Ескерту-п-таяқша тәрізді клеткалар; к-коккалар, о-сопақ клеткалар;  
«+ -» белгі бойынша оң; «- -» белгі бойынша теріс

Алынған мәліметтер негізінде топырақ үлгілерінен окшауланған микроорганизмдердің дақылдары арасында грам-оң таяқшалар мен кокктар, грам-теріс таяқша тәрізді бактериялар және сопақ клеткалар анықталды. Зерттелетін дақылдардың ішінде 18 штамм-K2, K4, B1, B4, SK1, AK1, AK2, AK4, AS2, AS3, AS4, AS5, AS7, AS8, SA'2, SA'3, BR5, BR6 спора түзбейді, ал қалған штамдар эндоспоралар түзеді. B4, SK2, SB1, AS2, AS3, SA2, SA'2 және SA'3 штамдарынан басқа барлық бөлініп алынған штамдар жылжымалы. Көптеген дақылдар 42<sup>0</sup>С температурада жақсы өсті және молекулалық азотты қолдануда белсенді болды. Молекулалық оттегінің қатысуымен дақылдардың өсуін зерттеу кезінде 9 дақыл аэробты болды B1, B2, A1, AS5, AS6, CA'2, CA'3 және BR1

микроаэрофилдерге, BR5 және BR6 – факультативті анаэробтар. Каталаздың белсенділік барлық штамдары оң, крахмал мен казеинді және желатинді гидролиздейді.

Морфология – культуральдық және физиологиялық-биохимиялық қасиеттерін зерттеу нәтижесінде бөлініп алынған дақылдар *Bacillus*, *Rhodococcus*, *Pseudomonas*, *Rhodotorula* түрлеріне жатқызылды.

Топырақтың әр түрлі ластануы деңгейі үшін арнайы штамм - деструкторлар қолданылады. Ксенобиотиктерге төзімді микроорганизмдердің бөлінуін ксенобиотиктердің жоғары концентрациясы ұзақ уақыт болатын топырақтан жүргізген жөн [261]. Сонымен қатар, топырақтың әр түріне белгілі бір штаммдар-деструкторлар, жергілікті микрофлораның өкілдерінен бөлініп алынады. Аборигендік деструкторларды тікелей зерттеу нәтижесінде табиғи микрофлора қауымдастығынан ең белсенді штаммдар оқшауланады, эффективті өсіру жағдайлары таңдалады, биомасса өндіреді және оны ластанған ортаға енгізеді, содан кейін стандартты агротехникалық әдістермен белсендіріледі.

Деструктор-микроорганизм штамдарын ПТР әдісі арқылы идентификациялау.

ДНК/РНҚ және ақуыз арақатынастары штаммдардың өсу жылдамдығымен тығыз байланысты екені анықталды. Рибосомалар өсіп келе жатқан жасушалардағы жалпы РНҚ-ның шамамен 85% құрайтынын ескере отырып, жалпы РНҚ құрамы өсу жылдамдығымен байланысты. Зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне сәйкес, K2, K3, B1, B2, AK1 және AK5 штамдары үшін РНҚ/ДНК/ақуыз арақатынасының салыстырмалы өсу қарқынымен салыстырмалы жақын корреляциясы байқалды (5-кесте). Сонымен қатар, тұрақты органикалық қосылыстарды ыдыратуға қабілетті 20 штамм молекулалық – генетикалық әдіспен түрге дейін идентификацияланды (6-кесте).

Кесте 5 – Тұрақты органикалық қосылыстарды ыдыратуға қабілетті перспективті деструктор – штаммдардың сандық генетикалық сипаттамасы

Штамм	Әдістерді салыстыру									Флуориметриялық ДНК	
	Спектрофотометриялық			Флуориметриялық			ЖЭСХ				
	(µg g <sup>-1</sup> )			(µg g <sup>-1</sup> )			(µg g <sup>-1</sup> )			F/S	F/H
	D	P	P/D	D	R	R/D	D	R	R/D		
K2	39.7±14.2	29.9±5	0.84	18.6±0.3	5.7±2.8	0.31	39.8±4.4	24.1±2.4	0.61	47	47
K3	38.5±11	19.1±3.1	0.96	31.4±1.9	25.0±3.5	0.8	37.3±0.5	9.7±0.4	0.26	82	84
KS1	37.4±19.3	20.5±13.5	0.58	5.1±0.4	5.3±1	1.04	34.5±3.1	6±0.3	0.17	14	15
KS2	16.6±4.7	5.1±0.9	0.157	2.9±0.1	3.6±0.3	1.25	31.7±3.3	2.9±0.2	0.09	17	9
B1	34±5.8	2.2±1.1	0.05	8.4±0.7	7.5±1.9	0.9	33.5±2.2	2.8±0.2	0.08	25	25
B2	37.7±10.4	0.8±0.4	0.004	3.7±0.4	6.7±1.9	1.82	25.2±4.3	2.7±0.2	0.11	10	15
AK5	12.3±8.2	0.4±0.7	0.08	2.1±0.5	4.7±1.4	2.2	33.6±1.2	1.3±0.2	0.04	17	6
AK1	31.2±11.5	21.3±2	0.64	10.6±0.1	5.3±2.1	0.21	49.3±1.4	15.1±1.7	0.52	38	34

ASI	27.5±10	16.1±2.1	0.86	21.7±1.1	15.0±3.1	0.7	27.3±0.4	9.5±0.3	0.16	72	55
SAI	25.4±14.3	19.4±12.5	0.48	4.1±0.2	3.3±1.2	2.04	14.3±4.1	7±0.2	0.27	24	18
Avg	30.9	11.1		10.3	8.4		33.7	7.1		30	29

Ескерту: Д – ДНҚ; Р – РНҚ; Р/Д – РНҚ/ДНҚ; F/S - % флюорометриялық өлшенген ДНҚ – ның спектрофотометриялық әдіспен өлшенген ДНҚ концентрациясы; F/H - % флюорометриялық өлшенген ДНҚ – ның ЖЭСХ әдімен өлшенген ДНҚ концентрациясы.

Микроорганизмдердің молекулалық – генетикалық идентификациясы Сенгер секвенирлеу әдісі бойынша жүргізілді. Бөлініп алынған деструктивті штамдар түрге дейін идентификацияланды.

Алынған ПТР ДНҚ - дан геннің 16S rRNA фрагменті амплификацияланды, шамамен 600 ж.н. үлгіні амплификациялау нәтижелері 14.суретте көрсетілген.

Нуклеотидтер тізбегін талдау. Анықталатын штамм генінің 16S rRNA нуклеотидтер тізбегі талданды және SeqaA (Applied Biosystems) бағдарламалық құралында жалпы тізбекке біріктірілді. Осыдан кейін соңғы фрагменттер алынып тасталды (праймерлердің нуклеотидтер тізбегі, сапа көрсеткіші төмен фрагменттер) бұл бізге BLAST алгоритмі бойынша GeneBank-те анықталған шамамен 600 ж.н. нуклеотидтер тізбегін алуға мүмкіндік берді [262].

Нуклеотидтер тізбегі және сәйкестендіру нәтижелері 6 – кестеде келтірілген.

6 – кесте 16S rRNA генінің нуклеотидтер тізбегін талдау арқылы сәйкестендіру нәтижелері

Кесте 6 – Микробтық штамдардың 16S rRNA идентификация нәтижелері.

№	Шартты атау	16S рРНҚ генінің фрагменттерінің тізбегі	Тіркеу нөмері	Штамм	Ұқсастық
1	2	3	4	5	6
1	K2	GTCCAGGTGGTCGCCTTCGCCACTGGTGTCCTCCT ATATCTACGCATTTACCGCTACACAGGAAATCCAC CACCTCTACCGTACTCTAGCTCGCCAGTTTTGGATG CAGTTCACAGGTTGAGCCCCGGGGCTTTCACATCCAAC TTAACGAACCACCTACGCGCGCTTTACGCCCAGTAAT TCCGATTAACGCTTGCACCCTCTGTATTACCGCGGCT GCTGGCACAGAGTTAGCCGGTGCTTATTCTGTTCGGTA ACGTCAAAACAGCAAGGATTAGCTTACTGCCCTTCC TCCCAACTTAAAGTGCTTTACAATCCGAAGACCTTCT TCACACACGCGGCATGGCTGGATCAGGCTTTTCGCC ATTGTCCAATATTCCTCCACTGCTGCCTCCCGTAGGAG TCTGGACCGTGTCTCAGTTCAGTGTGACTGATCATC CTCTCAGACCAGTTACGGATCGTTCGCCTTGGTGAGCC ATTACCCACCAACTAGCTAATCCGACCTAGGCTCAT CTGATAGCGCAAGGCCCGAAGGTCCCCTGCTTTCTCC CGTAGGACGTATGCGGTATTAGCGTTCSTTTTCGAAAC GTTGTCCCCACTACCAGGCAGATTCTAGGCATTAC TCACCCGTCCGCCGCTGAATCAAGGAGCAAGCTCCC GTCATCCGCTCGACTTGCATGTGTTAGGCCTGCCG	FPC951	<i>Pseudomonas plecoglossici da</i>	100%

2	<i>K3</i>	<p>TTAGAAGCTTGCTTCTATGACGTTAGCGGCGGACGG  GTGAGTAACACGTGGGCAACCTGCCTGTAAGACTGG  GATAACTTCGGGAAACCGAAGCTAATACCGGATAGG  ATCTTCTCCTTCATGGGAGATGATTGAAAGATGGTTT  CGGCTATCACTTACAGATGGGCCCCGGTGCATTAG  CTAGTTGGTGAGGTAACGGCTCACCAAGGCAACGAT  GCATAGCCGACCTGAGAGGGTGATCGGCCACACTGG  GACTGAGACACGGCCCAGACTCCTACGGGAGGCAGC  AGTAGGGAATCTTCCGCAATGGACGAAAGTCTGACG  GAGCAACGCCGCGTGAGTGATGAAGGCTTTCGGGTC  GTAAAACCTCTGTTGTTAGGGAAGAACAAGTACGAGA  GTAAGTCTCGTACCTTGACGGTACCTAACCAGAAA  GCCACGGCTAACTACGTGCCAGCAGCCGCGGTAATA  CGTAGGTGGCAAGCGTTATCCGGAATTATTGGGCGT  AAAGCGCGCGCAGGCGGTTTCTTAAGTCTGATGTGA  AAGCCACGGCTCAACCGTGGAGGGTCATTGAAAAC  TGGGGAACCTTGAGTGCAGAAGAGAAAAGCGGAATTC  CACGTGTAGCGGTGAAATGCGTAGAGATGTGGAGGA  ACACCAGTGGCGAAGGCGGCTTTTGGTCTGTAACCT  GACGCTGAGGCGCGAAAGCGTGGGGAGCAAACAGG  A</p>	NR 115953.1	<i>Bacillus aryabhatai</i>	100%
3	<i>KS1</i>	<p>GTCAGTTACAGACCAGACAGTCGCCTTCGCCACTGG  TGTTCTCCAAATCTCTACGCATTTACCCGCTACACT  TGGAATCCACTATCCTCTTCTGCACTCAAGTTCCCC  AGTTTCCAATGACCCTCCCCGGTTGAGCCGGGGGCTT  TCACATCAGACTTAAGGAACCACCTGCGCGCGCTTT  ACGCCAATAATTCCGGACAACGCTTGCCACCTACG  TATTACCGCGGCTGCTGGCACGTAGTTAGCCGTGGCT  TTCTAACAAGGTACCGTCAAGGTAGCGCCAGTTACT  ACGCTACTTGTTCTTCCCTTGCAACAGAGTTTTACGA  ACCGAAATCCTTCTTCACTCACGCGGCGTTGCTCCAT  CAGACTTTCGTCCATTGTGGAAGATTCCCTACTGCTG  CCTCCCGTAGGAGTCTGGGCGGTGTCTCAGTCCCAGT  GTGGCCGATCACCTCTCAGGTCGGCTACGCATCGTT  GCCTGGTGAGCCGTTACCTCACCAACTAGCTAATGC  GCCGCGGGTCCATCTTATAGTGACAGCCGAAACCGT  CTTTCAACTTCAAACATGTGTTAAAAAGTATTATTC  GGTATTAGCCCCGGTTTCCCGGAGTTATCCCAATCTA  TAAGGTAGGTTACCCACGTGTTACTACCCGTCCGCC  GCTAAAATTTTAAAGGTGCAAGCACAATAAAAATT  CCGCTCGACTTGC</p>	NR 115952.1	<i>Solibacillus isronensis B3W22</i>	99%
4	<i>KS2</i>	<p>CTTGCTCCTGAATTCAGCGGCGGACGGGTGAGTAAT  GCCTAGGAATCTGCCTGGTAGTGGGGGACAACGTCT  CGAAAGGGACGCTAATACCGCATAACGCTACGGGA  GAAAGCAGGGGACCTTCGGGCCTTGCCTATCAGAT  GAGCCTAGGTCGGATTAGCTAGTTGGTGAGGTAATG  GCTACCAAGGCGACGATCCGTAACCTGGTCTGAGAG  GATGATCAGTCACACTGGAAGTGAAGACACGGTCCAG  ACTCCTACGGGAGGCAGCAGTGGGGAATATTGGACA  ATGGGCGAAAGCCTGATCCAGCCATGCCGCGTGTGT  GAAGAAGGTCTTCGGATTGTAAAGCACTTTAAGTTG  GGAGGAAGGGCAGTAACTTAATACGTTGCTGTTTTG  ACGTTACCGACAGAATAAGCACCGGCTAACTCTGTG  CCAGCAGCCGCGGTAATACAGAGGGTGCAAGCGTTA  ATCGGAATTACTGGGCGTAAAGCGCGCGTAGGTGGT  TTGTTAAGTTGGATGTGAAAGCCCCGGGCTCAACCT  GGGAAGTGCATTCAAACCTGACAAGCTAGAGTATGG  TAGAGGGTGGTGAATTTCTGTGTAGCGGTGAAAT  G</p>	NR 042543.1 and NR 025227.1	<i>Pseudomonas mohnii</i> IpA-2 and <i>Pseudomonas umsongensis</i> Ps 3-10	99%
5	<i>B1</i>	<p>AGTCGCCTTCGCCACTGGTGTCTCCACATCTCTAC  GCATTTACCGCTACACGTGGAATTCACCTCTCCTCT</p>	NR 115334.1	<i>Bacillus pumilus</i> CIP	100%

		TCTGCACTCAAGTTTCCAGTTTCCAATGACCCTCCC CGGTTGAGCCGGGGGCTTTCACATCAGACTTAAGAA ACCGCCTGCGAGCCCTTACGCCAATAATTCCGGAC AACGCTTGCCACCTACGTATTACCGCGGCTGCTGGCA CGTAGTTAGCCGTGGCTTCTGGTTAGGTACCGTCAA GGTGCAGCAGTACTCTCGCACTTGTCTTCCCTAA CAACAGAGCTTTACGATCCGAAAACCTTCATCACTC ACGCGGCGTTGCTCCGTCAGACTTTCGTCCATTGCGG AAGATTCCCTACTGCTGCCTCCCGTAGGAGTCTGGGC CGTGTCTCAGTCCCAGTGTGGCCGATCACCTCTCAG GTCGGCTACGCATCGTCGCCTTGGTGAGCCATTACCC CACCAACTAGCTAATGCGCCGCGGTCCATCTGTAA GTGACAGCCGAAACCGTCTTTCATCCTTGAACCATGC GGTTCAAGGAACTATCCGGTATTAGCTCCGGTTTCCC GGAGTTATCCCAGTCTTACAGGCAGGTTACCCACGT GTTACTACCCGT	52.67		
6	B2	AGTCGCCTTCGCCACTGGTGTTCCTCCACATCTCTAC GCATTCACCGCTACACGTGGAATTCCACTCTCCTCT TCTGCACTCAAGTTCCCCAGTTTCCAATGACCCTCCC CGGTTGAGCCGGGGGCTTTCACATCAGACTTAAGAA ACCGCCTGCGAGCCCTTACGCCAATAATTCCGGAC AACGCTTGCCACCTACGTATTACCGCGGCTGCTGGCA CGTAGTTAGCCGTGGCTTCTGGTTAGGTACCGTCAA GGTGCCGCCCTATTGAAACGGCACTTGTCTTCCCTA ACAACAGAGCTTTACGATCCGAAAACCTTCATCACT CACGCGGCGTTGCTCCGTCAGACTTTCGTCCATTGCG GAAGATTCCCTACTGCTGCCTCCCGTAGGAGTCTGGG CCGTGTCTCAGTCCCAGTGTGGCCGATCACCTCTCA GGTCGGCTACGCATCGTTGCCTTGGTGAGCCGTTACC TCACCAACTAGCTAATGCGCCGCGGTCCATCTGTA AGTGGTAGCCGAAGCCACCTTTTATGTTTGAACCATG CGGTTCAAACAAGCATCCGGTATTAGCCCCGGTTTCC CGGAGTTATCCCAGTCTTACAGGCAGGTTACCCACGT GTTACTACCCGTCCGCCGCTAACATCAGGGAGCAA GCTCCCATCTGTCCGCTCGACTT	NR 116022.1	<i>Bacillus amyloliquefa ciens</i> BCRC 11601	99.85%
7	AK5	GTCGCCTTCGCCACTGGTGTTCCTCCACATCTCTACG CATTCACCGCTACACGTGGAATTCCACTCTCCTCTT CTGCACTCAAGTTCCCCAGTTTCCAATGACCCTCCCC GGTTGAGCCGGGGGCTTTCACATCAGACTTAAGGAA CCGCCTGCGAGCCCTTACGCCAATAATTCCGGACA ACGCTTGCCACCTACGTATTACCGCGGCTGCTGGCAC GTAGTTAGCCGTGGCTTCTGGTTAGGTACCGTCAAG GTACCGCCCTATTGAAACGGTACTTGTCTTCCCTAA CAACAGAGCTTTACGATCCGAAAACCTTCATCACTC ACGCGGCGTTGCTCCGTCAGACTTTCGTCCATTGCGG AAGATTCCCTACTGCTGCCTCCCGTAGGAGTCTGGGC CGTGTCTCAGTCCCAGTGTGGCCGATCACCTCTCAG GTCGGCTACGCATCGTTGCCTTGGTGAGCCGTTACCT CACCAACTAGCTAATGCGCCGCGGTCCATCTGTAA GTGGTAGCCGAAGCCACCTTTTATGTTTGAACCATGC GGTTCAAACAAGCATCCGGTATTAGCCCCGGTTTCCC GGAGTTATCCCAGTCTTACAGGCAGGTTACCCACGT GTTACTACCCGTCCGCCGCTAACATCAGGGAGCAA GCTCCCATCTGTCCGCTCGACTTGCATGTATTAGGCA CGCCGCC	MW8665 66	<i>Bacillus subtilis</i> BGSC 3A28	99%
8	AK1	CTTGCTCCTGGATTACGCGGCGGACGGGTGAGTAAT GCCTAGGAATCTGCCTGGTAGTGGGGGACAACGTTT CGAAAGGAACGCTAATACCGCATAACGCTTACGGGA GAAAGCAGGGGACCTTCGGGCCCTTGCCTATCAGAT GAGCCTAGGTCGGATTAGCTAGTTGGTGAGGTAATG GCTACCAAGGCGACGATCCGTAACCTGGTCTGAGAG	NR 025228.1	<i>Pseudomona s koreensis</i> Ps 9-14	99.13%

		GATGATCAGTCACACTGGAAGTGGAGACACGGTCCAG ACTCCTACGGGAGGCAGCAGTGGGGAATATTGGACA ATGGGCGAAAGCCTGATCCAGCCATGCCGCGTGTGT GAAGAAGGTCTTCGGATTGTAAAGCACTTTAAGTTG GGAGGAAGGGCAGTAAATTAATACTTTGCTGTTTTG ACGTTACCGACAGAATAAGCACCGGCTAACTCTGTG CCAGCAGCCGCGTAATACAGAGGGTGAAGCGTTA ATCGGAATTACTGGGCGTAAAGCGCGCGTAGGTGGT TTGTTAAGTTGGATGTGAAATCCCCGGGCTCAACCTG GGAAGTGCATCCAAAAGTGGCAAGCTAGAGTATGGT AGAGGGTGGTGGAAATTTCTGTGTAGCGGTGAAATG CGTAGATATAGGAAGGAACACCAGTGGCGAAGGCG ACCACCTGGACTGATACTGACACTGAGGTGCGAAAG CGTGGG			
9	ASI	CAAAAAGCCGCCTTCGCCACTGGTGTTCCTCCACATC TCTACGCATTTACCGCTACACGTGGAATCCGCTTT TCTCTTCTGCACTCAAGTTCCCAGTTTCCAATGACC CTCCACGGTTGAGCCGTGGGCTTTACATCAGACTTA AGAAACCGCCTGCGCGCGCTTTACGCCAATAATTC CGGATAACGCTTGCCACCTACGTATTACCGCGGCTGC TGGCACGTAGTTAGCCGTGGCTTTCTGGTTAGGTACC GTCAAGGTACGAGCAGTTACTCTTGTACTTGTCTTC CCTAACAAACAGAGTTTTACGACCCGAAAGCCTTCAT CACTACGCGGGCTTGCTCCGTGAGACTTTCGTCCAT TGCGGAAGATTCCCTACTGCTGCCTCCCGTAGGAGTC TGGGCCGTGTCTCAGTCCCAGTGTGGCCGATCACCT CTCAGGTCGGCTATGCATCGTTGCCTTGGTGAGCCGT TACCTACCAACTAGCTAATGCACCGCGGGCCCATCT GTAAGTGATAGCCGAAACCATCTTTCAATCATCTCCC ATGAAGGAGAAGATCCTATCCGGTATTAGCTTCGGT TTCCCGAAGTTATCCCAGTCTTACAGGCAGGTTGCC ACGTGTTACTACCCGTCGCCCGCTCACGTCATAGAA GCAAGCTTCTAATCAGTTCGCTCGACTTGCATGTAT	NR 116873.1	<i>Bacillus megaterium</i>	99%
10	SAI	TAAGAGCTTGCTCTTATGAAGTTAGCGGCGGACGGG TGAGTAACACGTGGGTAACCTGCCATAAGACTGGG ATAACTCCGGGAAACCGGGGCTAATACCGGATAACA TTTTGAACCGCATGGTTCGAAATTGAAAGGCGGCTTC GGCTGTCACTTATGGATGGACCCGCGTCGCATTAGCT AGTTGGTGAGGTAACGGCTCACCAAGGCAACGATGC GTAGCCGACCTGAGAGGGTGATCGGCCACACTGGGA CTGAGACACGGCCAGACTCCTACGGGAGGCAGCAG TAGGGAATCTTCCGCAATGGACGAAAGTCTGACGGA GCAACGCCGCGTGAGTGATGAAGGCTTTCCGGTTCGT AAAAGTCTGTTGTTAGGGAAGAACAAGTGCTAGTTG AATAAGCTGGCACCTTGACGGTACCTAACCAGAAAG CCACGGCTAACTACGTGCCAGCAGCCGCGTAATAC GTAGGTGGCAAGCGTTATCCGGAATTATTGGGCGTA AAGCGCGCGCAGGTGGTTTCTTAAGTCTGATGTGAA AGCCACGGCTCAACCGTGGAGGGTCATTGGAAACT GGGAGACTTGAGTGCAGAAGAGGAAAGTGGAAATTC ATGTGTAGCGGTGAAATGCGTAGAGATATGGAGGAA CACCAGTGGCGAAGGCGACTTCTGGTCTGTAAC	NR 157734.1	<i>Bacillus paramycoides</i> MCCC 1A04098	100%
11	B3	TCGCCTTCGCCACTGGTGTTCCTCCACATCTCTACGC ATTTACCGCTACACGTGGAATTCCTCTCTCTC TGCACTCAAGTTCCCAGTTTCCAATGACCTCCCCG GTTGAGCCGGGGGCTTTCACATCAGACTTAAGGAAC CGCTGCGAGCCCTTACGCCAATAATCCGGACA ACGCTTGCCACCTACGTATTACCGCGGCTGCTGGCAC GTAGTTAGCCGTGGCTTTCTGGTTAGGTACCGTCAAG GTACCGCCCTATTGCAACGGTACTTGTCTTCCCTAA CAACAGAGCTTACGATCCGAAAACCTTCATCACTC	NR 104873.1	<i>Bacillus subtilis</i> BGSC 3A28	99.85%

		ACGCGGCGTTGCTCCGTCAGACTTTCGTCCATTGCGG AAGATTCCCTACTGCTGCCTCCCGTAGGAGTCTGGGC CGTGTCTCAGTCCCAGTGTGGCCGATCACCTCTCAG GTCGGCTACGCATCGTTGCCTTGGTGAGCCGTTACCT CACCAACTAGCTAATGCGCCGCGGGTCCATCTGTAA GTGGTAGCCGAAGCCACCTTTTATGTTTGAACCATGC GGTCAAACAAGCATCCGGTATTAGCCCCGGTTTCCC GGAGTTATCCCAGTCTTACAGGCAGGTTACCCACGT GTTACTACCCGTCCGCCGCTAACAT			
12	SK2	GTCGCCTTCGCCACTGGTGTTCCTCCACATCTCTACG CATTTACCGCTACACGTGGAATTCACCTCTCCTCTT CTGCACTCAAGTTCCCAGTTTCCAATGACCCTCCCC GGTTGAGCCGGGGCTTTCACATCAGACTTAAGAAA CCGCCTGCGAGCCCTTACGCCAATAATTCCGGACA ACGCTTGCCACCTACGTATTACCGCGGCTGCTGGCAC GTAGTTAGCCGTGGCTTCTGGTTAGGTACCGTCAAG GTGCCGCCCTATTTGAACGGCACTTGTCTTCCCTAA CAACAGAGCTTTACGATCCGAAAACCTTCATCACTC ACGCGGCGTTGCTCCGTCAGACTTTCGTCCATTGCGG AAGATTCCCTACTGCTGCCTCCCGTAGGAGTCTGGGC CGTGTCTCAGTCCCAGTGTGGCCGATCACCTCTCAG GTCGGCTACGCATCGTTGCCTTGGTGAGCCGTTACCT CACCAACTAGCTAATGCGCCGCGGGTCCATCTGTAA GTGGTAGCCGAAGCCACCTTTTATGTCTGAACCATGC GGTCAAACAACCATCCGGTATTAGCCCCGGTTTCCC GGAGTTATCCCAGTCTTACAGGCAGGTTACCCACGT GTTACTACCCGTCCGCCGCTAACATCA	NR 117946.1	<i>Bacillus amyloliquefac iens</i> MPA 1034	99%
13	SB1	GTCAGTTACAGACCAGAGAGTCGCCTTCGCCACTGG TGTTCTCCACATCTCTACGCATTTACCGCTACACG TGGAATTCACCTCTCCTCTTCTGCACTCAAGTTTCCC AGTTTCCAATGACCCTCCCGGTTGAGCCGGGGGCTT TCACATCAGACTTAAGAAACCGCTGCGAGCCCTTT ACGCCAATAATTCCGGACAACGCTTGCCACCTACG TATTACCGCGGCTGCTGGCACGTAGTTAGCCGTGGCT TTCTGGTTAGGTACCGTCAAGGTGCGAGCAGTTACTC TCGCACTTGTCTTCCCTAACAACAGAGCTTTACGAT CCGAAAACCTTCATCACTCACGCGGCTTGCTCCGTC AGACTTTCGTCCATTGCGGAAGATTCCCTACTGCTGC CTCCCGTAGGAGTCTGGGCCGTGTCTCAGTCCCAGTG TGGCCGATCACCTCTCAGGTCCGCTACGCATCGTCG CCTTGGTGAGCCATTACCCACCAACTAGCTAATGCG CCGCGGTCCATCTGTAAGTGACAGCCGAAACCGTC TTTCATCCTTGAACCATGCGGTTCAAGGAACTATCCG GTATTAGCTCCGGTTTCCCGGAGTTATCCCAGTCTTA CAGGCAGGTTACCCACGTGTTACTACC	NR 115334.1	<i>Bacillus pumilus</i> CIP 52.67	100%
14	AK3	CAGACCAGAGAGTCGCCTTCGCCACTGGTGTTCCTCC ACATCTCTACGCATTTACCGCTACACGTGGAATTC ACTCTCCTCTTCTGCACTCAAGTTCCCAGTTTCCAA TGACCCTCCCGGTTGAGCCGGGGCTTTCACATCAG ACTTAAGAAACCGCCTGCGAGCCCTTACGCCAAT AATTCCGGACAACGCTTGCCACCTACGTATTACCGCG GCTGCTGGCACGTAGTTAGCCGTGGCTTCTGGTTAG GTACCGTCAAGGTGCCGCCCTATTTGAACGGCACTTG TTCTTCCCTAACAACAGAGCTTTACGATCCGAAAACC TTCATCACTCACGCGGCTTGCTCCGTCAGACTTTCG TCCATTGCGGAAGATTCCCTACTGCTGCCTCCCGTAG GAGTCTGGGCCGTGTCTCAGTCCCAGTGTGGCCGATC ACCTCTCAGGTCCGCTACGCATCGTTGCCCTGGTGA GCCGTTACCTACCAACTAGCTAATGCGCCGCGGGT CCATGTAAAGTGATAGCCGAAGCCACCTTTTATGTC TGAACCATGCGGTTCAACAACCATCCGGTATTAGCC	NR 041455	<i>Bacillus amyloliquefa ciens</i>	99%


		CCGGTTTCCCCGGAGTTATCCCAGTCTTACAGGCAGG TTACCCACGTGTTACTACCCCGTCCGCCGC			
15	AK4	AGTCGCCTTCGCCACTGGTGTTCCTCCACATCTCTAC GCATTTACCGCTACACGTGGAATTCCACTCTCCTCT TCTGCACTCAAGTTTCCCAGTTTCCAATGACCCTCCC CGGTTGAGCCGGGGGCTTTACATCAGACTTAAGAA ACCGCCTGCGAGCCCTTACGCCAATAATTCCGGAC AACGCTTGCCACCTACGTATTACCGCGGCTGCTGGCA CGTAGTTAGCCGTGGCTTCTGGTTAGGTACCGTCAA GGTGCGAGCAGTTACTCTCGCACTTGTCTTCCCTAA CAACAGAGCTTTACGATCCGAAAACCTTCATCACTC ACGCGGCGTTGCTCCGTCAGACTTTCGTCCATTGCGG AAGATTCCCTACTGCTGCCTCCCGTAGGAATCTGGGC CGTGTCTCAGTCCCAGTGTGGCCGATCACCCCTCTCAG GTCGGCTACGCATCGTCGCCTTGGTGAGCCATTACCC CACCAACTAGCTTATGCGCCGCGGGTCCATCTGTAA GTGACAGCCGAAACCGTCTTTCATCCTTGAACCATGC GGTTCAAGGAACTATCCGGTATTAGCTCCGGTTTCCC GGAGTTATCCCAGTCTTACAGGCAGGTTACCCACGT GTTACTACCCGTCCGCCGCTTACATCCGGGAGCAA GTCCTTCTGTCCGCTCG	NR 115334.1	<i>Bacillus pumilus</i>	99%
16	SA2	GACCAGAAAGTCGCCTTCGCCACTGGTGTTCCTCCAT ATCTCTACGCATTTACCGCTACACATGGAATTCCAC TTTCTCTTCTGCACTCAAGTCTCCAGTTTCCAATG ACCTCCACGGTTGAGCCGTGGGCTTTCACATCAGAC TTAAGAAACCACCTGCGCGCGCTTACGCCAATAA TTCCGGATAACGCTTGCCACCTACGTATTACCGCGGC TGCTGGCACGTAGTTAGCCGTGGCTTCTGGTTAGGT ACCGTCAAGGTGCCAGCTTATTCAACTAGCACTTGTT CTTCCCTAACAACAGAGTTTTACGACCCGAAAGCCTT CATCACTACGCGGCGTTGCTCCGTCAGACTTTCGTC CATGCGGAAGATTCCTACTGCTGCCTCCCGTAGGA GTCTGGGCCGTGTCTCAGTCCCAGTGTGGCCGATCAC CCTCTCAGGTCCGCTACGCATCGTTGCCTTGGTGAGC CGTTACCTACCAACTAGCTAATGCGACGCGGGTCC ATCCATAAGTGACAGCCGAAGCCGCCTTTC AATTTCCG AACCATGCAGTTCAAATGTTATCCGGTATTAGCCCC GGTTCC	NR 043403.1	<i>Bacillus thuringiensis</i> IAM 12077	100%
17	SA3	GTCGCCTTCGCCACTGGTGTTCCTCCACATCTCTACG CATTTACCGCTACACGTGGAATTCCACTCTCCTCTT CTGCACTCAAGTTCCCAGTTTCCAATGACCCTCCCC GGTTGAGCCGGGGGCTTTACATCAGACTTAAGGAA CCGCCTGCGAGCCCTTACGCCAATAATTCCGGACA ACGCTTGCCACCTACGTATTACCGCGGCTGCTGGCAC GTAGTTAGCCGTGGCTTCTGGTTAGGTACCGTCAAG GTACCGCCCTATTCGAACGGTACTTGTCTTCCCTAA CAACAGAGCTTTACGATCCGAAAACCTTCATCACTC ACGCGGCGTTGCTCCGTCAGACTTTCGTCCATTGCGG AAGATTCCCTACTGCTGCCTCCCGTAGGAGTCTGGGC CGTGTCTCAGTCCCAGTGTGGCCGATCACCCCTCTCAG GTCGGCTACGCATCGTTGCCTTGGTGAGCCGTTACCT CACCAACTAGCTAATGCGCCGCGGGTCCATCTGTAA GTGGTAGCCGAAGCCACCTTTTATGTTTGAACCATGC GGTTCAAACAAGCATCCGGTATTAGCCCCGGTTTCCC GGAGTTATCCCAGTCTTACAGGCAGGTTACCCACGT GTTACTACCCGTCCGCCGC	NR 104873.1	<i>Bacillus subtilis ssp. inaquosorum</i> BGSC 3A28	98.84%
18	BR4	ACACCAGCGAACTTATTACGCCAGATAGACAAGTT AAACACGCTAACTCTTTAAGGCGAGCCAGGCGACT GGCAACACCCAATTCCAAGCCATTAAGAAACCCTAA TGTTGAGATTTTCATGATACTCAAACAGGCATGCTCT CCGGAATACCAGAGAGCGCAAGTTGCGTTCAAAGAT	KY103022 .1 and KY103021 .1	<i>Cutaneotricho sporon moniliforme</i> CBS:5959 and CBS:9633	100%

		TCGATGATTCACTGAATTCTGCAATTCACATTA TCGCATTTGCTGCGTTCTTCATCGATGCGAGAGCCA AGAGATCCGTTGTTGAAAGTTATTTTTGTTATAATAA CATGACGTTTATTACACAATGTTTGTAAGTAATTG ACCGAAGTCAATCAACAGTTCACAGGTGTAGATGGA TATAGTTAACGCTCAGAGAGCAATTCATAATGATC CTTCCG			
19	B5	CCAACCCGGCTCTAGTCCGAAGACTAGAATTCCTCA GCGAATAGTCTATTACGCCAAGTCAATCCGAAGTTC GATTGCGGATGCTAATGCATTACGAACGAGCTAGAC CCTAAAGGCCAGCAGCGCTCAGAAACCAAACACCTC TTCAATCATTAAGAAAGAGGAGGGTTGAAGTATTCA TGACACTCAAACAGGCATGCTCCACGGAATACCATG GAGCGCAAGGTGCGTTCAAAGATTTCGATGATTCACT GAATTCTGCAATTCACATTAATTATCGCATTTGCTG CGTTCTTCATCGATGCGAGAGCCAAGAGATCCGTTGT TGAAAGTTTTATTTGTTATAAAAATTTAATACATTCA TAGACTTTGTGTTTATAAGTGAATAGGAGTTCGCCCT CTTGCGAGAGTACTATCCCAAACAATGCACAGGG TTAGAAAGTGAGAGTTCGGACTCCAAGTTAAGTTGG ACGTCCTATATTCATAATGATCCTTCCGC	ON840015	<i>Rhodotorula glutinis</i>	100%
20	BR7	TCTACGCATTTACCGCTACACCTGGAATTCACCAT CCTTACCAGCTCTAGCTTGCCAGTATCGAATGCAA TTCCAGGTTGAGCCCGGGATTTCACATCTGACTTA ACAAGCCGCCTACGCGCGCTTACGCCAGTAAATC CGATTAACGCTTGACCCCTGTATTACCGCGGCTGC TGGCACAGAGTTAGCCGGTGCTTATTCTGCCAGTAAC GTC	NR 025254.1	<i>Alkanindiges illinoisensis</i>	95%

Халықаралық банктерде GeneBank (<http://www.ncbi.nlm.nih.gov/>), Ribosomal Database Project (RDP-II) (<http://rdp>) нуклеотидтер тізбегінің болуын көрсететін әдебиет деректерін ескере отырып [me.msu.edu/html/](http://me.msu.edu/html/)), қателер, сонымен қатар филогенетикалық ағаштар осы түрлердің анықтамалық штамдарының 16S рРНҚ генінің нуклеотидтер тізбегі арқылы құрастырылған (<http://www.bacterio.net>).

Талдау 16S рРНҚ генінің нуклеотидтер тізбегін, филогенетикалық тұрғыдан ең жақын микроорганизмдерді қамтыды.

K2 штамының филогенетикалық ағашын құру үшін біз *Pseudomonas plecoglossicida* тобына жататын эталондық штамдардың 16S рРНҚ нуклеотидті тізбегін пайдаландық.



Сурет 25 – *Pseudomonas plecoglossicida* 16S рРНҚ генінің фрагментін талдау негізінде салынған филогенетикалық ағаш


25 – суреттен көріп отырғанымыздай, K2 штамы *Pseudomonas monteillii* және

*Pseudomonas pseudoalcaligenes* бір бұтақта орналасқан, осы түрлердегі 16S рРНҚ жоғары сәйкестігін ескере отырып, сенімді идентификациялау үшін ақуыздарды кодтайтын гендердің нуклеотидтер тізбегін талдау немесе фенотиптік талдау жүргізілді.




Сурет 26 – *Bacillus aryabhatai* 16S рРНҚ генінің фрагментін талдау негізінде салынған филогенетикалық ағаш

26 – суретте *Bacillus aryabhatai* және *Bacillus megaterium* генетикалық туыс түрлерінің филогенетикалық талдауы көрсетілген. Нәтижелерден К3 штамдарының *Bacillus aryabhatai* және *Bacillus megaterium* эталондық штамдарының нуклеотидтер тізбегі сияқты бір тармақта орналасқанын көруге болады.




Сурет 27 – *Solibacillus isronensis* 16S рРНҚ генінің фрагментін талдау негізінде салынған филогенетикалық ағаш

27 – суретте *Solibacillus isronensis* және *Solibacillus kalamii* генетикалық туыс түрлерінің филогенетикалық талдауы көрсетілген. Нәтижелерден KS1 штамы *Solibacillus isronensis* және *Solibacillus kalamii* эталондық штамдарының нуклеотидтер тізбегі сияқты бір тармақта орналасқанын көруге болады. NR 115952.1 *Solibacillus isronensis* B3W22 штамының гомологиялық сәйкестігі 99% құрады.




Сурет 28 – *Pseudomonas mohnii* IpA-2 16S рРНҚ генінің фрагментін талдау негізінде салынған филогенетикалық ағаш

28 – суретте *Pseudomonas mohnii* strain IpA-2 және NR 025227.1 *Pseudomonas umsongensis* strain Ps 3-10 генетикалық туыс түрлерінің филогенетикалық талдауы көрсетілген [24,25]. Нәтижелерден KS2 штамы *Pseudomonas mohnii* strain IpA-2 және NR 025227.1 *Pseudomonas umsongensis* strain Ps 3-10 эталондық штамдарының нуклеотидтер тізбегі сияқты бір тармақта орналасқанын көруге болады. NR 042543.1 *Pseudomonas mohnii* strain IpA-2 и NR 025227.1 *Pseudomonas umsongensis* strain Ps 3-10 штамының гомологиялық сәйкестігі 99% құрады.




Сурет 29 – *Bacillus pumilus* рРНҚ генінің фрагментін талдау негізінде салынған филогенетикалық ағаш

29 – суретте *Bacillus pumilus* және *Bacillus safensis* генетикалық туыс түрлерінің филогенетикалық талдауы көрсетілген. Нәтижелерден B1 штамы *Bacillus pumilus* және *Bacillus safensis* эталондық штамдарының нуклеотидтер тізбегі сияқты бір тармақта орналасқанын көруге болады. NR 115334.1 *Bacillus pumilus* strain CIP 52.67 штамының гомологиялық сәйкестігі 100% құрады.



Сурет 30 – *Bacillus pumilus* рРНҚ генінің фрагментін талдау негізінде салынған филогенетикалық ағаш

30 – суретте *Bacillus amyloliquefaciens* және *Bacillus atrophaeus* генетикалық туыс түрлерінің филогенетикалық талдауы көрсетілген. Нәтижелерден В2 штамы *Bacillus amyloliquefaciens* және *Bacillus atrophaeus* эталондық штамдарының нуклеотидтер тізбегі сияқты бір тармақта орналасқанын көруге болады. NR 116022.1 *Bacillus amyloliquefaciens* strain BCRC 11601 штамының гомологиялық сәйкестігі 99,85% құрады.



Сурет 31 – *Bacillus amyloliquefaciens* 16S рРНҚ генінің фрагментін талдау негізінде салынған филогенетикалық ағаш


31 – суреттен көрініп тұрғандай, АК3 штамы *Bacillus siamensis* және *Bacillus amyloliquefaciens*-пен бір тармақта орналасқан, бұл түрлердегі 16S рРНҚ-ның жоғары сәйкестігін ескере отырып, сенімді идентификациялау ақуыздарды кодтайтын гендердің нуклеотидтер тізбегін талдау немесе фенотиптік талдау жүргізілді.



Сурет 32 – *Bacillus subtilis* 16S рРНҚ генінің фрагментін талдау негізінде салынған филогенетикалық ағаш


32 – суретте *Bacillus mojavensis* және *Bacillus subtilis* генетикалық туыс түрлерінің филогенетикалық талдауы көрсетілген.

АК4 штаммы үшін филогенетикалық ағашты құру үшін *Bacillus pumilus* тобына жататын референт штамдарының 16S rRNA нуклеотидті тізбегі пайдаланылды.




Сурет 33 – *Bacillus pumilus* 16S рРНҚ генінің фрагментін талдау негізінде салынған филогенетикалық ағаш

33 – суреттен көрініп тұрғандай, АК4 штамы *Bacillus safensis* және *Bacillus pumilus* сияқты бір бұтақта орналасқан, осы түрлердегі 16S рРНҚ жоғары сәйкестігін ескере отырып, сенімді идентификациялау ақуыздарды кодтайтын гендердің нуклеотидтер тізбегін талдау немесе фенотиптік талдау жүргізілді.




Сурет 34 – *Bacillus megaterium* 16S рРНҚ генінің фрагментін талдау негізінде салынған филогенетикалық ағаш

34 – суретте *Bacillus aryabhatai* және *Bacillus megaterium* генетикалық туыс түрлерінің филогенетикалық талдауы көрсетілген. Нәтижелер AS1 штамдарының *Bacillus aryabhatai* және *Bacillus megaterium* референтті штамдарының нуклеотидтер тізбегі сияқты бір тармақта орналасқанын көрсетеді. Сенімді сәйкестендіру үшін ақуыздарды кодтайтын гендердің нуклеотидтер тізбегін талдау немесе фенотиптік талдау жүргізілді.




Сурет 35 – *Bacillus megaterium* 16S рРНҚ генінің фрагментін талдау негізінде салынған филогенетикалық ағаш

35 – суретте *Bacillus paramycooides* және *Bacillus cereus* генетикалық туыс түрлерінің филогенетикалық талдауы көрсетілген. Нәтижелер SA1 штмдарының *Bacillus paramycooides* және *Bacillus cereus* референтті штамдарының нуклеотидтер тізбегі сияқты бір тармақта орналасқанын көрсетеді. Сенімді сәйкестендіру үшін ақуыздарды кодтайтын гендердің нуклеотидтер тізбегін талдау немесе фенотиптік талдау жүргізілді. *NR 157734.1 Bacillus paramycooides strain MCCC 1A04098* штамының гомологиялық сәйкестігі 100% құрады.




Сурет 36 – *Serratia quinivorans* 16S рРНҚ генінің фрагментін талдау негізінде салынған филогенетикалық ағаш

36 – суреттен көрініп тұрғандай, BR1 штамы *Serratia plymuthica* және *Serratia quinivorans* сияқты бір бұтақта орналасқан, бұл түрлердегі 16S рРНҚ жоғары сәйкестігі байқалады.



Сурет 37 – *Enterobacter cloacae subsp. dissolvens* 16S рРНҚ генінің фрагментін талдау негізінде салынған филогенетикалық ағаш

37 – суреттен көрініп тұрғандай, BR3 штамы *Enterobacter ludwigii* және *Enterobacter cloacae subsp.* сияқты бір тармақта орналасқан, осы түрлердегі жоғары 16S рРНҚ сәйкестігі байқалады.



Сурет 38 – *Alkanindiges illinoisensis* 16S рРНҚ генінің фрагментін талдау негізінде салынған филогенетикалық ағаш

38 – суретте *Alkanindiges hongkongensis* және *Alkanindiges illinoisensis* генетикалық туыс түрлерінің филогенетикалық талдауы көрсетілген.

Микроорганизмдердің таңдалған дақылдарын молекулалық-генетикалық идентификациялау нәтижесінде *Pseudomonas plecoglossicida* K2, *Bacillus aryabhatai* K3, *Solibacillus isronensis* KS1, *Pseudomonas sp.* KS2, *Bacillus pumilus* B1, *Bacillus amyloliquefaciens* B2, *Bacillus subtilis* AK5, *Pseudomonas koreensis* AK1, *Bacillus megaterium* AS1 және *Bacillus paramycooides* SA1, - *Serratia quinivorans* BR1, *Enterobacter cloacae subsp.* BR3, *Alkanindiges illinoisensis* BR7 түріне жатқызылды.

Осылайша, жүргізілген зерттеулер пестицидтер көмілген жерлерге іргелес аумақтағы микробтардың алуантүрлілігіне тұрақты мониторинг жүргізу, сондай-ақ қоршаған ортаның ластану көрсеткіштері ретінде микроорганизмдерді пайдалану мүмкіндігін зерттеу қажеттілігін көрсетеді. Белгілі бір тұрақты органикалық ластаушы заттардың белсенді ыдырауына қабілетті бактериялар, микромицеттер арасында микроорганизмдердің перспективті дақылдарын іздеу

және идентификациялау топырақты қалдық пестицидтерден тазарту бойынша биоремедиация шараларын құрастыруға негіз болып табылады.

### **3.4 Перспективті штамдардың хлорорганикалық пестицидтер қатысындағы деструктивтік белсенділігі және деструктор – штамдардың скринингі**

Тұрақты органикалық қосылыстардың ыдырауы абиотикалық реакциялармен, сондай-ақ қолайлы жағдайларда микроорганизмдердің биохимиялық процестерімен, аз токсикалық жанама өнімдерге айналуымен реттеледі. Осылайша, қазіргі уақытта зерттеулер деструктор штамдарының физиологиялық, биохимиялық және генетикалық сипаттамаларын зерттеуге және ксенобиотиктердің биотрансформация жолдарын анықтауға бағытталған.

Feng және т.б. (1998) ғылыми зерттеу жұмыстарында жалғыз көміртегі кезінде ДДТ-мен байытылған М9 қоректік ортасында өсу кезінде колониялар бастапқы ақ-бұлыңғыр түстен қызылғылт түске өзгергені көрсетілген.

Деструкторларды іздеу басым популяциялардың микроорганизмдер дақылдары арасында жүргізілді. М9 қатты ортасында топырақтың бүкіл микробиотасының құрамында деструктивті штамдардың болуы 0,01% көміртегі ретінде пестицидті және бактериялық дегидрогеназалық белсенділік 2,3,5-трифенилтетразолий хлориді (ТТСН) индикаторын қолдану арқылы анықталды. Дақылдардың деструктивті белсенділігі хлорорганикалық химиялық заттардың қатысуымен клетканың өсуі және тіршілікке қабілеттілігін сақтау белсенділігімен өлшенді [263].


Қазіргі заманғы биотехнологияның өзекті міндеттерінің бірі ксенобиотиктермен ластанған топырақтарды қайта қалпына келтіруге байланысты мәселелерін шешу үшін аборигендік микрофлорадан бөлініп алынған деструктор штамдары негізінде биопрепараттар алу болып табылады. Пестицидтерді қолдану нормалары мен ережелерін бұза отырып интенсивті қолдану салдарынан топырақ ерекше деструктивті әсерге ұшырайды, бұл пестицидтердің топырақта жиналуының негізгі себебі болып табылады. Пайдаланылмаған немесе тыйым салынған химиялық заттарға арналған полигондар да қоршаған ортаға ерекше қауіп төндіреді. Топырақтың өзін-өзі тазартуының табиғи процестері мұндай ластану көлеміне төтеп бере алмайды.

Топырақтың құнарлылығы мен өзін-өзі тазартуы микробиологиялық процестердің белсенділігіне тікелей байланысты екені белгілі, алайда топырақтың жоғары интоксикациялық нәтижесінде автохтонды микрофлора тежеледі. Сондықтан топырақтың негізгі функцияларын қалпына келтіруге және құнарлылығын арттыруға бағытталған кешенді технологияларды жасау теориялық және қолданбалы микробиология үшін айтарлықтай ғылыми қызығушылық тудырады. Қазіргі уақытта биологиялық ремедиация әдістері ластанған топырақтарды тазалау мәселелерін шешудің басым әдістері ретінде қарастырылады [264]. Биодеградация органикалық ластанушы заттармен, соның ішінде пестицидтермен ластанған топырақ жүйелерін рекультивациялау технологияларының ең перспективалы бағыты болып саналады.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты әрі қарай зерттеулердің мақсаты тиімді деструктор микроорганизмдердің скринингін жүргізу, дақылдардың деструктивті белсенділігін зерттеу және ең перспективті штамдарды таңдау болды. Деструкторларды іздеу микроорганизмдердің басым популяцияларынан алынған дақылдар арасында жүргізілді. Топырақтың жалпы микробиотасының құрамындағы деструктор штамдарын анықтау көміртегі көзі ретінде ДДТ пестицидін 0,01%, бактериялардың дегидрогеназа белсенділігінің көрсеткіші 2,3,5-трифенилтетразолий хлоридін (ТТХ) қосу арқылы қатты ортада М9 жүргізілді [265].

Зерттеу жұмысы барысында 40 штамм тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақ үлгілерінен бөлініп алынды. Штамдардың жартысы көміртегінің жалғыз көзі ретінде тұрақты органикалық қосылыстар бар ортада өспегенін көрсетті, бұл деструктивті белсенділіктің жоқтығын көрсетеді. Скрининг нәтижесінде тұрақты органикалық қосылыстар бар ортада белсенді өсуге қабілетті 10 перспективті штамм іріктеліп алынды, атап айтқанда, *Pseudomonas plecoglossicida* K2, *Bacillus aryabhatai* K3, *Solibacillus isronensis* KS1, *Pseudomonas* sp. KS2, *Bacillus pumilus* B1, *Bacillus amyloliquefaciens* B2, *Bacillus subtilis* AK5, *Pseudomonas koreensis* AK1, *Bacillus megaterium* AS1 және *Bacillus paramycoides* SA1 (Сурет 26).

39 – суретте көрсетілгендей, М9 қоректік ортада өсірілген барлық колониялар тегіс, жылтыр қызыл және S-тәрізді болды.



Сурет 39 – Тұрақты органикалық қосылыстар бар ортада деструктивті микроорганизмдердің өсуі. a) *Pseudomonas plecoglossicida* K2. b) *Bacillus aryabhatai* K3


39 – суретте көрсетілгендей тұрақты органикалық заттардың тотығу-қалпына келтіру реакцияларын катализдейтін дегидрогеназа ферментін анықтау үшін синтетикалық М9 қоректік ортасына 2,3,5-трифенилтетразолий хлориді (ТТХ) индикаторы қосылып, петри табақшаларында қызыл бояудың пайда болуы ксенобиотиктің деструкциясын анықтайды. Яғни, ортада қалпына келтірілген үшфенилформазанның (ТФФ) түзілуіне байланысты.

Дақылдардың деструктивті белсенділігі хлорорганикалық қосылыстардың қатысуымен өсу және клетканың тіршілікке қабілеттілігін сақтау

белсенділігімен бағаланды. Микроорганизмдерді және олардың ыдырау өнімдерін ыдырататын белсенді тұрақты органикалық қосылыстардың скринингі топырақтан бөлініп алынған таза дақылдардың барлық 40 штамында жүргізілді. Скринингтік зерттеулердің негізінде 20 штамм көміртегінің жалғыз көзі ретінде ДДТ қосылған ортада өсуге қабілетсіз болды. Дақылдың қатты қоректік ортада өспеуі штаммдардың деструктивті белсенділігінің жоқтығын көрсетеді. Тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақ үлгілерінен бөлініп алынған *Pseudomonas plecoglossicida* K2, *Bacillus aryabhatai* K3, *Solibacillus isronensis* KS1, *Pseudomonas* sp. KS2, *Bacillus pumilus* B1, *Bacillus amyloliquefaciens* B2, *Bacillus subtilis* AK5, *Pseudomonas koreensis* AK1, *Bacillus megaterium* AS1 және *Bacillus paramycoides* SA1 штамдарының ДДТ-ға қатысты деструктивті белсенділігі жоғары екендігі анықталды.

Ғылыми әдебиеттерде хлорорганикалық пестицидтердің кең спектрін қолдану бұл қосылыстардың микроорганизмдердің прокариоттық және эукариоттық клеткаларына, гетеротрофты микроорганизмдерге әсер етуінің әртүрлі механизмдерін қамтитынын және бұл механизмдердің ауқымы өте кең екенін көрсететін мәліметтер бар. Карбаматтардың туындылары клетканың бөліну процесіне әсер ететіні белгілі, органикалық мыс қосылыстары және дитиокарбаматтар – мембрананың өткізгіштігі және тотығу фосфорлануы, тыныс алу тізбегіндегі электрондардың тасымалдануы бойынша, органикалық сынап қосылыстары клеткалық компоненттермен әрекеттеседі, карбоксил, сульфгидрил, амин топтары және металл иондарымен әрекеттеседі [266]. Сондықтан бөлініп алынған таза дақылдардың штамдары хлорорганикалық препараты бар қоректік ортада әртүрлі өсу белсенділігін көрсетті.


Скрининг нәтижесінде ДДТ хлорорганикалық қосылысы бар қоректік ортада белсенді өсу белсенділігіне ие микроорганизмдердің 10 перспективті штамдар іріктеліп алынды. Нәтижелер 40 – суретте көрсетілген.



Сурет 40 – ДДТ қосылған қоректік ортада тұрақты органикалық қосылыстарды ыдырататын деструктор - штамдардың өсу динамикасының сызықтық регрессиясы

Деструктор - штамдардың ДДТ қосылған қоректік ортада өсуі 5 тәулік бойы зерттелді, 40 – суретте көріп тұрғандарыңыздай, *Pseudomonas plecoglossicida* K2, *Bacillus aryabhatai* K3, *Pseudomonas koreensis* AK1 штамдары *Bacillus megaterium* AS1 және *Bacillus paramycoides* SA1 штамдарымен салыстырғанда белсенді өсуді көрсетті. Зерттелетін штамдардың клетка саны 24 сағаттан кейін  $1,7 \times 10^7$  -  $8,6 \times 10^7$  КТБ/г, бесінші күні  $2,1 \times 10^7$  -  $1,2 \times 10^7$  КТБ/г шегінде болды. Зерттелген штамдардың ішінде *Solibacillus isronensis* KS1, *Pseudomonas*

sp. KS2, *Bacillus pumilus* B1, *Bacillus amyloliquefaciens* B2, *Bacillus subtilis* AK5, штамдары ең жоғары өсу белсенділігін көрсетті. *Bacillus subtilis* AK5 штамы дақылдаудың бірінші күнінде өсуі белсенді, клетка саны  $2,9 \times 10^7$  КТБ/г құрады. Тәжірибе соңында барлық клетка саны  $2,4 \times 10^7$ - $4,8 \times 10^7$  КТБ/г шегінде болды (41-сурет). ДДТ қосылған ортада дақылдардың белсенді өсуі штамдардың көміртегінің жалғыз көзі ретінде хлорорганикалық қосылыстарды пайдаланатынын көрсетеді. 41 – суретте ДДТ қосылған ортада микроорганизмдер – деструкторлар дақылдарының өсуі көрсетілген.



Сурет 41 – ДДТ қосылған қатты қоректік ортада деструктор - штамдарының дегидрогеназалық белсенділігі (600X)

44 – суретте көрініп тұрғандай, ДДТ қосылған ортадағы деструктор - штамдарының көлемі 1-2,5 мм беттік колониялар түзеді. ДДТ бар М9 қоректік ортада дақылдар колонияларының өлшемі үлкен болды - 1,8-3 мм құрады. Колониялар дөңгелек, жиегі тегіс және беті тегіс, күңгірт қызыл түсті болды. Колониялардың құрылымы біртекті, барлық штамдар S типті колониялар түзді, кейде шырышты (O) колониялар пайда болды. *Pseudomonas plecoglossicida* K2, *Pseudomonas koreensis* AK1, *Bacillus megaterium* AS1 штамдарында дөңгелек және тегіс, жылтыр колониялар байқалды. ДДТ қосылған М9 қоректік ортасында барлық штамдар колонияларының айналасында әртүрлі түссіздену аймақтары пайда болды.

Зерттеу нәтижелері бойынша М9 синтетикалық қоректік ортасында барлық колониялар қызыл түсті тегіс, жылтыр S пішінді болды. Көміртектің жалғыз көзі ретінде ДДТ қосылған М9 қоректік ортадағы дақылдар бастапқы ақ – күңгірт түсті қызыл түске өзгертеді, бұл ортада қалпына келтірілген үшфенилформазанның (ТФФ) түзілуіне байланысты. Ғылыми әдебиеттерде белгілі бір жағдайларда және белгілі бір топырақта микроорганизмдердің әсерінен әртүрлі пестицидтердің өзгеруіне көптеген мысалдар келтірілген. Мысалы, хлорорганикалық препараттар (ДДТ) микрофлораның әсерінен хош иісті сақиналардың ыдырауымен терең деградацияға ұшырайды.

Химиялық ластаушы заттарды деструкторлардың штамдарын зерттеу нәтижесінде микроорганизмдердің *Pseudomonas plecoglossicida* K2, *Bacillus aryabhatai* K3, *Solibacillus isronensis* KS1, *Pseudomonas* sp. KS2, *Bacillus pumilus* B1, *Bacillus amyloliquefaciens* B2, *Bacillus subtilis* AK5, *Pseudomonas koreensis* AK1, *Bacillus megaterium* AS1 және *Bacillus paramycoides* SA1 штамдары тұрақты органикалық қосылыстарды жоюға қабілетті екендігі анықталды, бұл қызғылт колониялардың пайда болуын көрсетті және олардың айналасындағы орта қызарып, қысқартылған трифенилформазанның (ТФФ) түзілуін көрсетеді. Аэробты жағдайда ксенобиотиктердің биодеградациясының бірінші сатысы әртүрлі оксидоредуктазалармен катализделген тотығу метаболизмінің реакциялары болғандықтан, олардың негізгілері дегидрогеназалар, микроорганизмдерде бұл ферменттердің анықталуы дақылдың деструктивті белсенділігін көрсетеді.


### **3.4.1 Деструктор – штамдардың ферментативті белсенділігі және белсенді штамдардың скринингі**


Деструктор – микроорганизмдердің дегидрогеназалық белсенділігімен қатар қосымша ферментативті белсенділігі зерттелді.

Пестицидтерді ыдыратудың физика-химиялық әдістері көбінесе үлкен шығындарды қажет ететіндіктен және токсинді жанама өнімдер түзуі мүмкін болғандықтан, пестицидтерді биоремедиациялаудың тиімдірек және экологиялық таза тәсілдеріне сұраныс артып келеді. Биодеградация, ферменттерге негізделген перспективті процесс болып табылады, оксидоредуктазалар, монооксигеназалар, диоксигеназалар, карбоксилэстеразалар, фосфотриэстеразалар, галогеналкандегалогеназалар және

дегидрохлориназалар, диизопропилфторофосфатаза, параоксоназа және ангидролаза органофосфат қышқылы сияқты ферменттерді атап өтуге болады. Микроорганизмдердің оксидоредуктазалар, дегидрогеназа, лакказа және каталаза ферменттері ТОҚ қатысты деструктивті мүмкіндіктерінде шешуші рөл атқарады.

Деструктор - штамм ретінде анықталған микроорганизмдердің ферментативті белсенділігі спектрофотометриялық әдіспен талданды (Сурет 42).






Сурет 42 – ДДТ қосылған қоректік ортада өсірілген деструктор - штамдардың ферментативті белсенділігі

Зерттеу перспективті штамдарға бағытталған. *Pseudomonas plecoglossicida* K2, *Bacillus aryabhatai* K3, *Solibacillus isronensis* KS1, *Pseudomonas* sp. KS2, *Bacillus pumilus* B1, *Bacillus amyloliquefaciens* B2, *Bacillus subtilis* AK5, *Pseudomonas koreensis* AK1, *Bacillus megaterium* AS1 және *Bacillus paramycoides* SA1 деструктор – штамдарының барлығы жоғары ферментативті белсенділікті көрсетті. Бұл штамдар деструктивті қабілетке жауап беретін жоғары ферментативті белсенділікке ие - протеаза, лакказа, каталаза және целлюлоза сияқты ферменттерге негізделген.

*Bacillus* туысының өкілдері өндірістік маңызы бар бірнеше ферменттерді синтездейтіні белгілі, атап айтқанда амилаза, протеаза, целлюлаза, каталаза және т.б. Біздің зерттеу жұмысымызда *Bacillus* туысының өкілдерімен қатар, *Solibacillus*, *Pseudomonas* туыс өкілдерінің ферментативті белсенділігі зерттелді.


Биоремедиацияда қолданылатын ферменттердің қатарына цитохром Р450, лакказа, гидролаза, дегалогеназа, дегидрогеназа, протеаза, липаза және целлюлозаферменттері жатытыны анықталған. Аталған ферменттер полимерлердің, ароматты көмірсутектердің, галогенді қосылыстардың, бояғыштар мен детергенттердің, агрохимиялық қосылыстардың деградациялауында белсенді болып табылады. Ферменттердің бұндай қасиеттері әртүрлі механизмдерге негізделген: тотығу - тотықсыздану, қайта қалпына келтіру, циклді элиминирлеуші.




Лакказа



Протеаза



Целлюлоза



Каталаза

Сурет 43 – ДДТ қосылған қоректік ортада өсірілген деструктор - штамдардың сапалық ферментативті белсенділігі

43 – суретте көрсетілгендей, *Pseudomonas plecoglossicida* K2, *Bacillus aryabhatai* K3, *Solibacillus isronensis* KS1, *Pseudomonas* sp. KS2, *Bacillus pumilus* B1, *Bacillus amyloliquefaciens* B2, *Bacillus subtilis* AK5, *Pseudomonas koreensis* AK1, *Bacillus megaterium* AS1 және *Bacillus paramycoides* SA1 деструктор – штамдардың ферментативті белсенділігін зерттеу барысында, лакказа, протеаза, целлюлоза, каталаза ферменттерінің белсенділігі зерттелді. Скрининг жүргізу барысында гидролизденген агарлы ортада еріген азотты қосылыстардың

түзілгені, яғни бактериялардың протеолитикалық белсенділігі өскен колониялардың жанында түссіз аймақтың байқалуымен сипатталады. Карбоксиметилцеллюлоза агар (КМЦ) қоректік ортасында өскен колонияларды йод ерітіндісімен өңдеу нәтижесінде түссіз аймақтың пайда болуы целлюлоза белсенділігін көрсетті. Келесі зерттеу деструктор-штамдарының биосәйкестігіне талдау жүргізу жоспарланады.


### 3.5 Перспективті штамм – деструкторлардың биосәйкестігі және микробтық консорциум құру











Биодеградация процесінің тиімділігі үшін микробтық қауымдастықтардың жүйелі консорциумдарын қолдану тиімді болып табылады. Қоршаған ортадағы ксенобиотиктердің трансформациясы үшін деструктор – штамдар арасында антагонистік қасиет болмауы қажет.







Зерттеу жұмысы барсыныда деструктор – штамдардың биосәйкестігі Глушанов әдісімен зерттелді. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес 7 биосәйкес консорциумдар іріктеліп алынды: *Bacillus subtilis AK5 – Pseudomonas koreensis AK1*, *Pseudomonas plecoglossicida K2 – Bacillus pumilus B1*, *Bacillus aryabhatai K3 – Bacillus amyloliquefaciens B2*, *Bacillus paramycoides SA1 – Pseudomonas koreensis AK1*, *Bacillus subtilis AK5 – Pseudomonas plecoglossicida K2*, *Solibacillus isronensis KS1 – Pseudomonas sp. KS2*, *Bacillus paramycoides SA1 – Bacillus subtilis AK5*.

Жоғарыда көрсетілген штамдардың бір – біріне антагонистік қасиеттері анықталмады, бұл штамдардың биосәйкес екендігін және биоремедиация процесі үшін консорциум негізіндегі биопрепараттарды қолдану тиімділігін арттыруға болады. Зерттеу жұмысының нәтижесінде 191 комбинациядан 55 биосәйкестік анықталып, ең белсенді 7 консорциум таңдалып алынды. Зерттеу нәтижелері 5 кестеде көрсетілген.

Кесте 7 – Перспективті ТОҚ ыдыратуға қабілетті деструктор – штамдардың биосәйкестігі

№	Штамдар	Қоректік ортада өсуі	Клетка морфологиясы 600X
1	2	3	4
1	<i>Bacillus subtilis AK5 – Pseudomonas koreensis AK1</i>		

2	<i>Pseudomonas plecoglossicida</i> K2 – <i>Bacillus pumilus</i> B1		
3	<i>Bacillus aryabhatai</i> K3 – <i>Bacillus amyloliquefaciens</i> B2		
4	<i>Bacillus paramycoides</i> SAI – <i>Pseudomonas koreensis</i> AK1		
5	<i>Bacillus subtilis</i> AK5 – <i>Pseudomonas plecoglossicida</i> K2		
6	<i>Solibacillus isronensis</i> KS1 – <i>Pseudomonas</i> sp. KS2		
7	<i>Bacillus paramycoides</i> SAI – <i>Bacillus subtilis</i> AK5		

8	<i>Bacillus megaterium</i> ASI- <i>Solibacillus isronensis</i> KS1		
9	<i>Bacillus amyloliquefaciens</i> AK3- <i>Bacillus amyloliquefaciens</i> B2		
10	<i>Bacillus amyloliquefaciens</i> AK3- <i>Cutaneotrichosporon moniliiforme</i> BR4		
11	<i>Bacillus pumilus</i> SB1- <i>Rhodotorula glutinis</i> B5		
12	<i>Bacillus paramycoides</i> SA1- <i>Rhodotorula glutinis</i> B5		

Деструктор – штамдар арасындағы антагонистік қасиетті бағалау колониялар айналасындағы тежелу аймағының диаметрін өлшеу арқылы жүргізілді. Зерттеу нәтижелері бойынша *Bacillus megaterium* ASI-*Solibacillus isronensis* KS1, *Bacillus amyloliquefaciens* AK3-*Bacillus amyloliquefaciens* B2, *Bacillus amyloliquefaciens* AK3-*Cutaneotrichosporon moniliiforme* BR4, *Bacillus pumilus* SB1-*Rhodotorula glutinis* B5, *Bacillus paramycoides* SA1-*Rhodotorula glutinis* B5 штамдары бір – біріне антагонистік қасиет көрсетті, яғни симбиозды

тіршілік ете алмайды, ал *Bacillus subtilis AK5* – *Pseudomonas koreensis AK1*, *Pseudomonas plecoglossicida K2* – *Bacillus pumilus B1*, *Bacillus aryabhattai K3* – *Bacillus amyloliquefaciens B2*, *Bacillus paramycoides SA1* – *Pseudomonas koreensis AK1*, *Bacillus subtilis AK5* – *Pseudomonas plecoglossicida K2*, *Solibacillus isronensis KS1* – *Pseudomonas sp. KS2*, *Bacillus paramycoides SA1* – *Bacillus subtilis AK5* деструктор - штамдары арасында антагонисттік қасиет болмайтыны анықталды және бактериялық консорциумдар құрастырылды. Бұл штамдарда бір-біріне қатысты тежеу қасиеттерінің болмауы олардың бірлесе симбиозды тіршілік ететінін көрсетеді. Биосәйкестік биоремедиация немесе биодеградация процесі үшін консорциум негізінде биопрепараттар пайдаланудың перспективті факторлары болып табылады.

Морфологиялық-культуралдық қасиеттері бойынша биосәйкес штамдар грам оң және грам теріс, клетка пішіндері сопақша, кокка және таяқша тәрізді болып келеді. Қатты қоректік ортаның бетінде екі дақыл бірлесіп өскені, штамдардың биосәйкес екенін көрсетеді. Өсіп шыққан дақылдардың пішіні домалақ, біртекті және шеттері тегіс және кедір-бұдырлы, ақшыл түсті жылтыр колониялар. Келесі зерттеу жұмысы барысында биосәйкес штамдардың морфологиялық-культуралдық қасиеттері зерттеліп, перспективті штамдар молекулалық-генетикалық әдіс негізінде түрге дейін идентификацияланды. Келесі бөлімде молекулалық – генетикалық әдіс негізінде түрге дейін идентификацияланған перспективті деструктор – микроорганизмдердің, тұрақты органикалық қосылыстарды ыдырату белсенділігі газды – сұйықтықты хроматография әдісімен анықталды.

### **3.5.1 Деструктор – штамдардың хлорорганикалық пестицидтерді ыдырату белсенділігі**

Масс-спектрометриялық детекторы бар газды – сұйық хроматография әдісімен хлорорганикалық пестицидтерді анықтау

Соңғы бірнеше онжылдықта қоршаған ортадағы хлорорганикалық пестицидтердің мөлшеріне анализ жүргізу және олардың қоршаған ортаға соның ішінде биологиялық объектілерге әсерін бағаулауға көңіл бөлінуде.

Сынамалар ҚазҰАУ Қазақстан-Жапон инновациялық орталығының Тамақ және экологиялық қауіпсіздік зертханасында хлорорганикалық пестицидтердің құрамы масс-спектрометриялық детекторы бар газды- хроматография әдісі арқылы зерттелінді. Зерттеу жұмысында көміртегінің жалғыз көзі ретінде хлорорганикалық пестицидтердің 5 түрі (ДДТ, ДДЭ,  $\alpha$ ГХЦГ,  $\beta$  ГХЦГ,  $\mu$ ГХЦГ ) қосылған М9 синтетикалық қоректік ортасы пайдаланылды.

Зерттеудің келесі кезеңінде хроматографқа жіберілетін градуирлинген ерітіндіні дайындау үшін *Bacillus aryabhattai K3* моно штамы, *Pseudomonas plecoglossicida K2* +*Bacillus aryabhattai K3*, *Bacillus pumilus B1*+*Bacillus amyloliquefaciens B2* штамдарының консорциумы бар колбаға гексан алканы құйылды. Пестицидтер 10-15 мл гександа ерітілді. Сыйымдылығы 100 мл колбаға стерильді пипеткамен 1 мл ерітінді алынды. Сұйық ортадағы штамдардың пестицидтермен қаншалықты қоректенгенін анықтау үшін

хроматографиялық анализге сынамалар дайындалды. Гексан мен М9 қоректік ортасының тығыздықтары әртүрлі болғандықтан, екі сұйықтық бір бірімен араласпады. Күкірт қышқылы арқылы органикалық қосылыстарды жойып, экстракция жүргізілді. Қышқыл ортаны бейтараптандыру үшін алдымен калий гидрокарбонаты, кейін дистильденген су қолданылды. рН мәні 5-ке жеткенде тек пестицидтері бар гексан қажетті мөлшерде алынып, қажет емес суспензия төгілді. Келесі кезеңде гександы қайнатып, 70°C температурада буландыру процесі жүрді. Ваккумдық сорғы арқылы процесс жылдамдатылды. Пестицидтері бар сынамадан микрошприц көмегімен 1 мкл сұйықтық алынып, хроматограф жабдығына жіберілді.

1,4,6-тәуліктерде  $\alpha$ -ГХЦГ,  $\beta$ -ГХЦГ,  $\gamma$ -ГХЦГ, ДДТ, ДДЭ хлорорганикалық пестицидтерінің ыдырау дәрежесі келесі кезеңдегі хроматограммалар арқылы зерттелді. Газды хроматография әдісі-қоршаған орта объектілеріндегі ХОП анықтаудың ең көп кең таралған әдістердің бірі. Зерттеу нәтижесі төменгі 8 кестеде көрсетілген.

Кесте 8 – *Bacillus aryabhatai* K3, *Pseudomonas plecoglossicida* K2 +*Bacillus aryabhatai* K3 штамдарының ДДТ, ДДЭ,  $\alpha$ -ГХЦГ,  $\beta$ -ГХЦГ,  $\gamma$ -ГХЦГ изомерлерлері бар пестицидтерді ыдырату белсенділіктері

ГХЦГ $\alpha$ -изомерлер			
Үлгілер	Талдау күні	Сынақ нәтижелері бойынша нақты мәндер, мкг / мл	Ыдырату белсенділігі %
Бақылау	1 тәулік	1,227	0
	4 тәулік	1,201	2,12
	6 тәулік	1,240	1,06
<i>Bacillus aryabhatai</i> K3	1 тәулік	0,694	0
	4 тәулік	0,645	7,06
	6 тәулік	0,598	13,83
<i>Pseudomonas plecoglossicida</i> K2 + <i>Bacillus aryabhatai</i> K3	1 тәулік	0,820	0
	4 тәулік	0,794	3,17
	6 тәулік	0,747	8,90
<i>Bacillus pumilus</i> B1 + <i>Bacillus amyloliquefaciens</i> B2	1 тәулік	2,803	0
	4 тәулік	1,232	56,09
	6 тәулік	0,742	73
ГХЦГ $\beta$ -изомерлер			
Үлгілер	Талдау күні	Сынақ нәтижелері бойынша нақты мәндер, мкг/мл	Ыдырату белсенділігі %
Бақылау	1 тәулік	1,709	0
	4 тәулік	1,679	-1,76
	6 тәулік	1,630	-4,62
<i>Bacillus aryabhatai</i> K3	1 тәулік	1,027	0
	4 тәулік	0,922	-10,22

	6 тәулік	0,763	-25,71
<i>Pseudomonas plecoglossicida</i> K2 + <i>Bacillus aryabhatai</i> K3	1 тәулік	1,516	0
	4 тәулік	1,437	-5,21
	6 тәулік	1,275	-15,90
<i>Bacillus pumilus</i> B1+ <i>Bacillus amyloliquefaciens</i> B2	1 тәулік	0,828	0
	4 тәулік	0,463	-44,1
	6 тәулік	0,294	-64,4
ГХЦГ γ-изомерлер			
Үлгілер	Талдау күні	Сынақ нәтижелері бойынша нақты мәндер, мкг / мл	Ыдырату белсенділігі %
Бақылау	1 тәулік	1,172	0
	4 тәулік	1,043	-11,01
	6 тәулік	1,148	-2,05
<i>Bacillus aryabhatai</i> K3	1 тәулік	1,006	0
	4 тәулік	0,826	-17,89
	6 тәулік	0,878	-12,72
<i>Pseudomonas plecoglossicida</i> K2 + <i>Bacillus aryabhatai</i> K3	1 тәулік	1,177	0
	4 тәулік	1,058	-10,11
	6 тәулік	0,802	-68,86
<i>Bacillus pumilus</i> B1+ <i>Bacillus amyloliquefaciens</i> B2	1 тәулік	1,035	0
	4 тәулік	0,543	-48,3
	6 тәулік	0,282	-73,2
4,4-ДДТ			
Үлгілер	Талдау күні	Сынақ нәтижелері бойынша нақты мәндер, мкг / мл	Ыдырату белсенділігі %
Бақылау	1 тәулік	5,617	0
	4 тәулік	5,872	4,54
	6 тәулік	5,646	0,52
<i>Bacillus aryabhatai</i> K3	1 тәулік	7,148	0
	4 тәулік	5,776	-19,19
	6 тәулік	3,203	-55,19
<i>Pseudomonas plecoglossicida</i> K2 + <i>Bacillus aryabhatai</i> K3	1 тәулік	5,767	0
	4 тәулік	4,619	-19,91
	6 тәулік	2,864	-50,34
<i>Bacillus pumilus</i> B1+ <i>Bacillus amyloliquefaciens</i> B2	1 тәулік	1,802	0
	4 тәулік	0,799	-56,3
	6 тәулік	0,514	-72,3
4,4-ДДЭ			


Үлгілер	Талдау күні	Сынақ нәтижелері бойынша нақты мәндер, мкг / мл	Ыдырату белсенділігі %
Бақылау	1 тәулік	3,007	0
	4 тәулік	2,910	-3,23
	6 тәулік	2,956	-1,70
<i>Bacillus aryabhatai</i> K3	1 тәулік	2,283	0
	4 тәулік	2,003	-12,26
	6 тәулік	1,203	-47,31
<i>Pseudomonas plecoglossicida</i> K2 + <i>Bacillus aryabhatai</i> K3	1 тәулік	3,498	0
	4 тәулік	2,444	-30,13
	6 тәулік	1,646	-52,94
<i>Bacillus pumilus</i> B1 + <i>Bacillus amyloliquefaciens</i> B2	1 тәулік	0,442	0
	4 тәулік	0,158	-64,2
	6 тәулік	0,098	-77,8

8 – кестеде көрсетілгендей, *Bacillus aryabhatai* K3 штамдарының  $\alpha$ ,  $\beta$ ,  $\gamma$  - ГХЦГ ыдырату белсенділіктері 1-тәулікте ешқандай өзгеріс байқалмаған, ал 6-тәулікте жоғары болғандығы байқалды.  $\alpha$  –ГХЦГ бойынша пайыздық көрсеткіші – 13,83%,  $\beta$  –ГХЦГ бойынша- 25,71%,  $\gamma$  –изомерлі ГХЦГ бойынша- 12,72 % құрады. *Bacillus aryabhatai* K3 ДДТ ыдыратуының ең жоғарғы пайыздық көрсеткіші 6-тәулікте 55,19% тең болды. Ал 1-ші тәулікте ешқандай өзгеріс байқалмады. ДДЭ ыдыратуының ең жоғарғы пайыздық көрсеткіші 6-тәулікте 47,31% тең болды. Хроматография нәтижелеріне сәйкес *Bacillus pumilus* B1 + *Bacillus amyloliquefaciens* B2 штамдарының консорциумының пестицидтерді ыдырату көрсеткіштерінің жоғары екені анықталды. 1 тәуліктен соң  $\alpha$ -ГХЦГ 2,803 мкг/мл, ДДД 1,910 мкг/мл, ДДТ 1,802 мкг/мл болды. 4-тәулікте  $\alpha$ -ГХЦГ 1,232 мкг/мл, ДДД 0,809 мкг/мл, 6-тәулікте  $\alpha$ -ГХЦГ 0,742 мкг/мл, ДДД 0,518 мкг/мл, ДДТ пестициді 0,514 мкг/мл концентрацияларға дейін азайды. Пайыздық көрсеткіштерге сәйкес, 4-тәулікте  $\alpha$ -ГХЦГ 43,9%,  $\beta$ -ГХЦГ 55,9%,  $\gamma$ -ГХЦГ 42,8%, ДДЭ 35,7% , ДДД 42,3%, ДДТ 44,3% ыдырады. 6-тәулікте  $\alpha$ -ГХЦГ 60%,  $\beta$ -ГХЦГ 63,4%,  $\gamma$ -ГХЦГ 51,9%, ДДЭ 62,0%, ДДД 64,2%, ДДТ 64,3% ыдырады.

Алынған нәтижелер хроматографиялық спектр негізінде 44-45 суреттерде көрсетілген.

Bacillus aryabhatai K3


RT: 14.65 - 22.27



Сурет 44 – Хлорорганикалық пестицидтер және *Bacillus aryabhatai K3* штамдары бар тәжірибе сынамасының хроматография нәтижелері

44 – суретте көрсетілгендей *Bacillus aryabhatai K3* штамы 1 -тәулікте қоректік ортаның ішінде ДДЭ қосылған пестицидтің мөлшері 2,283 мкг / мл құраса, ал 6-тәуліктен кейін *Bacillus aryabhatai K3* штамы 1,203 мкг / мл құрады. Нәтижесінде 47 %-ға дейін ыдыратып жіберді. ДДТ қосылған пестицидтің мөлшері 55%-ға ыдыратты. Ал,  $\alpha$  –ГХЦГ бойынша пайыздық көрсеткіші – 13,83 %,  $\beta$  –ГХЦГ бойынша- 25,71 %,  $\gamma$  –изомерлі ГХЦГ бойынша- 12,72 % құрады.

T: 14.61 - 22.27




*Pseudomonas plecoglossicida* K2+  
*Bacillus aryabhatai* K3 1 day  
*Pseudomonas plecoglossicida* K2+  
*Bacillus aryabhatai* K3 4 day  
*Pseudomonas plecoglossicida* K2+  
*Bacillus aryabhatai* K3 6 day

Component Name	Expected RT, min
BHC, alpha	14.84
BHC, beta	15.32
BHC, gamma	15.57
Aldrin	18.20
DDE, p,p	20.32
DDT, p,p	21.97

Сурет 45 – Хлорорганикалық пестицидтер және *Pseudomonas plecoglossicida* K2 +*Bacillus aryabhatai* K3 штамдары бар тәжірибе сынамаcының хроматография нәтижелері


45 – суретте көрсетілгендей *Pseudomonas plecoglossicida* K2 +*Bacillus aryabhatai* K3 консорциум штамдарының ыдырату белсенділігі  $\alpha$  –ГХЦГ бойынша пайыздық көрсеткіші – 8,90%,  $\beta$  –ГХЦГ бойынша- 15,90 %,  $\gamma$  – изомерлі ГХЦГ бойынша- 31,86 % құрады. *Pseudomonas plecoglossicida* K2 +*Bacillus aryabhatai* K3 консорциумы 1 -тәулікте қоректік ортаның ішінде ДДЭ қосылған пестицидтің мөлшері 5,767 мкг/мл құраса, ал 6-тәуліктен кейін 2,864 мкг / мл құрады. Нәтижесінде 50,34 %-ға дейін хлорорганикалық пестицидтерді ыдырату белсенділігін көрсетті. 1 -тәулікте ДДТ мөлшері 3,498 мкг/мл құраса, ал 6-тәулікте 1,646 мкг/мл құрады, және пестицидтің мөлшері 52,94%-ға ыдыратуға қабілеттілігі анықталды. Бұл *Pseudomonas plecoglossicida* K2 +*Bacillus aryabhatai* K3 консорциумының ферментативті белсенділігі және консорциумның тиімділігімен сипатталады.



N	Время (мин)	Высота	Площадь	Ширин	Репер	Концентрация	Ед. изм	Компонент
2	6.081	874.496	84.574	0.628	Нет	2.803	мкг/мл	а-ГХЦГ
3	6.890	91.795	8.707	0.356	Нет	0.828	мкг/мл	б-ГХЦГ
4	7.246	287.157	27.714	0.529	Нет	1.035	мкг/мл	г-ГХЦГ
5	10.017	4.705	0.349	0.175	Нет	0.012	мкг/мл	Гептахлор
6	10.185	13.312	1.043	0.223	Нет	0.000		
7	10.867	3.292	0.303	0.232	Нет	0.000		

F1 - справка


### 1-тәулік



N	Время (мин)	Высота	Площадь	Ширин	Репер	Концентрация	Ед. изм	Компонент
1	3.160	96.274	4.853	0.290	Нет	0.000		
2	4.747	10.666	0.634	0.197	Нет	0.000		
3	6.110	442.752	37.174	0.425	Нет	1.232	мкг/мл	а-ГХЦГ
4	6.931	52.819	4.867	0.352	Нет	0.463	мкг/мл	б-ГХЦГ
5	7.283	160.133	14.524	0.411	Нет	0.543	мкг/мл	г-ГХЦГ
6	10.205	4.559	0.355	0.196	Нет	0.000		

F1 - справка


### 4-тәулік



### 6-тәулік


Сурет 46 – Хлорорганикалық пестицидтер және *Bacillus pumilus* B1 + *Bacillus atyloliquefaciens* B2 штамдары бар тәжірибе сынамасының хроматография нәтижелері

46 – суретте көрсетілген хроматография диаметрі 0.5 мм, ұзындығы 30 мм ValcoBond VB-5 колонкаларында жүргізілді. 1-тәулікте 38 минут жүргізілген жұмыс барысында α-ГХЦГ, β-ГХЦГ, γ-ГХЦГ пестицидтері детектордың 250-450 мВ мәнінде 6-7 минутта көрінді. ДДЭ, ДДД, ДДТ пестицидтері 119.1-81.2 мВ-та 14-17 минутта анықталды. 4-тәулікте сәйкесінше 442.7-160.1 мВ детектор кернеуінде α-ГХЦГ, β-ГХЦГ, γ-ГХЦГ пестицидтері 6;6;7 минуттарда, ДДЭ, ДДД, ДДТ пестицидтері 14;15;17 минуттарда 41.3-72.8 мВ кернеуде анықталды. 6-тәулікте α-ГХЦГ, β-ГХЦГ, γ-ГХЦГ пестицидтері детектордың 252.7- 76.4 мВ мәнінде 6 минутта, ал ДДЭ, ДДД, ДДТ пестицидтері 24.0-21.2 мВ көрсеткіште 14 минутта көрінді.



Сурет 47 – Хлорорганикалық пестицидтер бар бақылау сынамасының хроматография нәтижелері

47 – суретте көрсетілгендей бақылау сынамасының нәтижесі бойынша *Bacillus aryabhatai* K3 және *Pseudomonas plecoglossicida* K2 + *Bacillus aryabhatai* K3 консорциум штамдары бар тәжірибе сынамаларымен салыстарғанда нәтижелері өзгеріссіз екендігі байқалады. Перспективті деструктивті штамдардың моно және консорциумының деструктивті белсенділігі 48-суретте көрсетілген.



Сурет 48 – Перспективті моно және консорциум штамдарының деструктивті белсенділігі (a – бақылау, b – *Bacillus aryabhatai* K3, c – *Pseudomonas plecoglossicida* K2 + *Bacillus aryabhatai* K3, d – *Bacillus pumilus* B1 + *Bacillus amyloliquefaciens* B2)

48 – суретте көрсетілгендей зерттеу нәтижесі бойынша перспективті штамдардың деструктивтік белсенділіктерінің пайыздық көрсеткіштері анықталды. *Pseudomonas plecoglossicida* K2 + *Bacillus aryabhatai* K3 30-55 % және *Bacillus pumilus* B1 + *Bacillus amyloliquefaciens* B2 30-64 % деструктивті белсенділігі анықталды. Аталған консорциумдар тұрақты органикалық қосылыстарды биоремедиациялауда қолдануға ұсынылады.

### 3.5.2 Модельді тәжірибиелерде штамм – деструкторлардың хлорорганикалық пестицидтерді ыдырату белсенділігі

Қазіргі уақытта пестицидтермен ластанған қоршаған орта объектілерін тазарту, сондай-ақ қоймаларда пестицидтерді көму орындарына іргелес аумақтарда орналасқан тұрақты органикалық қосылыстардың артық мөлшерін деградациялау өзекті мәселелелердің бірі болып отыр. Химиялық қосылыстар класы бойынша хлорорганикалық пестицидтер ауылшаруашылығында кеңінен қолданылады. Табиғи жағдайларда пестицидтер ретінде қолданылатын барлық химиялық қосылыстар белгілі бір дәрежеде абиотикалық және биотикалық факторлар мен процестердің әсерінен ыдырауға ұшырайды. Биотикалық факторлардың ішінде бұл процесте жетекші рөлді топырақ микрофлорасы атқарады. Көптеген зерттеулер пестицидтердің ыдырауында топырақ микроорганизмдерінің маңыздылығын атап көрсетеді. Пестицидтердің

микроорганизмдермен ыдырау ұзақтығы қосылыстың химиялық құрамына, микроорганизмдердің түрлеріне, топырақ қасиеттеріне (температура, аэрация және т.б.) байланысты бірнеше күннен бірнеше айға, кейде ондаған жылдарға дейін өзгеруі мүмкін.

Микробиологиялық дезактивация әдістерінің басқа әдістерге қарағанда артықшылығы микроорганизмдердің ферменттік жүйелерінің алуантүрлілігімен және химиялық тұрақты қосылыстардың кең спектрін ыдыратуға мүмкіндік беретін үлкен метаболикалық лабильділігімен түсіндіріледі. Пестицидтерді ыдыратудың ең тиімді жолы монокультураға қарағанда, микроорганизмдердің перспективті штамдары негізінде құрастырылған консорциумын пайдалану болып табылады. Топырақ микроорганизмдерінің консорциумының зат алмасу мүмкіндіктері монокультураларға қарағанда жоғары және алуантүрлі. Консорциум микроорганизмдерінің бірлескен қызметі пестицидтерді толық минералдануға дейін жеткізуге мүмкіндік береді, ал бұл микроорганизмдердің бір түрінің популяциясы үшін әрқашан мүмкін емес.

Индуктор-пестицид мөлшері бастапқы қоспаның 10-100 мг/кг аралығында болуы керектігі тәжірибе жүзінде анықталған. Осылайша, бейімделген дақылдар консорциумын бірлесіп қолдану пестицидтердің ыдырау дәрежесін арттырады және жойылу уақытын қысқартады [267].

Перспективті штамдар негізінде құрастырылған консорциумдар грам-оң және грам-теріс бактерияларды, сондай-ақ метаболикалық белсенділіктің кең ауқымына және жоғары деграция белсенділігіне, қозғалғыш және қозғалмайтын, аэробты және факультативті анаэробты әртүрлі деструктор – штамдарды қамтиды.

Тұрақты органикалық қосылыстардың микроорганизмдер әсерінен деграциялану процесі барысында кейде аралық метаболиттер бастапқы қосылыстарға қарағанда токсинді болуы мүмкін болғандықтан, фитотоксинділігін бағалау штамдардың биоремедиация үшін эффективтілігін бағалауда негізгі көрсеткіш болып табылады.

Деструктор – микроорганизмдерді лабораториялық жағдайда тестілеу үшін бақыланатын тәжірибелерде жаздық бидай дәндерін пайдалану арқылы деструктор штамдарының культуралық сұйықтығымен өңделген тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақтардың фитотоксинділігі бағаланды. Тәжірибелік бидай тұқымдары алдын ала тұрақты органикалық қосылыстармен өңделген және бақылау ретінде табиғи жағдайда өнген бидай қолданылады. Тұрақты органикалық қосылыстарды ыдыратуға қабілетті штамм деструкторларының бірнеше комбинациялары таңдалып алынды: монокультура екі немесе үш түрдің комбинациялары, сонымен қатар деструктор штамдарынсыз бақылау үлгісі. тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақтағы бидайдың морфометриялық көрсеткіштері: өскіндерінің өнуі және өсу параметрлерін бағалау 7-ші күні жүргізілді. Тәжірибе нәтижелері 9 – кестеде көрсетілген.

Кесте 9 – Тұрақты органикалық ластағыштармен ластанған топырақта бидайдың морфометриялық көрсеткіштері

Топырақ	ДДТ, мг/кг	Штамм	Өнуі, %	Ұзындығы/ биіктігі, см	Тамырының ұзындығы, см
Басшы (бақылау)	-	-	98	12.7±0.38	6.7±0.20
Пестицидпен ластанған топырақ үлгісі					
Басшы	10	-	73	10.6±0.32	5.4±0.16
Басшы	100	-	54	8.6±0.25	4.1±0.12
Топырақ+деструктор микроорганизм+пестицид					
Топырақ	10	<i>Bacillus aryabhatai K3</i>	83	15.6±0.46	6.9±0.21
Топырақ	100	<i>Bacillus aryabhatai K3</i>	68	11.6±0.35	4.8±0.14
Топырақ	10	<i>Pseudomonas plecoglossicida K2</i> + <i>Bacillus aryabhatai K3</i>	88	11.9±0.47	5.7±0.17
Топырақ	100	<i>Pseudomonas plecoglossicida K2</i> + <i>Bacillus aryabhatai K3</i>	80	8.6±0.25	3.6±0.11
Топырақ	10	<i>Bacillus pumilus B1</i> + <i>Bacillus amyloliquefaciens B2</i>	94	14.2±0.42	7.5±0.23
Топырақ	100	<i>Bacillus pumilus B1</i> + <i>Bacillus amyloliquefaciens B2</i>	85	12.8±0.38	5.5±0.16
Топырақ+деструктор микроорганизм					
Топырақ Қызылқайрат	-	-	58	10.1±0.32	4.3±0.13
Топырақ	-	<i>Bacillus aryabhatai K3</i>	67	13.3±0.39	5.8±0.17
Топырақ	-	<i>Pseudomonas plecoglossicida K2</i> + <i>Bacillus aryabhatai K3</i>	82	8.9±0.26	3.8±0.11
Топырақ	-	<i>Bacillus pumilus B1</i> + <i>Bacillus amyloliquefaciens B2</i>	84	13.6±0.40	6.2±0.18
Топырақ Бесқайнар	-	-	62	13.0±0.39	5.2±0.15
Топырақ	-	<i>Bacillus aryabhatai K3</i>	80	15.4±0.46	6.8±0.20
Топырақ	-	<i>Pseudomonas plecoglossicida K2</i> + <i>Bacillus aryabhatai K3</i>	78	13.9±0.41	4.7±0.14
Топырақ	-	<i>Bacillus pumilus B1</i> + <i>Bacillus amyloliquefaciens B2</i>	87	14.8±0.44	7.3±0.22

Зерттеудің негізгі бағыты бидай тұқымдарының өну жылдамдығымен көрсетілген хлорорганикалық пестицидтің токсинді әсерін бағалау 9-кесте көрсетілген. Зерттеу барысында Басшы бақылау топырақ үлгілерін хлорорганикалық пестицид қосылмаған және ортада хлорорганикалық пестицид мөлшері 10 мг/кг және 100 мг/кг бар нұсқаларда бидайдың өну белсенділігі


анықталды. Хлорорганикалық пестицид қосылмаған Басшы бақылау топырақ үлгілерінде бидайдың өнгіштігі 98% құраса, бақылау топырақ + 10 мг/кг ДДТ қосылған нұсқаларда бидайдың өнгіштігі 73%, топырақ + 100 мг/кг ДДТ бар нұсқаларда 54% құрады.

Топырақ + моно штамм *Bacillus aryabhatai* K3 + 10 мг/кг ДДТ бар нұсқаларда бидайдың өнуі 83%, ал топырақ+ *Bacillus aryabhatai* K3 + 100 мг/кг ДДТ бар нұсқаларда бидайдың өнуі 68% құрады. Консорциум нұсқаларында бақылау үлгілерімен салыстырғанда, топырақ + *Pseudomonas plecoglossicida* K2 + *Bacillus aryabhatai* K3 + 10 мг/кг ДДТ бар нұсқаларда бидайдың өнуі 93%, ал топырақ+ *Pseudomonas plecoglossicida* K2 + *Bacillus aryabhatai* K3 + 100 мг/кг ДДТ бар нұсқаларда бидайдың өнуі 80% артты. Келесі консорциум нұсқаларында топырақ + *Bacillus pumilus* B1 + *Bacillus amyloliquefaciens* B2 + 10 мг/кг ДДТ бар нұсқаларда бидайдың өнуі 94%, ал топырақ+ *Bacillus pumilus* B1 + *Bacillus amyloliquefaciens* B2 + 100 мг/кг ДДТ бар нұсқаларда бидайдың өнуі 85% артқаны байқалады.

Қызылқайрат топырақ үлгілерінде бидайдың өнгіштігі 58% құраса, топырақ + *Bacillus aryabhatai* K3 моно штамы бар нұсқаларда 67%, топырақ + *Pseudomonas plecoglossicida* K2 + *Bacillus aryabhatai* K3 консорциум нұсқаларында 72% және топырақ + *Bacillus pumilus* B1 + *Bacillus amyloliquefaciens* B2 нұсқаларында 84% артқаны байқалады. Бесқайнар топырақ үлгілерінде бидайдың өнгіштігі 62% құраса, топырақ + *Bacillus aryabhatai* K3 моно штамы бар нұсқаларда 80%, топырақ + *Pseudomonas plecoglossicida* K2 + *Bacillus aryabhatai* K3 консорциум нұсқаларында 78% және *Bacillus pumilus* B1 + *Bacillus amyloliquefaciens* B2 консорциум нұсқаларында 87% артты.

Хлорорганикалық пестицидтермен ластанған топырақ үлгілерін модельді тәжірибеде зерттеу нәтижелеріне сәйкес, бақылаумен үлгілерді салыстырғанда бидай тұқымдарының өну белсенділігі моно дақыл *Bacillus aryabhatai* K3 бар нұсқаларда жалпы 67-83% - ға, ал *Pseudomonas plecoglossicida* K2 + *Bacillus aryabhatai* K3 консорциум штамдары бар нұсқаларда 82 – 88%, *Bacillus pumilus* B1 + *Bacillus amyloliquefaciens* B2 консорциум нұсқаларында 87 – 94%- ға артқаны байқалады.

Бидай өскіндерінің морфометриялық параметрлеріне бойынша, хлорорганикалық пестицидтермен өңделген нұсқаларда бақылау үлгілерімен салыстырғанда бидайдың өсу көрсеткіштерінің төмендеуі байқалса, деструктор микроорганизм штамдары бар нұсқаларда 28%-ға артқаны, ал консорциум дақылдары бар нұсқаларда тамырдың өсуі 42%-ға артқаны 49 – суретте көрсетілген.



Сурет 49 – Бидайдың микроорганизм консорциумдары мен пестицидтер қатысында өсуі және морфометриялық көрсеткіштері


49 – суретте көрсетілген бидай тұқымы 3- күн қажетті жағдайларды ескере отырып өсірілді. Өскен бидай өскіндері микроорганизм консорциумдары және әртүрлі пестицидтердің қатысындағы топыраққа егілді. 7- тәулік соңында бидай өскіндеріне морфометриялық көрсеткіштері анықталды. Есеп бойынша, бақылау

және тәжірибелік өскіндер алынды. 7- тәулікте бидай өскіндерінің ұзындығы-эртүрлі көрсеткішті көрсетті. Ең жоғарғы көрсеткішке ие бидай сабағы - 30 см құрады. Сонымен қатар, бақылаумен салыстырғанда тәжірибиелік бидай өсінділерінің ұзындықтары жоғарғы көрсеткішті көрсетті.

Зерттеу жұмысында сонымен қатар топырақ үлгілеріндегі пестицидтерді ыдырататын деструктор – микроорганизмдердің өсу белсенділігімен бақыланды. Деструктор – микроорганизмдердің болуы мен белсенділігі дақылдың өсу қарқыны мен тіршілікке қабілеттілігімен бағаланды. Тәжірибе барысында деструктор штаммдары тіршілікке қабілеттілігін сақтап, клетка санының артуы байқалды, тәжірибелік нұсқаларда  $2,8 \times 10^5$ - $6,0 \times 10^7$  КТБ/г, бақылау үлгілерінде  $5,2 \times 10^4$  -  $4,4 \times 10^5$  КТБ/г құрады. Бұл микроорганизмдердің ДДТ-ны көміртегінің жалғыз көзі ретінде пайдаланғанын көрсетеді.


Эксперимент консорциумдағы ДДТ ыдырату қабілеттілігінің ең жоғары тиімділігін көрсетті. *Bacillus aryabhatai* К3 және *Pseudomonas plecoglossicida* К2 +*Bacillus aryabhatai* К3, *Bacillus pumilus* Б1+*Bacillus amyloliquefaciens* Б2 консорциумдарымен ДДТ деструкциясын растау үшін флуоресценттік-спектрометриялық талдау жүргізілді.

Сонымен қатар, зерттеу осы микроорганизмдер бар ортадағы ДДТ концентрациясының спектрлерін зерттеді. Микроорганизмдерді қосқандағы кез келген спектрлік өзгерістер ДДТ деградациясының көрсеткіші болды. 50 – сурет ДДТ бар үлгілерден алынған 3D ЕЕМ флуоресценция спектрлерін көрсетеді, бұл биодеградация процесі туралы қосымша түсінік береді.



а

б



Сурет 50 –Көміртегінің жалғыз көзі ретінде ДДТ қосылған ортаның 3D EEM флуоресценция спектрлері (а, б – бақылау, *Bacillus aryabhatai* K3, в – ферментацияның 1 тәулік, д – ферментацияның 5 тәулік: *Pseudomonas plecoglossicida* K2 +*Bacillus aryabhatai* K3, е – ферментацияның 1 тәулік, ж – ферментацияның 5 тәулік: консорциум *Bacillus pumilus* B1+*Bacillus amyloliquefaciens* B2)

50 – суреттен көрініп тұрғандай, үлгілердің шығу тегі бойынша А және В шыңдарының орны мен қарқындылығында айтарлықтай айырмашылықтар болды. Осы нәтижелерге сәйкес *Bacillus aryabhatai* K3 1-ші күні III аймақта орналасқан толқын ұзындығы 290/385 нм Ex/Em жұбымен сипатталды. 5-ші күні Ex/Em 295/430 нм болды. Тәжірибелік үлгілерімен салыстыру үшін ДДТ қосылмаған бақылау ортасы қолданылды. Осы нәтижелерге сәйкес бақылау Ex / Em 280/500 нм толқын ұзындығы жұбын көрсетті және 1-ші күні шыңдардың қарқындылығы бірден екі шыңға өсті, яғни бірінші шың Ex / Em 280/370 нм, екінші шыңы Ex / Em 265/470 нм IV және V аймақтармен байланысты. Осы нәтижелерге сәйкес 5-ші күн III аймақта орналасқан толқын ұзындығы 295/380 нм Ex/Em жұбымен сипатталды.

Әрі қарай жұмысымызда *Pseudomonas plecoglossicida* K2, *Bacillus aryabhatai* K3, *Bacillus subtilis* AK5 микроорганизмдері бар ортадағы пестицид концентрациясының спектрлерін зерттедік. Ортаға микроорганизмдер қосылған кезде спектрдегі кез келген өзгерістер пестицидтің деградациялануы ретінде қабылдануы мүмкін.


Осы нәтижелерге сәйкес, 1-ші тәулікте *Pseudomonas plecoglossicida* K2 + *Bacillus aryabhatai* K3 клеткалары негізіндегі микроорганизмдер консорциумы III аймақта орналасқан толқын ұзындығы 295/405 нм Ех/Em жұбымен сипатталды. 5-ші тәулікте Ех/Em 300/430 нм болды. Тәжірибелік үлгілерімен салыстыру үшін ДДТ қосылмаған бақылау қолданылды. Осы нәтижелерге сәйкес бақылау Ех / Em 380/500 нм толқын ұзындығы жұбын көрсетті және 1-ші тәулікте шыңдардың қарқындылығы бірден екі шыңға өсті, яғни бірінші шың Ех / Em 380/470 нм. , Ех / Em 365/470 нм екінші шыңы IV және V аймақпен байланысты. Осы нәтижелерге сәйкес 5-ші тәулікте III аймақта орналасқан толқын ұзындығы 395/380 нм Ех/Em жұбымен сипатталды. Алынған спектрограммаларды талдау зерттелетін пестицидтер консорциумның бактериялық штамдарымен жойылуға ұшырайтынын көрсетті.

Пестицидтермен ластанған топырақ үлгілерінен бөлініп алынған *Bacillus aryabhatai* K3, *Pseudomonas plecoglossicida* K2 + *Bacillus aryabhatai* K3, *Bacillus pumilus* B1 + *Bacillus amyloliquefaciens* B2 штамдары негіздегі бактериялық консорциум ДДТ-ға қарсы жоғары деструктивті белсенділікке ие. Ең тиімді биодеструктор штамдарына негізделген бактериялық консорциумды пайдалану тиімді, зерттеу нәтижелеріне сәйкес 5-ші тәулікте топырақта ДДТ ыдырау дәрежесі 86% құрады. Сонымен бірге топырақтағы биодеструктор клеткаларының концентрациясы артып, олардың тіршілікке қабілеттілігі сақталды. Бұл деструктор штамдарын хлороорганикалық пестицидтермен ластанған аймақтарды тазалауға арналған биологиялық препараттарды жасау үшін ұсынуға болады. Хлоорорганикалық пестицидтермен ластанған топырақ үлгілерінің аборигенді микрофлорасы негізіндегі биопрепараттарды пайдалану ластанған жерлерді қайта қалпына келтіруде перспективті жол болып табылады.


Сканерлік электрондық микроскоп көмегімен деструктор – микроорганизмдердің х 5000, 10 000 есе үлкейтілген кесінділерін алуға болады. Ластанған топырақ үлгілерінің беттік құрылымын толық талдау үшін сканерлеуші электронды микроскопия әдісі қолданылды, үлгілерінің микросуреттері 52 – суретте көрсетілген. Талдау үлгілері төртке бөлінді: 1. Бақылау (пестицид және деструктор-штаммен ластанбаған топырақ); 2. 10 мг/кг пестицидпен ластанған топырақ және деструктор-штамм; 3. 100 мг/кг пестицидпен ластанған топырақ және деструктор-штамм; 4. Деструктор-штамм (пестицид қосылмаған) негізіндегі топырақ.

Топырақ құрылымы орташа тығыздықпен сипатталады, топырақтың жарықтармен бөлінген гетерогенді бөліктері көрсетілген. Топырақ құрылымының күрделілігі оның гетерогенділігімен байланысты, себебі құрамында айқын органикалық және минералды компоненттер болады.


Топырақтың органикалық бөлігі конденсацияланған алифатты және ароматты құрылымдардың қатар болуымен сипатталады, олардың әрқайсысы айқын кристалды түзілімдер құрайды.




а)



б)



в)



с)


Сурет 51 – Топырақ үлгілерінің сканерлеуші электронды микроскопия әдісі арқылы алынған суреттері (3000×) (а – бақылау, б – 10 мг/кг пестицид + топырақ + деструктор штамм, в – 100 мг/кг пестицид + топырақ + деструктор штамм, с – топырақ + деструктор штамм)


51 – суретте көрсетілгендей топырақ үлгілерінің беті изометриялық формалардың жергілікті жинақталуымен гетерогенді құрылыммен сипатталады, топырақ құрамында хлорорганикалық ластағыштардың қосылыстары және деструктор – штамдардың клеткалары бар екендігін көрсетеді. Бетінде сонымен қатар мөлшері 0,1-2 мкм болатын глобулярлы микроқұрылымдар да бар. Деструктор – микроорганизмдер тіршілігі барысында тұрақты органикалық қосылыстарды энергия және көміртегі көзі ретінде пайдалануда, клеткаларының морфологиялық құрылымына байланысты өзгермейтіндігі яғни, тұрақты екендігі байқалады.

### 3.5.3 Деструктор-штамдардың функциональдық топтарын анықтау


ИҚ спектроскопиясындағы эксперименттік нәтиже инфрақызыл спектр болып табылады-оның жиілігінен өткізілген инфрақызыл қарқындылық функциясы. Әдетте, инфрақызыл спектрде бірқатар сіңіру жолақтары бар, олардың орналасуы мен салыстырмалы қарқындылығы зерттелетін үлгінің құрылымы туралы қорытынды жасайды. Бұл тәсіл көптеген жинақталған эксперименттік ақпараттың арқасында мүмкін болды: сіңіру жиіліктерін үлгіде белгілі бір молекулалық фрагменттердің болуымен байланыстыратын арнайы кестелер бар. Белгісіз талданатын заттың спектрін бұрыннан белгілі заттармен автоматты түрде салыстыруға және сол затты анықтауға мүмкіндік беретін қосылыстардың кейбір кластарының ИҚ спектрлерінің негіздері де құрылды. Үлгіні сәулелендіру тербелмелі және электронды еркіндік дәрежелерін қоздыратын монохроматикалық емес инфрақызыл сәулелену арқылы жүзеге асырылады. Нәтижесінде түскен сәуле тербелмелі және электронды деңгейлердің энергия айырмашылығына сәйкес жиіліктерде жұтылады. Бұл сипаттамалық жиіліктер бағаланатын ерекшеліктер спектрінде пайда болуына әкеледі.

FTIR ИҚ-Фурье спектрометрі әдісі деструктор-штамдардың функциональдық топтарын анықтауға мүмкіндік береді. Деструктор-штамдардың ферментативті белсенділігі бірінші және екінші реттік метаболиттердің түзілуімен тікелей байланысты. Зерттеу жұмысында деструктор – микроорганизмдердің функционалды топтары 52 – суретте көрсетілген.







**б – *Bacillus aryabhatai* K3**




**в – *Solibacillus isronensis* KS1**




**г – *Pseudomonas* sp. KS2**




**д – *Bacillus pumilus* B1**




**е – *Bacillus amyloliquefaciens* B2**




**ж – *Bacillus subtilis* AK5**



**з – *Pseudomonas koreensis* AK1**



**и – *Bacillus megaterium* AS1**



**к – *Bacillus paramycooides* SA1**

Сурет 52 – Деструктор штамдардың ИҚ-спектрлері: а – *Pseudomonas plecoglossicida* K2, б – *Bacillus aryabhatai* K3, в – *Solibacillus isronensis* KS1, г –

*Pseudomonas sp. KS2*, д – *Bacillus pumilus B1*, е – *Bacillus amyloliquefaciens B2*, ж – *Bacillus subtilis AK5*, з – *Pseudomonas koreensis AK1*, и – *Bacillus megaterium ASI*, к – *Bacillus paramycoides SAI*

52 – суретте көрсетілгендей перспективті деструктор штамдардың ИҚ-спектрлерінде әр түрлі шығу тегі тұрақты органикалық қосылыстарды ыдыратуға тән сіңіру жолақтары бар. Ол  $3400\text{ см}^{-1}$  кезінде интенсивті жолақпен сипатталады, бұл гидроксил топтарының едәуір мөлшерінің болуын көрсетеді (-ОН). *Pseudomonas plecoglossicida K2*, *Bacillus aryabhatai K3*, *Pseudomonas sp. KS2*, *Bacillus pumilus B1*, *Bacillus subtilis AK5*, *Pseudomonas koreensis AK1*, *Bacillus megaterium ASI*, *Bacillus paramycoides SAI* үлгілерінің спектрлерінде  $3200\text{ см}^{-1}$  ауданында алкил топтарының (-CH<sub>3</sub> және -CH<sub>2</sub>) валентті тербелістерінен туындаған қарқындылық бар.

$1554\text{ см}^{-1}$  ауданындағы жолақ C = C ароматты қосылысты байланысының бар екендігін көрсетеді.  $1400\text{ см}^{-1}$  шамасындағы жұтылу жолағын CH<sub>2</sub> топтарындағы C-H байланысының деформациялық тербелістеріне жатқызуға болады.  $1000\text{-}500\text{ см}^{-1}$  ауданында сіңіру шыңдары минералды компоненттерге байланысты пайда болуы мүмкін. Карбоксил топтары ( $1247\text{ см}^{-1}$ ), сондай-ақ гидроксил топтары ( $1038\text{ см}^{-1}$ ) сияқты оттегі құрамды функционалды топтарға әлсіз қарқындылықтың бірнеше жолақтарын жатқызуға болады.


Зерттеу үлгілерінің ИҚ спектрлері функционалды топтарының алуантүрлілігін көрсететін сіңіру жолақтарының әр түрлі сипаттамалық жиынтығын анықтады. Үлгілердің -ОН негізгі аймақтары ( $3500\text{-}1220\text{ см}^{-1}$ ) -NH<sub>3</sub><sup>+</sup>, -NH<sub>2</sub><sup>+</sup>, -CO-NH<sub>2</sub><sup>+</sup>, -CO-NH- қосындылары бар созылмалы тербелістерге; алифатикалық жолақтар (C-H)  $2980\text{-}2845\text{ см}^{-1}$ ; эфирлердің шамалы үлесі бар  $1850\text{-}1650\text{ см}^{-1}$  аймағында COOH, -CHO, -CO карбонил жолақтары;  $1635\text{-}1600\text{ см}^{-1}$  ароматты қосылысты жолақтардың (C=C, COO-) созылу тербелістері,  $873\text{-}728\text{ см}^{-1}$  кездесетін алмастырылмайтын сақиналар,  $430\text{-}550\text{ см}^{-1}$  органикалық галогенидтер мен минералдар жатады.

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес тұрақты органикалық қосылыстарды ыдыратуға қабілетті штамдар ароматты (C=C, COO-) және алкил топтарының (-CH<sub>3</sub> және -CH<sub>2</sub>) қосылыстарын ыдыратуға қабілетті екені анықталды.

### **3.6 Тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақты штамм - деструкторлар консорциумы негізінде биоремедиациялау технологиясын жасау**

Тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақтарды биоремедиациялауда биотехнологиялық процестердің, соның ішінде биотрансформация, биодеградация, биостимуляция процестері маңызды болып табылады. Аталған процестерді жүзеге асыруда деструктор – микроорганизмдердің қолдану тиімді болып табылады. Әсіресе моно дақылға қарағанда консорциум негізінде құрастырылған штамдарды қолдану тиімді. Соңғы жылдары ғылыми зерттеу орталықтарында, микроорганизмдерді интродукциялау арқылы ластанған экожүйелерді қайта қалпына келтіру

жұмыстары жүргізілуде [268]. Қорытындылай келгенде, тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақтарды биоремедиациялауда деструктор микроорганизмдерді қолдану технологиясының сызба нұсқасы алынды (сурет 53).



Сурет 53 - Тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақтарды биоремедиациялауда деструктор микроорганизмдерді қолдану технологиясының сызба нұсқасы

## ҚОРЫТЫНДЫ

1. Тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақ үлгілеріне химиялық талдау жүргізіліп, 4,4-ДДЭ, 4,4-ДДТ,  $\alpha$ -ГХЦГ,  $\beta$ -ГХЦГ және  $\gamma$ -ГХЦГ хлорорганикалық пестицидтердің мөлшері жоғары болатындығы анықталды. Топырақ үлгілеріндегі хлорорганикалық пестицидтердің концентрациясы Қызылқайрат - 121,054, Бесқайнар - 47,334, Амангелді №1 - 5382, Амангелді №2 - 1032, Белбұлақ - 1025, Басшы – 146 мкг/кг<sup>-1</sup> сәйкесінше болды.

2. Топырақ үлгілерінің микробтық алуантүрлілігінде *Proteobacteria*, *Actinobacteria*, *Bacteroidetes*, *Acidobacteria*, *Planctomycetes*, *Chloroflexi*, *Gemmatimonadates*, *Saccharibacteria*, *Firmicutes*, *Verrucomicrobia* бактерия типтері басым екендігі және *Bacillus*, *Pseudomonas* туысының өкілдері 68-80% кездесетіндігі анықталды.

3. Тұрақты органикалық қосылыстармен ластанған топырақ үлгілерінің аборигенді микроорганизмдерінен 40 таза дақыл бөлініп алынды. Бөлініп алынған штамдардың морфологиялық - культуральдық, физиологиялық - биохимиялық қасиеттеріне зерттелініп, перспективті деструктор - штамдар *Pseudomonas plecoglossicida* K2 (OK217230), *Bacillus aryabhatai* K3 (MW866565), *Solibacillus isronensis* KS1 (OK236011), *Pseudomonas* sp. KS2 (OL348382), *Bacillus pumilus* B1 (OL348383), *Bacillus amyloliquefaciens* B2 (OL348394), *Bacillus subtilis* AK5 (MW866566), *Pseudomonas koreensis* AK1 (OL348403), *Bacillus megaterium* AS1 (OL348404), *Bacillus paramycooides* SA1 (OL348439) түрге дейін идентификацияланды және NCBI дерекқорына тіркелді.

4. Микроорганизмдердің деструктивті қасиеттерін зерттеу барысында көміртегінің жалғыз көзі ретінде ДДТ қосылған қоректік ортада микроорганизмдерді өсу динамикасы зерттелініп, *Pseudomonas plecoglossicida* K2  $1,2 \times 10^8$  КТБ/мл, *Bacillus aryabhatai* K3  $1,1 \times 10^8$  КТБ/мл, *Bacillus pumilus* B1  $7,7 \times 10^7$  КТБ/мл, *Bacillus amyloliquefaciens* B2  $8,9 \times 10^7$  КТБ/мл құрады.

5. Перспективті штамдардың деструктивті белсенділігінің механизмдері олардың ферментативтік қасиетіне негізделеді және деструктор – штамдардың хлорорганикалық пестицидтерді ыдыратуға қабілетті протеаза, лакказа, каталаза, целлюлаза, дегидрогеназа ферменттерін түзетіндігі анықталды.

6. Тұрақты органикалық қосылыстарды ыдыратуда эффективтілігін жоғарылату мақсатында перспективті штамдардың биосәйкестігі негізінде консорциумдар құрастырылды. *Pseudomonas plecoglossicida* K2 + *Bacillus aryabhatai* K3 консорциумы хлорорганикалық пестицидтерді 68% және *Bacillus pumilus* B1 + *Bacillus amyloliquefaciens* B2 78% ыдыратындығы анықталды.

7. Деструктор-штамдар негізіндегі консорциумдардың хлорорганикалық пестицидтер қатысындағы деструктивтік белсенділігін модельді тәжірбиелерде зерттелініп, *Pseudomonas plecoglossicida* K2 + *Bacillus aryabhatai* K3, *Bacillus pumilus* B1 + *Bacillus amyloliquefaciens* B2 консорциум штамдары 86% ыдырататындығы анықталды. Зерттеу нәтижелерінде перспективті штамдар тұрақты органикалық қосылыстарды алициклді қосылыстар циклоалкандарға (-

CH<sub>2</sub>), ароматты гетероциклді қосылыстарға (C=C, COO-) және алифатты қосылыстардың ішінде алкан тобының бөлігі алкил топтарына дейін (-CH<sub>3</sub> және -CH<sub>2</sub>) ыдыратуға қабілетті екені анықталды.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. IPEN. Review on the implementation of the obligations of the Republic of Kazakhstan under the Stockholm Convention on POPs. Kazakhstan: Analytical Environmental Agency “Greenwomen,” - 2018. - P. 122.
2. Baubekova A., Akindykova A., Mamirova A., Dumat C., Jurjanz S. Evaluation of environmental contamination by toxic trace elements in Kazakhstan based on reviews of available scientific data // Environ. Sci. Pollut. Res. - 2021. - Vol. 28, № 32. - P. 43315–43328.
3. Mit N., Cherednichenko O., Mussayeva A., Khamdiyeva O., Amirgalieva A., Begmanova M., Tolebaeva A., Koishekenova G., Zaypanova S., Pilyugina A., Amandykova M., Tlenshieva A., Nurzhanova A., Mamirova A., Bekmanov B., Djansugurova L. Ecological risk assessment and long-term environmental pollution caused by obsolete undisposed organochlorine pesticides // J. Environ. Sci. Health Part B. Taylor & Francis, - 2021. - Vol. 56, № 5. - P. 490–502.
4. Nurzhanova A., Kulakow P., Rubin E., Rakhimbayev I., Sedlovskiy A., Zhambakin K., Kalugin S., Kolyshcheva E., Erickson L. Obsolete Pesticides Pollution and Phytoremediation of Contaminated Soil in Kazakhstan // Application of Phytotechnologies for Cleanup of Industrial, Agricultural, and Wastewater Contamination / ed. Kulakow P.A., Pidlisnyuk V.V. Dordrecht: Springer Netherlands, - 2010. - P. 87–111.
5. Darnerud, P. O. Toxic effects of brominated flame retardants in man and in wildlife. Environment International, 29: 841–853(2003).
6. Legler, J., Brouwer, A. Are brominated flame retardants endocrine disruptors? Environment International, 29: 879–885 (2003).
7. Santillo, D., Johnston, P. Playing with fire: the global threat presented by brominated flame retardants justifies urgent substitution. Environment International, 29: 725–734(2003).
8. Stockholm Convention. [(accessed on 8 April 2021)]; Available online: <https://www.unido.org/our-focus-safeguarding-environment-implementation-multilateral-environmental-agreements/stockholm-convention>
9. Stockholm Convention [Electronic resource] // Persistent Organic Pollutants. - 2021. URL: <http://www.pops.int/Implementation/PesticidePOPs/tabid/5359/Default.aspx> (accessed: 01.04.2021).
10. Nurzhanova A., Mamirova A., Trögl J., Nebeská D., Pidlisnyuk V.V. Plant–Microbe Associations in Phytoremediation // Phytotechnology with Biomass Production: Sustainable Management of Contaminated Sites / ed. Erickson L.E., Pidlisnyuk V.V. CRC press Taylor & Francis Group, - 2021. - P. 123–140.
11. Nurzhanova A., Djansugurova L., Zhapbasov R., Vsevolodov E., Zhubanova A. Inventory of obsolete pesticides in Almaty region (on the example of Talgar region). Almaty, Kazakhstan: Institute of General Genetics and Cytology; Institute of Plant Biology and Biotechnology, - 2020. - P. 116.

12. Yadav I.C., Devi N.L. Pesticides Classification and Its Impact on Human and Environment. *Environ. Sci. Eng.* 2017; 6:140–157. doi: 10.20546/ijemas.2019.803.224.
13. Jayaraj R., Megha P., Sreedev P. Organochlorine pesticides, their toxic effects on living organisms and their fate in the environment. *Interdiscip. Toxicol.* 2016;9:90–100. doi: 10.1515/intox-2016-0012.
14. Dhouib I., Jallouli M., Annabi A., Marzouki S., Gharbi N., Elfazaa S., Lasram M.M. From immunotoxicity to carcinogenicity: The effects of carbamate pesticides on the immune system. *Environ. Sci. Pollut. Res.* 2016;23:9448–9458. doi: 10.1007/s11356-016-6418-6.
15. Roberts J.R., Reigart J.R. *Recognition and Management of Pesticide Poisonings*. 6th ed. U.S. Environmental Protection Agency; Washington, DC, USA: 2013. Organophosphate Insecticides; pp. 199–204.
17. Rathnayake L.K., Northrup S.H. Structure and mode of action of organophosphate pesticides: A computational study. *Comput. Theor. Chem.* 2016; 1088:9–23. doi: 10.1016/j.comptc.2016.04.024.
18. Tanabe, S. Contamination by persistent toxic substances in the Asia-Pacific Region. In *Persistent Organic Pollutants in Asia. Sources, Distributions Transport and Fate* (eds A. Li S. Tanabe G. Jiang J. P. Giesy P. K. S. Lam). Elsevier Ltd, 2007, pp. 773–817.
19. Ali U., Syed J.H., Malik R.N., Katsoyiannis A., Li J., Zhang G., Jones K.C. Organochlorine pesticides (OCPs) in South Asian region: A review. *Sci. Total Environ.* 2014;476–477:705–717. doi: 10.1016/j.scitotenv.2013.12.107.
20. Tanabe, S., Ramu, K., Isobe, T., Takahashi, S. Brominated flame retardants in the environment of Asia-Pacific: an overview of spatial and temporal trends. *Journal of Environmental Monitoring*, 10: 188–197 (2008).
21. Wong, M. H., Wu, S. C., Deng, W. J., Yu, X. Z., Luo, Q., Leung, A. O. W., et al. Export of toxic chemicals – a review of the case of uncontrolled electronic-waste recycling. *Environmental Pollution*, 149: 131–140 (2007).
22. Liu, X., Tanaka, M., Matsui, Y. Electrical and electronic waste management in China: progress and the barriers to overcome. *Waste Management Research*, 24: 92–101 (2006).
23. UNEP DG-E. E-waste, the hidden side of ITEquipment’s manufacture and use. Chapter 5 – Early warning on emerging environmental threats, 2005 (cited). Available from: <http://www.grid.unep.ch>.
24. Walker, K., Vallero, D. A., Lewis, R. G. Factors influencing the distribution of lindane and other hexachlorocyclohexanes in the environment. *Environmental Science and Technology*, 33: 4373–4378 (1999).
25. Li, Y. F., Cai, D. J., Singh, A. Technical hexachlorohexane use trends in China and their impact on the environment. *Archives of Environmental Contamination and Toxicology*, 35: 688–697 (1998).
26. Brigden, K., Labunska, I., Santillo, D., Johnston, P. Chemical contamination at e-waste recycling and disposal sites in Accra and Korforidua, Ghana. Greenpeace, 2008.

27. Barra, R., Colombo, J. C., Eguren, G., Gamboa, N., Jardim, W. F., Mendoza, G. Persistent organic pollutants (POPs) in Eastern and Western South American countries. *Reviews of Environmental Contamination and Toxicology*, 185: 1–33 (2006).
28. Barakat, A. O. Assessment of persistent toxic substances in the environment of Egypt. *Environment International*, 30: 309–322 (2004).
29. Prudente, M., Malarvanna, G., Tanabe, S. Persistent toxic substances in the Phiippine environment. In *Persistent Organic Pollutants in Asia. Sources Distribution, Transport and Fate* (eds A. Li S. Tanabe G. Jiang P. K. S. Lam). Elsevier Ltd, 2007, pp. 559–585.
30. Li, Y.-F. Global technical hexachlorocyclohexane usage and its contamination consequences in the environment: from 1948 to1997. *Science of the Total Environment*, 232: 121–158 (1999).
31. Voldner, E. C., Li, Y.-F. Global usage of selected persistent organochlorines. *Science of the Total Environment*, 160/161: 201–210 (1995).
32. Karnatz, A. Obsolete pesticide disposal project. Department of Agriculture, Food and Markets, Montpelier, Vermont, 1991.
33. Schimpf, W.A. Obsolete pesticide stocks in developing countries. In *Chemistry of Crop Protection. Progress and Prospects in Science and Regulation* (eds G. Voss G. Ramos). Wiley-VCH, Weinheim, 2003, pp. 40–53.
34. UNEP. Regionally based assessment of persistent toxic substances. UNEP Chemicals, 2003.
35. Jain, V. Disposing of pesticides in the third world. *Environmental Science and Technology*, 26 (2): 226–229 (1992).
36. de-Voogt, P., Brinkman, U. A. T. (eds). *Production, Properties and Usage of Polychlorinated Biphenyls*. Elsevier–North Holland, Amsterdam, 1989.
37. Vallack, H. W., Bakker, D. J., Brandt, I., Brostrom-Lunden, E., Brouwer, A., Bull, K. R., et al. Controlling persistent organic pollutants – what next? *Environmental Toxicology and Pharmacology*, 6: 143–175 (1998).
38. Breivik, K., Sweetman, A., Pacyna, J. M., Jones, K. C. Towards a global historical emission inventory for selected PCB congeners – a mass balance approach. 3. An update. *Science of the Total Environment*, 377(2–3): 296–307 (2007).
39. Breivik, K., Sweetman, A., Pacyna, J. M., Jones, K. C. Towards a global historical emission inventory for selected PCB congeners – a mass balance approach 1. Global production and consumption. *Science of the Total Environment*, 290: 181–198 (2002). 162 Persistent Organic Pollutants
40. Meijer, S. N., Ockenden, W., Breivik, K., Grimalt, J. O., Jones, K. C. Global distribution and budget of PCBs and HCB in background surface soils: implications for sources and environmental processes. *Environmental Science and Technology*, 37(4): 667–672 (2003).
41. Eduljee, G. H. PCBs in the environment. *Chemistry in Britain*, 24: 241–244 (1988).
42. Jones, K. C., de Voogt, P. Persistent organic pollutants (POPs): state of the science. *Environmental Pollution*, 100: 209–221 (1999).

43. UNECE. Protocol on persistent organic pollutants under the 1979 convention on long-range transport air pollution. Report ECE/EB.Air/60, Geneva, Switzerland, 1998.
44. UNECE. Preparation of an internationally binding instrument for implementing international action on certain persistent organic pollutants. Report UNEP/POPs/Inc.1/6, Geneva, Switzerland, 1998.
45. Kishida, M., Imamura, K., Maeda, Y., Lan, T. T. N., Thao, N. T. P., Viet, P. H. Distribution of persistent organic pollutants and polycyclic aromatic hydrocarbons in sediment samples from Vietnam. *Journal of Health Science*, 53(3): 291–301 (2007).
46. Anyinam, C. A. Transboundary movements of hazardous wastes: the case of toxic waste dumping in Africa. *International Journal of Health Service*, 21(4): 759–777 (1991).
47. Pellow, D. N. The politics of illegal dumping: an environmental justice framework. *Qualitative Sociology*, 27(4): 511–525 (2004).
48. Vir, A. K. Toxic trade with Africa. *Environmental Science and Technology*, 23: 23–25 (1989).
49. Wania, F., Mackay, D. Tracking the distribution of persistent organic pollutants: control strategies for these contaminants will require a better understanding of how they move around the globe. *Environmental Science and Technology*, 30(9): 390A–396A (1996).
50. Baker, J. I., Hites, R. A. Is combustion the major source of polychlorinated dibenzo-p-dioxins and dibenzofurans to the environment? A mass balance investigation. *Environmental Science and Technology*, 34: 2879–2886 (2000).
51. Deutsch, D. G., Goldfarb, T. D. PCDD/PCDF contamination following a plastic fire in a university lecture hall building. *Chemosphere*, 17: 2423–2431 (1988).
52. Gullett, B. K., Lemieux, P. M., Lutes, C. C., Winterrowd, C. K., Winters, D. L. Emissions of PCDD/F from uncontrolled domestic waste burning. *Chemosphere*, 43: 721–725 (2001).
53. Edulijee, G. H., Dyke, P. An updated inventory of PCDD and PCDF emissions sources in the UK. *Science of the Total Environment*, 177: 303–321 (1996).
54. Brzuzy, L. P., Hites, R. A. Estimating the atmospheric deposition of polychlorinated dibenzo-p-dioxins from soils. *Environmental Science and Technology*, 29(8): 2092–2098 (1995).
55. Welsch-Pausch, K., McLachlan, M. S. Fate of airborne polychlorinated dibenzo-p-dioxins and dibenzofurans in agricultural ecosystems. *Environmental Pollution*, 102(1): 129–137 (1998).
56. Rappe, C. Sources and environmental concentrations of dioxins and related compounds. *Pure and Applied Chemistry*, 68(9): 1781–1789 (1996).
57. Kocan, A., Bencko, V., Sixl, W. Polychlorinated dibenzo-p-dioxins (PCDDs) and dibenzofurans (PCDFs) in the hair of people living on municipal refuse dumping sites in Cairo (Egypt). *Toxicology and Environmental Chemistry*, 36: 33–37 (1992).
58. Crutzen, P. J., Andrea, M. O. Biomass burning in the tropics – impacts on atmospheric chemistry and biogeochemical cycles. *Science*, 250: 1669–1678 (1990).

59. Kasischke, E. S., Penner, J. E. Improving global estimates of atmospheric emissions from biomass burning. *Journal of Geophysical Research Atmospheres*, 109: D14 (2004).
60. Zheng, M.-H., Bao, Z.-C., Wang, K.-O., Yang, H., Xu, X.-B. Polychlorinated dibenzo-p-dioxins and dibenzofurans in lake sediments from Chinese schistosomiasis areas. *Bulletin of Environmental Contamination and Toxicology*, 59: 653–656 (1997).
61. Bao, Z.-C., Wang, K. O., Kang, J. X., Zhao, L. W. Analysis of polychlorinated dibenzo-p-dioxins and dibenzofurans in pentachlorophenol and sodium pentachlorophenate. *Environmental Chemistry (China)*, 14: 317–321 (1995).
62. Zheng, M.-H., Chu, S.-G., Sheng, G.-Y., Min, Y.-S., Bao, Z.-C., Xu, X. B. Polychlorinated dibenzo-p-dioxins and dibenzofurans in surface sediments from Pearl River Delta in China. *Bulletin of Environmental Contamination and Toxicology*, 66: 504–507 (2001). *Persistent Organic Pollutants in the Developing World* 163
63. Wu, W. Z., Schramm, K.-W., Henkelmann, B., Xu, Y., Yediler, A., Kettrup, A., PCDD/Fs, PCBs HCHs, and HCB in sediment and soil of Ya-Er Lake area in China: results on residue levels and correlation to organic carbon and particle size. *Chemosphere*, 34: 191–202 (1997).
64. Wu, W. Z., Schramm, K.-W., Xu, Y., Kettrup, A. Mobility and profiles of polychlorinated dibenzo-p-dioxins and dibenzofurans in sediment of Ya-Er Lake. China. *Water Research*, 35: 3025–3033 (2001).
65. Wu, W. Z., Schramm, K.-W., Kettrup, A. Bioaccumulation of polychlorinated dibenzo-p-dioxins and dibenzofurans in sediments of Ya-Er Lake. China. *Water Research*, 35: 1141–1148 (2001).
66. Dwernychuk, L. W. Dioxin hot spots in Vietnam. *Chemosphere*, 60: 998–999 (2005).
67. Schechter, A., Cao, D. L., Papke, O., Prange, J., Constable, J. D., Matsuda, M., et al. Recent dioxin contamination from agent orange in residents of a southern Vietnam city. *Journal of Occupational Environmental Medicine*, 43: 435 (2001).
68. Connel, D. W., Miller, G. J., Mortimer, M. R., Shaw, G. R., Anderson, S. M. Persistent lipophilic contaminants, and other chemical residues in the southern hemisphere. *Environmental Science and Technology*, 29: 47–82 (1999).
69. Bailey, R. E. Global hexachlorobenzene emissions. *Chemosphere*, 43: 167–182 (2001).
70. Beyer, A., Mackay, D., Matthies, M., Wania, F., Webster, E. Assessing long-range transport potential of persistent organic pollutants. *Environmental Science and Technology*, 34: 699–703 (2000).
71. Moody, C. A., Field, J. A. Perfluorinated surfactants and the environmental implications of their use in fire-fighting foams. *Environmental Science and Technology*, 34(18): 3864–3870 (2000).
72. Kissa, E., *Fluorinated Surfactants and Repellants*, 2nd edition. Marcel Dekker, New York, 2001.
73. MHRK and MEPRK. Standards for maximum permissible concentrations of harmful substances, pests and other biological substances polluting the soil, approved by a joint order of the Ministry of Health of the Republic of Kazakhstan dated January

30, 2004, No. 99 and the Ministry of Environmental Protection of the Republic of Kazakhstan dated January 27, 2004 No. 21-P. - 2004.

74. Kannan, K., Newsted, J., Halbrook, R. S., Giesy, J. P. Perfluorooctanesulfonates and related fluorinated hydrocarbons in mink and river otters from the United States. *Environmental Science Technology*, 36: 2566–2571 (2002).

76. Guruge, K. S., Taniyasu, S., Yamashita, N., Manage, P. M. Occurrence of perfluorinated acids and fluorotelomers in waters from Sri Lanka. *Marine Pollution Bulletin*, 54: 1663–1672 (2007).

77. Kannan, K., Koistinen, J., Beckmen, K., Evans, T., Jones, P. D., Eero, H., et al. Accumulation of perfluorooctane sulfonate in marine mammals. *Environmental Science and Technology*, 35: 1593–1598 (2001).

78. Kannan, K., Franson, J. C., Bowerman, W. W., Hansen, K. J., Jones, P. D., Giesy, J. P. Perfluorooctane sulfonate in fish eating water birds including bald eagles and albatrosses. *Environmental Science Technology*, 35: 3065–3070 (2001).

79. Falandysz, J. Polychlorinated naphthalenes: an environmental update. *Environmental Pollution*, 101: 77–90 (1998).

80. Harner, T., Bidleman, T., Lee, R. G. M., Jones, K. C. Polychlorinated naphthalenes in the atmosphere. In *Persistent Bioaccumulative and Toxic Chemicals II. Assessment and New Chemicals* (eds R.L. Lipnik, B. Jansson, D. Mackay, M. Petreas). American Chemical Society, Washington, 2000.

81. Crookes, M. J., Howe, P. D. Environmental hazard assessment: halogenated naphthalenes. Report TSD/13, Department of the Environment, London, 1993.

